

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ атындағы КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ
«ТАРИХ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ» КАФЕДРАСЫ

БЕКЕНЖАНОВА АЙНАШ АЛТЫНМҰРАТҚЫЗЫ

ИРАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ

(оқу құралы)
5В011400-«Тарих»

Ақтау, 2011ж

ӘОЖ 394/395(07)
КБЖ 6333.5я7
Б 39

Пікір жазғандар: тарих ғылымдарының докторы Кенжебаев Ғ.Қ.
тарих ғылымдарының докторы Озғанбаев Ө.О.
тарих ғылымдарының кандидаты Бекешов С.С.

Бекенжанова
Б 39 Иран қазақтарының мәдениеті: оқу құралы /А.Бекенжанова – Ақтау:
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011. – 80 б.

ISBN 978-601-7276-76-8

Оқу құралында ХХ ғғ. 1929-33 жж. Қазақстандағы саяси және әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты Маңғыстау қазақтарының Иранға қоныстануы, алғашқы кездегі бейімделу үрдісінің қиыншылықтары, шаруашылығы, заттай және рухани мәдениеті, отбасылық әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің ерекшеліктері және алыс мемлекетте қазақтармен көршілес тұрған парсы, түрікмен халықтарының заттай және рухани мәдениетке келтірген әсері жан-жақты қарастырылған.

Оқу құралы «Тарих» мамандығы студенттері және көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 394/395(07)
КБЖ 6333.5я7

ISBN 978-601-7276-76-8

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған кезден бастап қазақ халқының тарихында жаңа кезең басталды. Еліміздің тарихында ұзақ жылдар бойы айтылмай келген, зерттелмей келген мәселелерді жан жақты ашық айтуға, бұрын жабық болып келген тақырыптарды еркін талқылауға, өткен оқиғаларға жаңаша баға беруге мүмкіндіктер пайда болды. Қазақ халқының тарихында осы уақытқа дейін жабық мәселелердің бірі болып келген алыс шетелдегі қазақтардың тарихы, саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы, ұлттық психологиясы мен дүниетанымы, тұрмыс салтының сақталуы мен өзгеруі, өзге этникалық ортаға байланысты мәдениетіне енген өзгешеліктері, тілі мен діні, ата мекеніне қайта оралуы, бейімделуі қазіргі кездегі зерттейтін тақырыптардың бірі болып отыр.

Қазақстанның бүкіл әлемдік қоғамдастыққа тәуелсіз мемлекет ретінде танылуы қазақ халқының тарихи мәдени мұрасы жайлы терең зерттеу қажеттігін туғызып отыр. Диаспораларының пайда болуы, құрылуы тікелей күштеп, қудалау саясатын құрал етіп, халықтарды өз Отанынан көшіру, тіпті геноцид қаупінен болған халықтардың этникалық бөлшектенуі түрлі тарихи әлеуметтік факторлардан тұрады.

Жалпы, бүкіл дүние жүзінің әр тарабында жүрген қазақ жұртын өз Отанына топтастыру міндет емес, алайда біртұтас этнос етіп ұйыту, әлемге ұлттық қасиетін, дәстүрін, салтын таныту, біржола келем деушілерге жағдай жасау Қазақстан мемлекетінің қамқорлығы болуға тиіс. Бұл тұста Қазақстан мемлекеті алғаш рет бүкіл дүниежүзі құрылтайын да өткізді, көші-қон, демографиялық хал ақуалға көп көңіл бөлінуде.

Тарихтың аласапыран жылдарында тағдыр тәлкегіне ұшырап, небір қиыншылықтырды бастарынан өткізіп, ел асып, қыр асып, соның ішінде Қазақстанның батыс аймағы Маңғыстаудан Каспий теңізі арқылы көршілес орналасқан мемлекет Иранға пана іздеп кеткен қандастарымыздың өткені мен бүгіні және болашақтағы өмірі туралы жан жақты саралап, тарихи зерттеулер жүргізу тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстанның егемендігінің, тәуелсіздігінің арқасында Иранда тұратын қазақ ағайындарымызбен аралас құралас болуға қол жетті. Көшу-қону серпіні Иран қазақтарын да шетте қалдырмай, көптеген отбасыларының Қазақстанға қоныс аударуына себеп болды.

Әрине осындай басқа мәдени ортада, саяси мемлекеттік басқару жүйесінде өмір сүріп жатқан қазақтардың жергілікті яғни Қазақстандағы қазақтарға қарағанда этникалық даму тарихын, кезеңдерін басқаша өткеріп, өзге ортада өмір кешуде. Олардың арасында тұрмыстық, психологиялық, т.б. айырмашылықтар баршылық.

Дегенмен қанша қиыншылықтарды бастарынан өткерседе ата бабаларының жерін өзге елдің құрамында болсада қадірлеп, қастерлеп мекен етуде. Олардың негізгі арман мақсаттары қазақтың ежелгі мәдени рухани бай мұрасын келер ұрпаққа шашпай төкпей қастерлеп жеткізу.

Дүниеде қазақ деген ұлт – біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы барша қазаққа тән, оны ғажайып мол рухани қазынасы да бөліп жаруға жатпайтын ортақ байлық. Сондықтан сырттағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері, Қазақстандағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері деген қолдан жасалатын шек шекара болмауға тиіс.

Тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай төкпей жинап алуымыз, оны ата жұртқа және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа.

Олай болса, алыс жақын шетелдердегі қазақ бауырларымыздың қалыптасу, даму тарихын, ұлттық рухани, заттық мәдениетін зерттеу дүниежүзі тарихы аясындағы тақырып болып есептеледі. Халқымыздың игі дәстүрлерін сақтап қалған шетелдегі қазақтар ұлтымыздың тамаша қасиеттерін тірілтуге, дәстүрімізді қайта жаңғыртуға ат салысары сөзсіз.

Тарихи этнологиялық ізденістердің шет мемлекеттерде тұратын қазақтар арасындағы зерттеулер аясында жүрілуі салыстырмалы материалдардың базасын толықтыра отырып, әдістемелік, ғылыми теориялық жағынан ғылым үшін аса үлкен маңызға ие.

Алыс шет мемлекеттерде тұратын, соның ішінде Иран және Ауғанстан қазақтары туралы арнайы тарихи-этнографиялық зерттеу жоқтың қасы. Иран Ислам Республикасында орналасқан қазақтардың тұрмысында, салт-дәстүрлерінде, әдет-ғұрыптарында, дәстүрлі шаруашылығында, мінез-құлқында өздерімен көршілес тұратын парсылар мен түрікмендердің әсері болғаны белгілі. Сондықтан біз өзіміздің жұмысымызда қазақ диаспорасы қаншалықты дәрежеде өз мәдениетін сақтады және көрші халықтардың қандай деңгейде әсері болғанын зерттеуіміз қажет.

I. МАҢҒЫСТАУ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ИРАНҒА ҚОНЫСТАНУЫ

1920 ж. 26 тамыздағы Халық Комиссарлар Кеңесінің белгілі декреті бойынша Қазақ автономиялы Республикасы құрамына Адай уезі қосылды. Алғашында ол губерния дәрежесінде болды да, 1920 ж. қазан айынан бастап оның құрамына Маңғыстау уезі мен Каспий сырты облысы Красноводск уезінің 4 және 5 адай болыстары енгізілді. 1921 ж. болыстардың орнына 5 аудан құрылды, бірақ 1923 ж. бастап бұрынғы бөлініс жағдайына қайта көшеді.

Маңғыстау өлкесінің ауа райы континентальды, климаты өте ауыр, қысы салқын, жазы ыстық, су тапшылығы оның үстіне, өзендер мен көлдер бұрын мол болғанымен де кейіннен олардың барлығы да жойылған. Судың, ылғалдың тапшылығынан бұл өлкеде жөнді шөп шықпайтын. Бұл өлкеде өмір сүру үшін тіршіліктің қамын тек қана ерінбеген еңбеккер ғана жүзеге асыра алады, жергілікті халық сол тіршілік үшін өмір бойы күресіп келді.

Судың тапшылығы егін шаруашылығымен айналасуға мүмкіндік бермейді, халық Қаратау, Ақтау аймақтарында бұрын бұлақ суларын пайдаланып, азғантай бау-бақша өсірген болса, кәзір судың тартылуына байланысты мұндай мүмкіншілік те болмай қалған. Бұл маңның жергілікті халқы малдың жайымен көшіп-қонып өмір сүрген.

1927-1928 жж. қарашаның аяғында күн күрт суытады. Ақтүтек боран болып, қалың қар түседі. Қатты қарды тебіндей алмаған мал қырыла бастайды. Форттың көшесін малдың өлекесі басып кетті. Тұрғындар оны көмбей тастаған, - деп көрсетіледі бір құжатта, қар еріген соң қар суымен тағы көп өлексе қала көшелеріне тоғытылады. Күн ыссы қалада жұкпалы дерттердің тарау қаупі тұрды. Қалаға келіп тамақ іздеп жүргендер- тұрғындардың жүріп-тұруға жарайтын бөлігі, ал қарттардың көбі ауылдарда қалды, аштан өліп жатқандары бар.

1927 ж. жаздағы қуаңшылық пен шегірткенің жасыл шөп біткенді жоюы, 1927-28 ж. көктемінде-ақ маңғыстаулықтарды аштыққа ұшыратты, мал қырылды, адамдар аштық пен аурудан өлді, сондай-ақ шетке ауа көшті. Ауыл тұрғындары қолдарында қалған малының жайын күйттеп, әрі өздерінің тамағын асырау үшін басы ауған жақтарына кетті.

Миграциялық қозғалыстың өршуі, ата мекенді тастап ауа көшуі 1926-1927 жылдары басталды. Мысалы, Батыс Қазақстанда қоныс аударушылық 1927-1928 жылдары үдей түсті. Қыр жайлап, көшіп-қонып жүрген адай, табын тайпаларының отбасылары кеңес өкіметінің құрығынан және жұт салдарынан құтылмақ болып Қарақалпақ, Түрікмен жеріне көшіп барды. Сол кезде үдере көшкен адайлардың 2 мың отбасын Оңтүстік Қазақстанға (Мақтаралға), біраз бөлігін Ақтөбе жеріне әкеліп, күшпен қоныстырған.

1927-1928 жылдың қысында, одан кейінгі жылдарда да жұттан күйзелген Маңғыстау халқы Түрікменстан жеріне дендеп, одан әрі Иранға жұмыс іздеп, тамақ табудың амалымен босқындыққа түсті. Архив құжаттарында Красноводскіге-1000, Байрамәліге-50, Тедженге-100 шаруашылық кеткендігі айтылады.

1928-1929 жылдары Маңғыстаудан басқа республикаларға көшіп кеткендер туралы мәлімет сақталған. Мәліметтерге жүгінсек 16 ауылдағы 158 үйдің 47-і бір түнде көшсе, 7 ауылда 300 үйдің 291-і, 4 ауылдан 182 үй, 13 ауылдан 341, 12,14 ауылдардан 500-дей үй көшіп кеткен. Архивте сақталған мәліметтер Маңғыстаудың ауылдық кеңесінің 1928-1929 жылдары 1390 отбасының көшіп кеткендігін айғақтайды. Жалғыз Маңғыстау емес, ауа көшушілік бүкіл республика бойынша жаппай сипат ала бастады.

Маңғыстауда ірі байларды тәркілеу 1929 ж. басталды. Бұл бағыттағы жұмыстарды Қазақстан Өлкелік атқару комитеті мен Өлкелік партия комитетінің 1930 ж. 9 желтоқсандағы ауылдық кеңестерді қайта сайлау, байларға тойтарыс беру, кедей, жалшы топтарын құрып, малшыларды түгелдей колхоздарға ұйымдастыру және отырықшыландыру туралы міндеттерді атап көрсеткен 19 нұсқау хаты жеделдете түсті.

1930 ж. ат төбегіндегі бай-руларға кезекті шабуыл, мал дайындауды үлкен көлемде алғаш қолға алу, ет дайындауға байланысты асыра сілтеулер мен Түрікменстанға ауа көшушілердің үгіті, шын мәніндегі бас сауғалаған ешбір салық алынбауы, әлеуметтік тобына қарамастан тауарлармен қамтамасыз етілді. Бұл жағдай 1930 ж. осы аймақтағы көшпелі халықтың 50% Үстірттің оңтүстігіндегі әкімшілік шекараның арғы жағына, Қарақалпақстанға, Түрікменстанға, одан әрі Иранға ауа көшулеріне мәжбүр етті.

Қазақстанда ұжымдастыруды негізінен 1932 жылдың көктемінде аяқтау жоспарланды. Егер 1928 жылы Қазақстанда барлық шаруашылықтың 2%-ы ұжымдастырылса, онда 1930 жылы – 50,5%, ал 1931 жылдың қазанына таман шамамен 65%-дайы ұжымдастырылды.

Маңғыстауда отырықшыландыру науқанының республиканың басқа аймақтарымен салыстырғанда бірқатар ерекшеліктері болды. Бұл аймақта тұщы су көздерінің жоқтығы, территориясының үлкендігі, халықтың аздығы (1 шаршы шақырымға 0,43 адам) елді жоғарғы жақ көрсетіп берген схема бойынша қоныстандыруға мүмкіндік бермеді.

Жаппай қоныстандырудың шырқау шегі 1932 жылдың үлесіне келеді. Күшпен отырықшыға айналдырудың ақыры қазақтың ауыл-ауданымен аштан қырылуына, не жерін тастай босып кетуіне әкелді. Сондықтан қаңырап қалған мекендерді басқа жақтан көшіріп әкелінген қазақтармен қоныстандыруға бағыт ұсталады. Соның бір мысалы 1927-1929 жылдардың жұтында көршілес Түрікменстан жеріне ауып кеткен қазақтарды Мақтааралға қоныстандыру әрекеті еді.

Осындай халыққа қарсы бағытталған саясат, отырықшыландыру, бай мен кулактарды тәркілеу, күшпен өткізілген ұжымдастыру саясаты бүкіл халықтың наразылығын тудырды. Бұған қоса азаматынан, күнелтіп отырған мал-мүлкінен айырылып, аш-жалаңаштыққа ұшыраған адай жұрты, оған қоса Маңғыстаудың барлық тұрғындары да жаппай толқуда болды. Бірте-бірте олардың кеңес өкіметіне деген сенімі жоғалып, ашу-ызасы арта түсті.

Голощекин және оның төңірегіндегі барлық мәселелерді күштеу, зорлық-зомбылық, жоғарыдан нұсқау беру жолымен ғана шешіп үйренген шолақ белсенді-шағын топ Адай жерінің өзіндік ерекшеліктерін ескере де, көзге іле де қоймады.

1930-1931 жылдардағы маңғыстаулықтардың толқып, көтерілістерге шыққан халықтың 60 проценті қатысқан. Халық толқуы Маңғыстау түбегінен оңтүстікке қарай түрікмен, қарақалпақ, өзбек жеріне ұласып, шығыста Арал теңізінің батысы мен солтүстік-батысының, солтүстікте Адай мен Табын жеріне шектесіп жатқан Ойыл, Темір аудандарының халқы түгелдей дерлік аттанып, Голощекин ұйымдастырған зорлық-зомбылыққа, Кеңес өкіметінің коллективтендіру саясатын қысым жасап орнықтыруға, колхоздарды еріксіз ұйымдастыруға қарсы жасқанбай, ашық күреске бел буып шықты. Бұның өзі тек қана бай, би, орташа, дін иелері және зиялылармен шектелмеді, тіпті кедей-батырақтар да толқудан тыс қала алмады. Үріккен ел жаппай Үстірттің үстіне шықты. Олар Үстірт үстінде 4-5 бағытта болды.

7 700 шаруалар қожалықтарынан тұратын Маңғыстау ауданы 1931 ж. шілдеде шамамен мынандай топтарға бөлінді: халықтың 30% бейбіт жағдайда еңбек етіп жатты, ал 60% көтерілісшілермен бірге болды, сондай-ақ 10% кімдердің жағына шығарларын білмей тоқырады. Сонымен қатар, бір-екі ауыл болмаса, Табын ауданындағы халық түгелдей дерлік көтерілісшілерге қосылды.

Күштеп қысым жасау мен озбырлыққа қарсылық, шаруалардың қарулы қимылы да бой көрсете бастады. Тарихқа Маңғыстау адайларының шаруа қозғалысы ерекше қасіретпен әйгілі болды. Көтерілістің аяғы халықтың республикадан тыс жерге-Иран, Ауғанстан жеріне қарай «балапан басына, тұрымтай тұсына» үдере босуына әкеп соқты.

«Көшіп кетсек, қашып кетсек әлі жеткеннің талауынан құтылармыз», -деп үміттенгендер де аз болмады. Сондықтан да 1931 ж. көктемнен бастап Қарақалпақ пен Түрікмен, Иран және Ауғанстан, Кавказ жеріне босқан адайлар мен табындар легі үдей түсті. Толқып, үдере көшкендер зат-жүктерін түйеге артып, ат-көлік мініп жолға шықса, ал кедей адамдар Каспий теңізі жағалауындағы (Орта-Еспедегі) жүктері мен семьяларын қайықтарға тиеп алып, теңіздің оңтүстік жағалауындағы Комсомол шығанағы, Қызылтас деген жерге дейін барды. Ал бірқатары Қарақалпақстанға, Түркменстанға, Өзбек пен Тәжік жерлеріне барып бас сауғалаған. Енді бір тобы одан әрі асып, Иран, Ауғанстан, одан әрі Түркияға қоныс тепті. Осылайша сүттей ұйыған адай жері Голощекиннің зорлық саясатының нәтижесінде бұлттай ыдырап, тоз-тоз күйге түсті.

Біздегі бар мәліметтер бойынша, азық-түлік қиыншылығы негізінде Қара бұғазға, Байрамалыға, Түркменияға, Махачқалаға ауа көшулер күшейе түскені байқалады. 14-тамызда Махачкала бағытынғы пароходпен 200-ден астам босқын кетті, Бозашы аймағының 18-19 ауылдары жеке-жеке топ құрып, далада босып жүр. Босқындар фортта (Форт-Александровскіде) үй заттарын, т.б. сатады да, осы тәртіппен жолға қаражат табады.

Үкімет тарапынан жүргізілген қуғын-сүргіннен және аштықтан қорыққан қазақтар республикадан тысқары жерге және шетелге жаппай көше бастады. 1931-1933 жылдарда болған қызыл қырғыннан барлық шығын-2млн. 300 мың адам және қызылтабан босқыншылығынан барша халықтың 19 000 мыңы шетке қарай біржола үдере көшкен. 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейінгі кезеңде ғана Қазақстан жерінен 281 280 шаруа жеріне ауып барды.

Олар өз өмірлерін тәуекел ете отырып туған жерлерінен ауа көшті. Жылдың басында бұрынғы салыққа қоса бай, кулак, орташаға бөлу басталды, жеке меншік малдары күшпен тартып алынды.

Мұндай түсініксіз салықтыр, жеке меншік малдарын тәркілеумен қорқыту қарсылық туғызды. Халықтың көпшілігі болашаққа сенбеді. 1932 ж. салықтан қалған мал қырылып, нағыз жұт басталды. Халық көтеріліп, оңтүстікке, Түрікменстанға жаппай ауа көшу басталды. Бір ғана 16-шы ауылдың өзінен халықтың үштен бірі үдіре көшті, мұндай қарсылыққа көптеген ауылдар қосылды. Бір құжаттарда 30 жылдардың басында Маңғыстаудан Красноводск қаласы 757 ауыл, Байрамалыға 300 ге жуық ауыл қоныстанған, кейбіреулері Иран, Ауғанстанға бас бас сауғалады,-деп көрсетіледі.

Туған өлкелерін тастап шыққандар рахат өмір іздемеді, олар кеңестік билік қысымынан еріксіз босқынға айналып кетті. Көпшілігі жолдан аштықтан, суықтан өлді, біразының тағдыры ойран болды

Сонымен, 1926 ж. Адай уезіндегі қазақтардың саны 131 476 адам болды. 1926 ж. санақты ұйымдастыру мен жүргізу кезінде статистикалық органдар қызметкерлері мен санақты жүргізушілер көшпелі өмірдің ерекшеліктерін түсінбегендіктерінен көптеген қателіктер жіберді. Мысалы, Адай руының қазақтарының көпшілігі өз болысынан тыс жерлерге көшу кезінде, санаққа енуден де, жауап беруден де бас тартты. Нәтижесінде, жоғарыда айтылғандай, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан кейбір жерлердегі қазақ ауылдары санаққа енбей қалды. Сол себепті, 1925 ж., 1926 ж. және 1927 ж. Адай уезіндегі қазақтар саны туралы берілетін мәліметтер әр түрлі: 1925 ж. Адай уезіндегі Ә.Букейханның зерттеуі бойынша 27 қазақ болыстықтарында, 21 611 шаруашылық, 127 798 (оның 66 015–ер адам, 61 183-әйел) есептелінген.

Жаңарту (модернизация) дәуірі ұжымдастыру, отырықшыландыру, өндірістендіру және урбанизациялау процестерімен тығыз байланысты ұғым. Қазақстандағы шаруаларды күштеп ұжымдастыру науқаны, көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы еңбекші шаруаларды отырықшылыққа көшіру іс-шаралары ежелден дамудағы шаруашылық түрлерін түгелдей өзгертумен байланысты болғаны белгілі. Мал шаруашылығы табиғи-географиялық ортада экологиялық жағынан тиімді болғанымен, күштеп ұжымдастырудың нәтижесінде ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі сипатынан айрылған шаруашылық түрі болып табылады.

1929-1932 жж. Қазақстанда ұжымдастыру кезінде орын алған өрескел саясат нәтижесінде халықтың көпшілігі ашаршылық құрбаны болып, енді бір

бөлігі босқынға айналды. Бұл адамзат тарихындағы трагедиялар қатарынан орын алады. Осы ұжымдастыру науқаны бұрыннан «Адай даласы» деген атпен белгілі болған Адай округын да қамтыды. 1920-1930 жылдардағы Маңғыстаудағы ұжымдастыру мен аштық салдарынан үріккен халық Жем бойынан, Үстірт үстінен Қарақалпақ, Түрікмен жеріне қарай лықсиды да, ол кезде Қазақстанға қарайтын Қарақалпақ жерінде, Әмударияның төменгі сағасында «келімсек» ел атанып жүріп, 1932 ж. сұрапыл аштық кебін киеді.

Сонымен бірге, халыққа ауыл шаруашылығы өнімдерін даярлау науқаны да ауыр тиді. Бұл салада да күштеу саясаты кеңінен қолданылды. Халық ет салығымен қатар, адам ойламаған әр-түрлі, ескі-құсқы шикізат салықтарын да төлеуге тиіс болды. Жан-жақтан қысқан мұндай қысымға шыдымаған, бұрын дархан далада еркін өскен Маңғыстау өңірінің халқы Түрікменстанға, Ауғанстанға қарай жаппай көше бастады. 1931 ж. көктемі мен шілде айының орта шеніне дейін Маңғыстау ауданында 4 мың отбасы, ал 1 маусымға дейін Табыннан 7 мыңға тарта отбасы, Жалқосы ауданынан 2 800-дей отбасы, Ойыл және Доссор аудандарынан 1 500-ге тарта отбасы көшіп кетті. Мұндай көші-қон адамдар санын ғана емес, мал басын да шұғыл қысқартты. Мұның өзі тағы да ашаршылықтың тууына алып келді.

Қазақстанның жергілікті халқының ұлы нәубет жылдарындағы орны толмас шығынның мөлшері 2 миллионға немесе оның бастапқы санының 49 % құрайды. Тіршіліктің мәнін де, сәнін де құраған малынан айырылған дарқан даланың тұрғындары өздерінің дәстүрлі тағамдарынан құр алақан қалды. Балық аулау, аңға шығып саят құру, жылу жинау жағдайды оңғарта алмады. Аман қалуға тырысып, тырмысып баққан, кеудісінде жаны бар, еті тірілер, көзі ашықтар қалаларға, поселкелерге, станцияларға қарай жансебілдей шұбырды

Күштеп ұжымдастыру, шамадан тыс салықтар мыңдаған маңғыстаулықтардың туған өлкесін тастап кетуіне, Қазақстаннан шеткері ауа көшулеріне мәжбүр етті. 1920 ж. аяғында Маңғыстауда орташалар, яғни кімнің 10-20 бас малы барлар қатты жапа шекті. Мал олардың отбасының жалғыз өмір сүруінің көзі болды.

Байырғы халықтың едәуір бөлігі басы ауған жаққа шұбырды. Аман қалғандарының жартысы (1 030 мың адам) жұт жылдары республикадан тыс жерлерге қоныс аударды. Кейін олардың 414 мыңы Қазақстанға қайтып оралды. Біздің қолда бар деректерге қарағанда, босқындардың 200 мыңы шет елдерге - Қытайға, Монғолияға, Ауғанстанға, Иранға және Түркияға ауып кеткен.

Халықтың (негізінен қазақтардың) көршілес аймақтарға, апат жылдарының аласапыранында шекаралас территорияларға көші-қонынан нәтижесін 1926 ж. және 1939 ж. санақтардың мәліметтерін салыстыру арқылы айқындауға болады. Егер 1926 ж. көршілес республикаларда 314 мың қазақ тұрып жатса, 1939 ж. санақта олардың саны 1194 мың адам болған. Яғни, 453 мың адам бұл кезеңде республикадан басқа жаққа көшкен. 1926-1939 жж. аралығында босқындар есебінен қазақтардың саны Ресейде-2,3 есе, Өзбекстанда-1,7, Түрікменстанда-7 есе, Қырғызстанда-10 есе өсті.

Сонымен, 1927-1934 жж. Қазақстан үшін демографиялық апат жылдары болды. Жаппай отырықшыландыру қарқын алған 1931-32 жылдарды Маңғыстауда «Адай көтерілісі» деген атпен тарихта қалған оқиғалармен тығыз байланыстыра қарау керек. Қазіргі Иран жерінен келіп жатқан қандастарымыздың біразы 1931-дегі Адай көтерілісі дүмпуінен емес, осы жұттың кезінде кеткенінің бір дәлелі осы болмақ.

Шығыс мемлекеттеріндегі қазақтар тамыры тереңге тартқан өз атамекендерінде ғұмыр кешіп жатса, Иран қазақтарының ол жерді мекендей бастағанына 70 жылға жуық уақыт өтті. Аталары отызыншы жылдардың басында келген ағайындардың үшінші ұрпағының алды бүгінде жасы елуге келіп қалғандар. Бірінші буын қазақ арасындағы зобалаңнан жол бастап келгендер болса, екінші буын ол кезде сәби, қазір ақсақал.

Қаралы, азалы көшпен Иранға келгендер бүгінде некен саяқ. Ол кезде көбі жас бала болатын, ел тарихы жадында сақталмаған. Иранға барғанда ес білетін, жігіт шағында барған адамдар бұл күнде жоқтың қасы. Ата-қонысын, сол кездің жағдайын білетін және айтып бере алатын қариялар бүгінде сиреген. Маңғыстауда туып, бала, жігіт шағында келген ақсақалдар: Нұрымшат Кенжеқара, Зайыр Берекетұлы, Өтеміс қажы, Жаңбыр Аманияз, Ақмұрат қажы, Рысбай Жаймағамбетұлы, ағайынды Ібіжан және Шарғи Оразмағамбетұлы. Ел аузында қазір сақталып жүрген деректер Иранда тұратын, кейбіреулері тарихи Отанына келген осы ақсақалдардың айтуынан жазылып алынған.

Сонау бір аласапыран жылдары туған жерден жырақ кеткен, дәстүрі мен салты бөлек жат жерде қоныстанған адамдардың қай қайсының да өмірі қасіретке толы. Арада бірнеше ондаған жылдар өтті. Тіпті сол бір жылдары бас амандығын ойлап түн жамыла үдере көшкен уақытта бауырындағы баласынан көз жазып қалғандар қаншама. Қамқоры жоқ панасыз қалған балалар басынан қаншама қиындықтар өткізді. Мұның бәрі халықтың дәстүрлі шаруашылығының күйреуі, науқандар кезіндегі зобалаңдар, шаруа қожалықтарын кәмпескелеу, күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру, шаруаларды жазықсыз жалған жалалармен мен айыптаулар туындатқан босқыншылық салдарлары болатын. Туған жерінен амалсыз көшкендердің қай қайсы болмасын босқыншылыққа әкелген жоғарыдағы себептерді қанжылай еске алады. Енді осындай естеліктердің кейбіреулеріне үңіліп көрейік.

Солардың бірі Жаңбыр Аманиязұлы: «Біздің ата-бабамыз Сарыарқаны жаз жайлап, Маңғыстауды қыс қыстап екі арада жүрген. Он екі-он үштегі жаста болған кезімізде Отанымызға от түсіп, ұжымдастыру саясаты басталды. Бір адам үшін күнәсіз көп адамды отқа салды. Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы қаулы қабылданғанын үлкен байлар, содан кейін кішігірім байлар, орта, әлді шаруалардың мал-мүлкі тәркілене бастады. Байларды ұстайды деген соң елдің едәуір бөлігі басы ауған жаққа шұбырды. Көрпе руынан екі кісі тізімге ілінді: бірі біздің әкеміз Аманияз, екіншісі-Бейсенбай деген кісі. Олар ешкімде шаруасы жоқ, малын бағып, жанын сақтап, бала-шағасын асырап жүрген елдің бір түнде малы базарға, бала-шағаны қараңғы үйге салыпты. Қысым көрмесе адам Отанынан кете ме, Жерінен айрылған

жетім дегендей, ата-жұртынан айрылған адам-нағыз жетім сол, - деп еске алады.

Халықты қан қақсатқан кеңестік биліктің тәркілеу саясаты елдің жаппай үдіре көшуіне әкелген себептердің ең бастысы екені бүгінде баршаға аян. Оны туған жерінен көшіп кетуге мәжбүр болған қай қандасымыз бомасын көзіне жастары келіп, былайша ақтарады: «1926 ж. бізге малдың, үйдің есебін алатын адамдар келді. Бізге үкіметтің екі адамы келіп, олар елдің малын үш түрлі қылып жазды: береуін бай деді, жекеше деп жазды, біреуін орта және жарлы деп жазды. Жекеше деп жазғандардың малын үкімет алатын болып қаулы шығарды, содан ел жазды өткізіп күзде Маңғыстауға қайтты. Келгесін ел екіге бөлінді: жартысы Бесқалаға кетті, ал жартысы Түрікменстандағы Жаңғақ дейтін жерге кетті, соның ішінде бай деп жазылғандардың бәрі кетті. Сонымен қазақтар аталған жерге 1927 ж. жетті. 1928 ж. Түркменстанда да кеңес үкіметінің саясаты басталды. Үкіметке қарсы шыққан түркмендерді де ұстады, арасында қашқандар да болды. Солардың арасында отырған қазақтарды да ұстады, малын тәркіледі, 1929 ж. менің әкемді де үш інісімен үкімет адамдары ұстап, малын тәркіледі. 1930 ж. Түркменстандағы Шағадам деген қалада менің әкем бір інісімен қайтты, Шешем екеуіміз ағайын-туыстарға ілісіп, туған жерден жыраққа жол тарттық. Түркменстандағы Қарабұғаз-гөл шығанағын айналып өтіп, Қызыл-Атрекке жеткенбіз. Одан әрі Иранның Бендер-Шах, Горган қалаларына біраз жүрдік. Сөйтіп 1930-1931 жж. Жебелі дейтін жерден көшіп, ініммен, шешеммен, басқа да ағаларымның балаларымен, кейбіреуілері бес алты адам болып, біреуілері жақын руластарымен шекарадан көршілес Иран мемлекетіне өтіп кетті».

Ал Иран жерін еріксіз пана тұтқан Рысбай Жаймағанбетұлы мен оның әулетінің кеңес үкіметінен көрген қиянаты мұнан да сорақы. Бұл отбасы осы кезде кең етек алған биліктің шектен тыс жүгенсіздігіне тап болған еді. Енді естелігіне кезек берейік: «Біз Аунамас, Түгер дейтін судың басында отырдық. Сол жерде орыс әскері келіп қамап, бүкіл қазақты ұстап, үлкен адамдарды жинап, далаға үйіріп, сол жердің төңірегінде қарауылмен тұрып, менің әкемді, өзімнен үлкен ағамды ұстап әкетті. Жеңгем түрмеге тамақ апарып беретін еді, екі күн апарғаннан кейін үшінші күні «атам жоқ» деп келді. Орыстар («қызылдар») үшінші күні бірталай адамды Түгердің батыс күнбатыс жағында Ұшқырған деген жер бар, сол жерге апарып, өз шұқырын өздеріне қаздырып, қырыпты, - дейді. Әкем де сол атылған кісілердің ішінде кеткен деп естідік. Ағам бар еді, ол да ұсталып кеткен, оны Красноводск-Шағадамда түрмеде жатыр деп естідік. Шешем мен інім кеткен, Шағадамда бір ағайынның үйінде жатып, оған күнде тамақ апарып беріп тұратын екен. Бір күні апарған тамағын қайтарып жіберіпті: «Ол адам енді бұл жерде жоқ», - деп. Сол кеткеннен мол кетті. Біз болсақ, екі жетім бала жасымыз ол уақыттарда он-он екілердің шамасында шешеміз, жеңгеміз бір үйде 4 адам қалдық. Сөйтіп жүріп апа-жездемізге еріп, дәм айдап, Түркменстанның үстімен Небит-Тауда азғана аялдап, Иранға асып кеттік. Түркменстанның ол кездері Иранмен байланыстары бар, Шағадамда қайықпен саудагерлер Ираннан шәй, бидай, күріш әкеледі екен.

Түрікменстан үкіметі ол кездері пропуск береді, ол жақтан астық алып келуге. Қазақтар да әуелі сол пропускімен қатынап жүрді, сөйтіп сол жақпен таныс болдық. Бастапқы кездері Иранға орналасқан кезде бір, екі-үш үй болып бытырап орналасты. Кейбіреулерінің малы, аздаған түйесі, бірқатары ештеңесі жоқ, солай жаяу кетті, көрпе-төсегін тастап. Мысалы менің шешем, інім, жеңгем артымнан келді, мынау Жебелі деген жерде отырған, сол үйді бүкіл ішкі затымен тастап, тек өздері шығып жүре берді, үй солай қазан-ошағымен қала берді.

Желісіне 40-50 қозы-лақ байлаған, 2-3 түйенің бауырын тартқан адамдар бай қатарына ілініп қудалана бастады. Сөйтіп, бас сауғалап бірі терістікке, бірі түстікке ауды. Есімде қалғаны алғашқы қозғалған жеріміз Үстірттегі Мәлібек дейтін құдықтың басы еді. Онда мен 11-12 жаста болдым. Жаңа үкіметтің қысымына шыдай алмадық. Малымызды алып ортаға саламыз деді. Содан отырған ауылымыз болып түгел көштік. Елу шақты түйемен, отыз шамалы жылқымен Түрікменстанның Қойсу, Қарабақсы деген жеріне келдік. Көп отырмадық, үлкендеріміз ел жаққа құлақ тұрумен болды. Өрісінен жаңылған малды ұстау қиын болды ма, әлде қайтадан тыныштық орнады деп естіді ме, әйтеуір қыр үстіне қайта көтерілдік, бірақ күйіміз болмады. Бұрынғы бұрынғы ма, көздің қарашығындай сақтап жүрген азғана малдан айырылып, жол сілтеп жүрген азаматтарымызды көзімізше Кетікке айдап кетті. Енді қарайлайтындай ештеңе қалмады. Бел шешіп демалмастан көшіп тағы да Түрікменстанның Сұлмен, Ұзын Сүйлі деген жеріне келдік енді. Сол жерде отырғанымызда артымыздан көп адам комиссия келіп елге қайту жөнінде кеңес берді. Жер-жерде үкіметке наразылық білдіріп бас көтеріп жатқандар көп болды, ауылдың адамдары да соларға барып қосылды. Бір жерде тұрақтай алмай, халық Қырық сегіз теппе, Аунамас, Түгер дейтін жерлерде көшіп қонып жүрген.

Осы жылдары Орта Азия арқылы Иран жеріне жету де тұрақтап орналасу да қандастарымызға оңайға соқпады. Қаншама адам осы көш барысында көз жұмып, құрбан болды.

Мұны Заир Берекетұлы:

Болғанда мың тоғыз жүз жиырма тоғыз,
Еліме зобалаң салды кәпір доңыз.
Көнбеген ағайынды көндірі деді,
Көнбесе бай-молданы өлтірі деді.
Ел іші іріткі салып жүргендерді
Алдыма ұстап алып келтірі деді.

Жандарал қойдай айдап қамады елді,
Белсенді оннан, бестен елге келді.
Бай да бар, жарлы да бар түсінбеген,
Айырып ағайынды екі бөлді.

Жарлыға үкіметтің көзісің деп,
Заманның енді айтатын сөзісің деп.
Ел ішін бір-біріне айдап салды,
Тұтқаны ұстайтынның өзісің деп....

Қырылды, өлген өлді, қашқан қашты.
Аспан-жер ала шаңға араласты, - деп тебіренеді.

Аман есен жеткендердің де жат елде көрген бейнеттері мен қиыншылықтары адам төзгісіз еді. Міне, қазақтардың осындай қиыншылықтарды бастан кешкен туралы жағдайды Жапарбай Мұқайұлы былай баяндайды: «Үлкен ақсақалдар көшті бастап Иранға келгенде, бұл жерде қазақ болмаған. Біз-Иранға қоныстанған алғашқы қазақ боламыз. Әкем марқұмды тыңдасақ, біздің елдің көрмеген қорлығы жоқ. Әуелгі көш Маңғыстаудан 1929 жылда қозғалыпты, сосын 1930-1933 жылдары да болған. Жолдағы қиыншылықтарға шыдамай қанша қазақтар туыстарынан айырылған. Қанша үй жолда келе жатып, қайтадан кері қайтқан екен. Ақсақалдардың айтуы бойынша, жол бойында күніне 3-4 бала жан тапсырып жатыпты. Үлкендердің арасында да қаза көп болған».

1929-1930 зобалаң жылдары Түрікменстан мен Иран арасындағы Атрек өзені арқылы Иранға, оның Күмістөбе дейтін елді мекеніне тұрақтаған Қаршыбай Төребайұлы біраз әлеуметтік экономикалық қиыншылықтарды басынан кешіреді. Өйткені көп жылдай азаматтығы болмағандықтан ол төрт жыл бойы молданың оқуын оқиды. Сосын диплом алғасын Иран жерінде мектеп, медресе ашып, сабақ береді. Сонымен бірге білімі, қаламының ұшы арқылы жерлестеріне, ирандық маңғыстаулықтарға көмек беруге тырысады. Ол Ирандағы қазақ босқындарына ел үкіметінің танып, азаматтыққа қабылдауына жету үшін үкімет басшыларына әлденеше өтініш жолдап, олардың өміріндегі маңызды мәселелерді шешуге атсалысқан.

Небір тағдыр тауқыметін тартып, сын тезінен өтсе де бейтаныс өлкені паналаған бауырларымыз осы жерде де ұрпағын жалғастырып, сіңісіп кетті.

Заир Берекетұлы:

Иранға жаяу-жалпы келіп едік
Аллада берем десе қазына көп.
Деген барма «мың жылаған бір жетілер»
Құлақпен естігенді көзбен көрдік
Құдайға мың қайтара шүкір қылдық.

Ауылымыз қазақ деген өз басына,
Ортаға мешіт салдық молдасына.
Жиналып ораза ұстап, намаз оқып,
Молдаға пітір бердік жан басына.
Мал бағып, егін егіп талаптандық,
Ат мініп алшақтатып жарақтандық.
Айт айттап, тойды тойлап қазақ болып

Ат шауып, бәйге тігіп, мерекелі
Бұрынғы ата жолын ұмытпадық.
Айқайлап өлең айтып жиын тойда
Жиналып үлкен-кіші сауық қылдық.
Кешегі ашып-арып келген қазақ,
Дүниеде ұмытпастай көрген азап
Мұрсатты беріп құдай қарық болдық... – деуі соның
соның айғағы.

Бұрын Үстірт пен Сам құмын қыстап, ал жайлауы Жем, Ойыл, Сағыз өзендерінің бойында жайлауға қоныстанатын Маңғыстау халқы ХХ ғ. 1929-1933 ж. шет жұрттың топырағын басуға мәжбүр болды. Маңғыстау мен Арқаны жаз жайлап, Жаңғақтың жылы да шөбі шүйгін ойларын қыс қыстап келген қазақ халқы кеңес үкіметінің саясатының нәтижесінде ата қоныстарын тастап Иран, Ауған елдеріне дейін көшуге мәжбүр болды.

Шекараға келген кезде Иран мен Түрікменстан аралығында орналасқан Атрек өзені арқылы шекара асып қаншама қиындықтарды бастан кешеді. Қазақ халқы жолда қанша туыстарынан айырылып Иранға үш төрт айда әрең жетеді.

Информанттардың айтуы бойынша, жол бойына күніне үш төрт бала жан тапсырып отырған. Үлкендердің арасында да қаза болғандар аз емес. Бастапқы кезде екі-үш үй болып үздік-создық өтіп, әр жерді паналап, көрмеген қорлықтарды көріп, адам төзгісіз бейнет шегіп, кім-көрінгенге жалданып, неге екені белгісіз, алғашқы он жылда қирай қырылып, нәресте біткен тұрмай.

Маңғыстау жерінде кеңес өкіметі келгенге дейін рулық бірлігін сақтаған ел үдере көшкен кезде де осы дәстүрді ұстанады. Қазақта рулас туыстар бірге көшіп, қоныстанып жүрген. Баба мұра, ата мүлкі түгілі туған жер, өскен елінен кетуге мәжбүр болған қазақ өзінің кіндік қаны тамған жерден амалсыз жылжиды. Көл жағалап, тау сағалап, қалың әулиенің мекенінен қанғып Иран асады. Алдымыз Иран, ел артта қалып барады. Артымызға қарайлап, жылай-жылай талай кісі көзден, әл-ауқаттан айырылып, өліп талып Иранға да жеттік. Жерінен айырылған жетім дегендей: ата жұртынан айырылған нағыз жетім сол.

Шамамен Маңғыстау қазақтарының 75 проценті сыртқа жөнкілкен, қырғынға ұшыраған сол жылдарда Шағадам, Айдын, Қазаншық, Ұзынсу, Іскендір, Көктепе, Ашғабад, Байрамалы, Тежен жолымен шұбалған елдің біразы осы аралықтарда тұрақтап қалды. Тұрақтамағандары Ауған, Иран еліне қоныстанып, сол жердегі қазақ диаспорасының негізін құрайды.

Иран қазақтары 1929-1933 жылдар аралығындағы «Қызыл табан, шұбырынды» кезінде Маңғыстаудан Түрікменстан аймағына өтіп, Иранның солтүстігіндегі аудандарда орналасты, қоныстанған жері Тегеранның солтүстік шығысында, Каспий теңізі жағына жайғасқан 1937 ж. құрылған Иранның бай өлкесінің бірі Мазандаран провинциясы.

Кәмпескелеу мен қолдан жасалған ашаршылықтың зардабынан мал-мүлкі, баспана, туыс-туғандары мен ел-жерден айырылған аталарымыз жоқтан бар жасауға әрекет етті. Отырықшылыққа, егін егіп диканшылықпен

айналысуға бірден мойынсынбай көндіге алмағандықтан бір жерден екінші жерге жайлы жер іздеп, жиі қоныс аударуына тура келіп отырды. Сөйтіп, қазақтар бірте-бірте Горган, Бендершах (қазіргі Бендер-Түрікмен) және Гомбед-Кабус қалаларына көше бастады. Осылай қазақтар негізінен Мазандаран провинциясының Горган, Гомбед-Кабус, Бендер-Түрікмен деген үш қаласында шоғырланып, әр қаланың екі ауылына қоныстанды.

Қазіргі уақытта аталған үш қала Мазандаран провинциясынан бөлініп, жаңадан 1997 ж. құрылған Гүлістан провинциясының құрамында. Жаңадан құрылған Гүлістан провинциясының орталығы Горган қаласы болып белгіленді.

Гүлістан провинциясы Каспий теңізінің оңтүстік шығысында орналасқан. Солтүстікке қарай Түрікменстанмен, оңтүстікте Иранның Семнан провинциясымен, шығысында Хорасан және батысында Мазандаран провинциясымен шектеседі. Сонымен қатар үш таулы аймақ, жазықты жерлері бар.

Гүлістан аймағы оңтүстік пен шығыстан соғатын аңазақ, құрғақты желден қорғап тұратын таулармен қоршалған, өзінің жер бедері жағынан оңтүстік аймақтары қыратты болып, шығысы Хорасанның таулы жоталарымен, ал оңтүстігі Эльбурстың тау сілемдерімен ұласқан. Теңіз деңгейінен 28 м тереңдіктегі Каспийдің оңтүстік жағалауы Солтүстік Иран арқылы Эльбурстың биік тауларына дейін созылған. Каспийдің оң жағалауының үстімен Азербайжаннан Түрікменстанға дейін көтерілген. Демавендтен басқа Эльбурс тауында биіктігі 3 600 метрлік бірнеше шыңдар орналасқан. Эльбурстың солтүстік жотасын орман басқан, ал таулар мен Каспий теңізінің аралығында шағын құнарлы жерлер алып жатыр. Орасан зор шөлді далаға қарамастан Иранның флорасы мен фаунаға бай. Эльбурс жоталарындағы ормандарда емен, басқа да жапырақты ағаштар өседі.

Каспий теңізі аумағында (Эльбурстан солтүстікте) жазда мында қатты ылғалды, ал қысы басқа солтүстік облыстарға қарағанда жұмсақ. Мұнда үнемі бұлтты болатындықтан басқа облыстармен салыстырғанда асы ыстық емес.

Иранның оңтүстік жағы мұнай өндіру мен балық аулау мен айналысса, солтүстік жағы көкөніс, жеміс-жидек өсіреді. Солтүстік өңірдің табиғатының саналуандығы жер бетінде өсетін көкшіліктің түрлерін түгелге жуық өсіруге мүмкіндік береді, Иранның бағына теңейтіні содан болса керек. Иранда өспейтін жеміс жоқ десе де болады. Әсіресе пісте (фисташки) шафранды, домалақ лимон мен тәтті лимонды Иран экспортқа көп шығарады.

Қазіргі қазақтар тұратын Гүлістан провинциясының жалпы көлемі 22,000 км². 2002 жылғы санақ бойынша Гүлістан елді мекенінің халқы шамамен 1 600 000 адамнан тұрады, оның ішінде 58,7% қала тұрғыны, ал 41,3 % ауыл тұрғыны, аталған провинция 11 қала, 18 кішігірім қала, 16 аудан және 45 шағын ауылдардан тұрады.

Жалпы Иран мемлекеті өз диалекті, ұлттық киімі, белгілі бір мекені мен көсемі бар жүзден артық тайпа өмір сүруде. Қазақтар тұратын Гүлістан провинциясында түрлі діни ағымдарға жататын 20-дан астам ұлт өкілдері өмір

сүреді. Олар: парсы, түрік, күрд, түрікмен, белудждер, кавказдықтар, систандықтар, сонымен бірге саны көп емес қазақтар. Халқы негізінен үлкен 3 топқа бөлінеді: парсы, түрікмен және эмигранттар.

Басым бөлігі парсы халқы, олар осы аймақтың орталық және оңтүстік бөліктерінде өмір сүреді. Олар екіге бөлінеді: жергілікті халық және эмигранттар.

Екінші топ – түрікмендер, олар жәуміт, гоклен және джафарбай топтарына жатады, Горган жазығының солтүстігінде тұрады, ислам дінінің суннит тармағын ұстанады. 2002 жылғы санақ бойынша олардың жалпы саны 6 млн., оның 60 %-ы Түрікменстанда, қалғандары Ауғанстанда (800 мың), Иранда (900 мың), Түркияда (100 мың) тұрады. Зерттеушілер түрікмендерді моңғолдық элементі бар еуропа нәсілдің Жерорта теңіздік антропологиялық тобына жатқызады. Олар түрікмен тілінде сөйлейді, парсы тілін де өте жақсы біледі. Түрікмендер Иранның солтүстік-шығысындағы Хорасан және Мазандаран провинцияларының көп бөлігінде орналасқан.

Иран түрікмендерін зерттеген Б.Логашованың еңбегінде: «Ирандағы түрікмендердің негізгі орналасқан аудандары Иранның солтүстігіндегі Атрек пен Қарасу өзендерінің арасында орналасқан Горган мен Дешті Горган болып табылады. Түрікмендердің негізгі орналасқан аудандарының әкімшілік бөлінісі бірнеше рет өзгерген деген мәліметтер бар.

Үшінші топқа эмигранттар жатады. Олар: систани, белуджілер, семнани және хорасан. Белудждер (өз атауы-балуч, балоч). Негізінен Иран, Пәкістан, Ауғанстан, т.б. елдерде тұрады. Бұл үлкен тайпа бірнеше кіші тарамдарға бөлінген, белудждер парсы тілінде сөйлейтін тайпалар. Олар пакистандық шекарадан ирандық шөлдерге дейінгі үлкен жерде өмір сүруде.. Белуджілердің негізгі кәсібі – түйе өсіру мен ауыл шаруашылығы.

Алдыңғы Азияны мекендейтін тағы бір халық–күрдтер (өз атауы – курманж). Ирандық күрдтер Әзербайжанның солтүстік шекарасынан Хузистанның ыстық даласына дейінгі жерді қамтиды, өздерінше көсем басқаратын көпсатылы құрылымды құрайды. Кейбір мәліметтер бойынша жалпы саны 20,5 млн. адам (2003), Түркияда (7,6 млн.), Иранда (5,7 млн.), Иракта (Күрд автономиялық облысында)-3,9 млн., Сирияда (2 млн.) және т.б. мемлекеттерді мекен етеді. Антропологиялық жағынан күрдтер еуропа нәсілдің алдыңғы азиялық тобына жатады. Күрдтердің басым көпшілігі ислам дінінің суннит тармағын ұстанады, арасында саны аз шииттер де кездеседі.

Түрікмен аудандары: Гюмиштепе, Бендер Шах және Горганда отырықшы халықтың өсуіне байланысты урбанизация жандана түсті. Алайда 30-50 жылдары олар өнеркәсіптік маңыз алмағандықтан ондағы халықтың көптеген бөлігі қолөнер және саудамен айналысты.

Гүлістан провинциясында тұратын қазақтар үш қалада орналасқан: Горган, Бендер-Түрікмен және Гомбед-Кабус қалалары. Горган қаласы Гүлістанның орталығы, жалпы көлемі 16 152 км² жерді алып жатыр, халқының саны – 358 877 адам. Географиялық құрылысы биіктікте орналасқандықтан ауа-райы құбылмалы, таудың шыңдарында салқын, тау самалы мен

ылғалдылығы тау етегімен орталық аймағында ауысып тұрады. Осы аймақта қазба жұмыстарының нәтижесінде өте ежелгі заманғы провинцияның әр түрлі тарихи кезеңдеріне жататын ескерткіштері табылған.

Горганнан кейінгі екінші маңызды қала болып саналатын Гомбед-Кабус қаласы. Ол Горган өзенінің сол жағалауында, ежелгі қала Горган немесе Джурджандтқа жақын орналасқан. Осы қаланың негізгі халқы болып түрікмендер саналады. Б.Логашованың еңбегінде осы қала туралы былай жазылған «XX ғасырдың басында Гомбед-Кабус ірі қалалардың бірі болды. 1920-шы жылдары түрікмендердің көтерілісін басуға келген Иранның әскерлері талқандалған. Халық саны осыдан кейін қысқарып кетті. Қазіргі уақытта Гомбед-Кабус қаласы заманға сай, көшелерінің жан-жағына тұт ағаштары отырғызылған қала. Үйлері тастан қаланған, 200 м тереңдіктен *артезиан* құдықтарынан қалаға су құбырлары жүргізілген. Гомбед-Кабуста күріш, мақта тазалайтын және май жасайтын заводтар орналасқан. Қала тұрғындарының саны тез өсуде. 1956 жылғы санақ бойынша тұрғын халықтың саны 18 747 адам болса, 1966 жылы 40 807 адам, 1971 жылы 55 000 адамға жетті» Қазіргі кезде бұл қала 5 071 км² жерді алып жатыр және 275 649 тұрғыны бар. Гомбед-Кабус қаласының ежелгі тарихи және туристік көрнекті жерлері бар.

Тағы бір қазақтар тұратын белгілі қалалардың бірі – Бендер-Түрікмен. Бұл қала Гүлістан провинциясының батыс бөлігінде Каспий теңізінің жағалауында орналасқан, аумағы 1 576 км², халқының саны 121 533 адам, көпшілігі-түрікмендер. Теңіз жағасындай әдемі көрінісі бар, әр түрлі жеке қолөнер дамыған, соның ішінде түрікмен кілемдері, кілемшелері және көпшік тыстарын тоқу.

Иранның солтүстігіндегі Бендер-Түрікмен қаласының теңіз порты ретінде Түрікменстан мен Қазақстанға тауар тасу үшін маңыздылығы өте жоғары.

Сан ғасырлық тарихы бар Иран мемлекеті–көп ұлттар, халықтар, әр түрлі діндер мекені болып саналады. Гүлістан провинциясының халықтарының тілі, діні әр түрлі, сонымен қатар Гүлістан провинциясының, жалпы Иран мемлекетінің тұрғындары бейбітшілікпен татулықта өмір сүреді.

Ирандағы қазақтар да басқа этносаяси кеңістікке, этномәдени ортаға еніп, қоршаған әлем мен табиғат құбылыстарына, үстем этностың психологиясына, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларына, тұрмыс-тіршілігіне, қоршаған ортаға бейімделе бастайды.

Келіп, орналасудың алғашқы кезеңі бастапқы айлар болып саналады. Бұл аралықта босқындар әлеуметтік жағдайларынан, қаражаттарынан, бірегейліктен, биліктен және т.б. айрылғандықты сезінеді. Бірінші және екінші жылдары босқындар жоғалтқандарын толықтыру үшін көп жұмыс істеп, жаңа өмір үшін жаңа мүмкіндіктер іздейді. Сонымен бірге бұл жаңа ортаны тану үшін қарқынды кезең.

Бөтен жұрттың топырағына бауыр басып, үйренісу, кәсіп қылу-қиын сынақ. Түрікменстанға, одан әрі Ауған, Иран елдеріне дейін асып кетуді, сөйтіп, қызыл өкіметтің құқ-сұғынан аулақ, еркін еңбек етіп, өмір сүруді

ойлаған оларды бөтен өлкеде жұмақтың төрі күтіп тұрмағаны белгілі. Ауғанстан мен Иранға екі-үш мың шамалы үй барып, жаңа мекеннің ауасына көндікпеген, жерсінбеген, тұрмысына бейімделмеген босқын елдің жартысына жуығы аштықтан, ауру-індеттен қырылды.

Иран қазақтары бұрынғы заманнан сол елді мекендеп келе жатқан халық емес. Мысалы, Моңғолия және Қытай мемлекеттерінде тұратын қазақтар өздерін ата-жұртының жерінде тұрамыз деп есептейді. Ал Иран қазақтары 1929-1933 жылдары Маңғыстаудан Түрікменстан аймағына өтіп, Иранның солтүстік шекарасындағы шағын қала Гомишан және Саллақ ауылына барып табан тіреді. Гомишан мен Саллақтың тұрғындары түгелдей түрікмендер болатын. Аталмыш мекендер Иран жерінің «Түрікмен сахарасының» батыс жағында орналасқан. Негізінде «Түрікмен сахарасы» Иранның солтүстік пен солтүстік шығысын алып жатқан кең дала.

Маңғыстау қазақтары Иранға қоныс тепкен алғашқы қазақтар болды. Иран мұсылман мемлекеті көшіп келген қазақтарға қарсылық білдіріп жерінен қуған жоқ. Бірақ бастапқы кезде айтарлықтай құшақ жайып жағдай жасап, қарсы алған жоқ. Бір жағанынан XX ғ. 20-30 жыдары Иранның өзінің саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы әлі ондай жоғары деңгейде емес еді.

Иран мемлекеті қазақтар көшкен 1929-1933 жылдары екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында саяси-экономикалық шиеленісті жағдайда еді, өйткені бұл жылдары әлемді өздерінің саяси-экономикалық ұстанымына бағындыру көзделді. Ұлыбритания мен әлемнің саяси сахнасында белсенділік таныта бастаған Америка, Еуропада айбынын асырған Германия, оның жақтаушысы Түркия елі мен әлемнің саясатына күрделі түрде үлес қоспақ болған кеңестік жаңа күштің белсенділігінің арта түскен кезеңімен тұспа-тұс келген еді. Сыртқы күштердің өзара бәсекесі Иран сияқты стратегиялық ерекше орыны бар мемлекетпен байланысуға олардың кез-келгені мүдделі еді. Сондықтан сырт күштер белгілі дәрежеде Иранның ішкі істеріне араласуды мақсат етті. Ұлыбритания Реза Пехлевиді қолдаса, Кеңес үкіметі Иранның коммунстік «туде» партиясының көсемдерін қолдайды. Сөйтіп, Иранның ішкі саясатына араласа бастады. Оларға қарсы Иранның діншіл және ұлтшыл топтары саяси жолдармен және қарулы іс-әрекеттерімен де Иранды сыртқы күштердің ықпалынан аман сақтап қалуды көздеді. Міне, осындай себептерге байланысты Иранның ішкі саяси шиеленісі экономикалық дағдарысқа негіз болды. Сонымен қатар ішкі қоғамдық тұрақтылық та бұзылған еді. Бірақ оған қарамастан Иранның үкіметі, халқы босқын қазақ халқына өздерінің жерлеріне орналасуға қарсылық білдіріп қуған жоқ.

Сол жылдары шамамен бес жүз отбасы Иран шекарасынан өтіп Горган қаласының Кордкүи, Бендершах (1979 жылы ислам төңкерісінен кейін Бендер – Түрікмен деп аталған, себебі шах биліктен құлатылғаннан кейінкөп жағдайларда қосылатын шах сөзін алып тастады) қалалары манайындағы түрлі жұмыстарға кірісті.

Талай мехнат кешкен, азап шеккен елдің Иранға келген соң да тартқан тақсиреті, көрмеген қорлығы болмады, келгесін да жерсінбей ауырады, біразы

қырылады. Кең далада өскен маңғыстаулықтар бұл жердің ыстығын, қапырығын көтере алмады. Өзеннен ішкен лай су да әртүрлі ауруларды көбейтті. Ақсақалдардың айтуына қарағанда, жас демей кәрі демей жаппай «тәб» (қыздырма) ауыруына шалдығып, іші ісініп көз жұма берді. Безгек (малярия) дейтін ауруға ұшырады. Сонда Иран жерін маңғыстаулықтардың жерсінбегені сондай, 1930-1933 жж. Иранға келгеннен кейін өмірге келген сәбилердің бірде біреуі 1942-1943 жж. дейін тұрақтамапты, тоқтамапты біразы өліп қала беріпті. Мұны Иран жерінің ерекшелігінен, тұрмыстың ауырлығынан деп түсіндіреді. Жаңа ортаның табиғатына да үйренісе алмай бастапқы жылдар қазақтар арасында өлім жетім көбірек болды. Яғни, он кісінің алтауы қазаға ұшырап жатты. Бірақ тірі пенде тіршілігін істеп, жан бағудың қаракетін жасауы қажет. Әйтпесе алқымнан ала түсуге дайын тұрған ажалдың құрбаны болары сөзсіз. Алғашқы жылдарында жаңа өмірге қажетті жаңа жер іздеуге тырысады, сол үшін де көп еңбектеніп, жаңа ізденістер жолында болады. Бұл ізденістердің жаңа кезеңі болып табылады.

Ираннан келген ағайындардың барлығының басынан кешкені, тағдыры ұқсас. Мұнда келгеннен кейін бәрінің алдында бір ғана мақсат тұрды-ол қалың парсы елінде құмға сіңген судай жоқ болып кетпеу, елдігін, дінін сақтап қалу. Сол үшін табылған жұмысты жасап, біреудің отының басын сыпырып, арбасын айдап, кез-келген жұмыс жасап еңбек етті. Шындығында бұл парсы халқы қазақ халқына «қайдан келдің, кет» деген де жоқ, «байғұс-ай, азып-тозып келген екенсің» деп маңдайынан сипаған жоқ. Келгеннен кейін көп ұзамай үкімет қазақ халқына әскерге адам бересіндер деді. Жаңа-жаңа бас көтеріп, ес жия бастағанындада әр үйдің тірегі болып жүрген жігіттерді алса не болмақ, бұл енді қазақ халқына қиын жағдай туғызды. Қолдан келер, қарсылық білдірер күш қайда. Сол уақытта хылықтың арасында болған атақты Оразмағанбет ахун Иранның патшасына хат жазыпты. «Тіліңді меңгеріп, дәбіңді үйренген жоқпыз. Жан-жағымызға дұрыстап көзімізді салайық, мұрсат берің» депті. Ол хатты қазақтардың ортасынан Бәли Самархан ахун мен Кедей Нұрымшат апарып беріпті. Патша қабылдап өтініштерін орындауға келісім берген.

Бастапқы жылдары жасы келген адамдарға осы елдің азаматтығын білдіретін құжат, басқаша айтқанда паспорт бергізген. «Бейнул мәлели» деп аталатын бұл құжатпен кез-келген жаққа, тіпті бөтен елге де шыға беруге болатын еді. Бірақ көп ұзамай екі жылдан кейін ол құжатты қайтып алды, бұл осы елдің өкіметтің қазақ халқына жасаған қысымы еді. Азғана қазақтың дәрежесін өзгелермен тең қойғысы келмеді. Қорғанышы жоқ жетім баладай жағдайын қазақ халқы сол кезде білді. Жаңағы құжаттың орнына «Жауаз ағамат» деген, алыс жақтарға көп шығуға мүмкіндік бермейтін, ауыл арасында ғана жүріп тұратын үкімет қағаз берді. Бір жаққа кететін болсаң аталған кітапшаға оралар уақытыңды жазып беріп, мөрін басады. Сол айтылған күні қайта оралуың қажет. Ай сайын бұл құжатқа уақытыңда белгі соқтырып тұру керек болды.

Информанттар бастан кешкендерін былайша еске алады: «Біздер барған жерде көпшілігі түрікмендер болды. Көшіп келген қазақтарға Иран үкіметі

жағдай жасаған жоқ, бірақ түрікмендермен жұмыс жасап әр жерге кеткенде ешқандай кедергі жасаған жоқ. Әуелі жұмысты жаяу жүріп істедік, сосын арба сатып алып істедік, сөйтіп 10 жылдан кейін жеріне, ауасына үйрене бастадық».

Қазақтар Иранға орныққан 10 жылдан кейін барып, өмір сүру қалыпты деңгейге түсіп, мал-жан өсе бастады-дейді ирандық қазақтарды зерттеген күрд ғалымы М.Кияи. Иран еліне келіп, еңсе түзеген соң, қазақтар ешкімге ауыртпалық түсірмей-ақ, ерен ерік-жігерлерімен, еселі еңбектерімен шаруаларын түзеп алды.

Бастапқы барған кезде бытырап бөлек-бөлек болып әр бір жерінде 5-6 үй болып тұрған, сосын қазақтар бір-біріне жақын тұруды ойлап бәрі бірігіп жиналып үш қалада орналасты. Сөйтіп қазақтар бір-біріне жақын болу үшін қазір үш қалада тұрақты орналасқан.

Информанттардың айтуы бойынша қазақтардың орналасқан Горган қаласында көбісі парсы, арасында түрікмендер және басқа ұлттар тұрады. Алғашқыда түрікмендердің үйінде жүріп, көбісі арба айдады. Бендер-Түрікмен деген қалаға барып, жаңа салынып жатқан қалаға кірпіш, тас керек болып, соны ат арбамен тасып күнелтіс жасады. Кірпішті дайындау үшін әуелі балшықтан илеп сосын оны күйдірген. Сонымен балшық илеп, кірпіш басып, ат арба тасыды. Бендер-Түрікмен қаласында жүк түсіріп пароходқа жүктейтін жұмыстарда қазақтар көп болды. Қазақтардың арасында ауызбіршілік мол болып, өздері еңбектеніп еңбекқорлықтың арқасында күнелтіп кетті, ол мемлекетте барлығы жеке меншік болғандықтан, қазақтар жергілікті халыққа жалданып, әр түрлі ұсақ жұмыстармен айналысты.

Қазақтардың бір бөлігі Иранға барғанда Күмістөбе дейтін жерде орналасты, ол көпшілігі түрікмендер тұратын қала екен. Бұл кездері қала дейтін қала да жоқ, барған кезде қазақтар бытырап әр бір жерде қоныстанып жүріп, сосын жинақталып үш қалаға шоғырланды. Қазақтардың арасында аздап бидай арпа еккен кісілер болды, ол уақытта трактор, комбайн жоқ, бәрін арбамен тасып еңбек етті. Бұл кездері ағып тұрған Горган өзенінің суы лас, лай, сондықтан көпшілігі осы жердің ауа-райын жерсінбей ыстығына шыдамады. Судың ластығы соншама, суды шелекпен әкеліп, сосын тұндырып қойғаннан кейін балшығы төмен түскесін тұндырылған суды ішкен. Уақыт өте келе біртіндеп қазақтардың жағдайы жақсара бастады, аздап-аздап мал ұстап, бос жердің көп болмағандығынан үйдің алдындағы қорада аздап сиыр, қой ұстап бақты. Қазақтардың арасында саудамен айналысқандар болды, бірақ көбінде мамандық болған жоқ, сол себептен тек жанұясын тамақпен қамтамасыз ету үшін еңбек етті, бірақ қанша қорлық көрсе де заң бұзушылық жасаған жоқ.

Осындай тауқыметті басынан өткізген информанттар еске алады: «Иранға барғанда 11 жастың шамасында едік, сонымен Иранда түрікмендердің қол астында жүріп арбасын айдап жұмыс істедік. Ол кездері Иранның халқының жағдайы да жоғары емес, бірақ тамағы мол екен, аштық көрген жоқпыз. Қазақтар біртіндеп бір-екі үй болып көшіп келіп, Иранның бергі шетінде Күмістөбе дейтін жерде бірталай ел болдық. Бастапқы кезде қолдан келгенін жасаған-аяқ киім тіккен, шелек жасаған, екі-үш жылдай көп қордық

көрген. Әуелгі уақытта бәріміз сол Күмістөбе дейтін жерде отырдық, сосын біртіндеп күнкөріс үшін бытырап әр жерге көшіп жүріп үй салып жатқан жерлерге ат арбамен тас, топырақ апарып жүрдік, сөйтіп күнелтіс жасап кеттік қой.

Өздерінің туған өлкесі Маңғыстауда өмір сүру үшін тіршіліктің қамын тек қана ерінбеген еңбеккер ғана жүзеге асыра алады. Жергілікті халық сол тіршілік үшін өмір бойы күресіп келеді. Себебі мұндай көшпелі өмірдің қаншама қиыншылықтарын қазақ халқы бастан кешті. Сондықтан да Маңғыстау қазақтарын табиғаттың бел баласы деп атауға болады.

Бірақ жат жерде тек өздеріне ғана сеніп, тірліктің тәтті дәміне күнкөріс жолында моншақтаған маңдай тер мен атамекенге деген сағыныштың сыздықтаған ащы жасын тұздықтай жүріп жанкештілікпен өмір сүрген олардың аз-кем қиыншылықтарды жеңуге еріктері де, өткеннің сабағы да жетер.

Қазақтар өздерінің еңбекқорлығы арқасында күнелтіп кетті, саудамен айналысты, жер алып егін екті, үй салып күнкөріс көрді. Түркмен халқынан да көп көмек болған жоқ, себебі олардың да жағдайлары ондай жоғары болған жоқ, кейбіреулері күнелтіс үшін олардың орағын оратын және жерін қазып жалданып жұмыс істеді.

Сөйтіп, шетелдегі қазақтар басқа этнодиаспоралық кеңістіктерде уақыт өте әлеуметтік-экономикалық, құқықтық жағдайлары бір қалыпты арнаға түсіп, үстем этностың қарым-қатынас тілін үйреніп, соның ішінде парсы, көрші түрікмен мәдениетін құрметтей отырып, үздіксіз үйрену мен субъектенудің нәтижесінде кәсіп істеп, бірте-бірте қоғамға, қызметке араласып, түзеліп, қоршаған ортаға бейімделу процесі барысында өзінің рухани дүниесіне, ұлттық болмысына назар аудара бастайды.

Этникалық өзіндік санасы мен қауымдық сананы сақтау үшін рулық бөліністі түсіну қазақтардың өзінің қандай да бір генеалогиялық топқа жататынын білуде үлкен рөл атқарды.

Иран қазақтарының барлығы бірдей рулық тайпалық бірлестік Адайға жатады. Өзінің тарихи Отанынан шалғайдағы жекелеген топтардың бірыңғай орналасуы халықты қалыптастырып біріктіреді және этностың одан арғы дамуына алып әкеледі.

Шежіре деректері бойынша адайлар Кіші жүз құрамындағы Байұлыға кіретін ең үлкен ру. Оның өзі ірілі-уақты бірнеше рулық топтарға, аталарға жіктеледі. Ең алдымен адай руы Келімберді, Құдайке делінетін екі үлкен бөлімге ажыратылады да, одан әрі Келімберді-мұңал, тобыш, балықшы, ақпан, құнанорыс болып алтыға, Құдайке-қосай, тәзіке болып екіге бөлінеді.

Кіші жүз үш бұтақтан-Әлімұлы, Байұлы, Жетірудан тұрады. Әлімнің негізгі алты руы бар: шекті, төртқара, қарасақал, қаракесек, кете, шөмекей. Ал байұлының он екі тармағы «он екі ата Байұлы» деп аталады.

Кеңес үкіметінің қысымынан көшкен Кіші жүз қазақтарының этникалық құрамы жағынан алғанда Иран жерін мекендейтін қазақтар осы аталған адай тайпалық одағына жатады. Мұнда негізінен Адай руының Жеменей, Көрпе,

Ескелді, Тіней, т.б. рулар қоныстанған, сонымен бірге саны көп емес Кіші Жүздің Әлім, Табын, Шеркеш, Ысық руларынан бар.

Сондай-ақ Иран қазақтары 26 рудан құрылады: «Тіней, Беріш, Бегей, Қосқұлақ, Әбез, Жеменей, Байбоз, Ескелді, Медет, Жары, Қырықмылтық, Жаманадай, Мамыртай, Қожа, Қараш, Жақа, Көрпе, Байшақыр, Боксары, Жаппас, Қаржау, Тобыш, Әлі, Шегім, Табынай, Баубек» сонымен қатар Әлім, Найман, Табын, Жеменей руынан да-Ақшакедей, (4 отбасы), Қаракедей (17 отбасы), Есен (7 отбасы), Ақбота (6 отбасы), Бәйбіше (6 отбасы), Сұлтанәлі (2 отбасы), Олжашы (5 отбасы), Ордек (37 отбасы), Қара тоқа (7 отбасы)»-деп жазады зерттеуші-ғалым Мәнсүр Кияи.

Жалпы алғанда, осы уақытқа дейін рулар арасында туыстық қатынастар бір шаңырақтың мүшелеріндей сақталып келді. Өйткені сол 1980 жылдардың өзінде Гомбед, Бендершах-(Бендер-Түрікмен), Горган қалаларында тұратын Жеменей руы бар жоғы 53 отбасы төңірегінде ғана болатын. Сондықтан, олардың ер балалары қыздарын өздерінің қарындасы деп есептеген. Сөйтіп, ұл-қыз арасында бір әке-шешенің балаларындай бауырлық қатынас болған.

Қазақтардың өзге өңірлеріне қарағанда Маңғыстау қазақтарының арасында рулық құрылыс қалдықтары берік сақталды. Маңғыстаудағы әлеуметтік қатынастар патриархалды-феодалдық қатынас белгілеріне ие болды. Ақсақалдық және ру қаумы сияқты ұйымдар ұғымы берік сақталды. Адай руының әрбір аталары араларын көп қашықтатпай бірге көшіп қоныстанып жүрген.

Шындығында, осы рулық туысқандық қатынас осы күнге дейін өзінің маңызын жоғалтқан емес. Иран қазақтарының той, өлік жөнелту, т.б. жиындар барлық ағайынның бірлескен қимылымен істелінеді. Сондай-ақ, рулар арасындағы немесе ру ішіндегі дау-жанжалдар ең алдымен ауыл, ру ақсақалдарының алдынан өтіп, оладыр шеше алмаған жағдайда сотқа беріледі. Бұлардың барлығы ертеден келе жатқан рулық, қауымдық қатынастың қалдығы. Осы бір ата дәстүр жерлестерімізде жақсы сақталған

Иранда анықталмаған деректер бойынша он мыңға жуық қазақ тұрды. 1956 жылға дейін Иранда санақтың жүргізілмеуінің нәтижесінде мұндағы қазақтардың, басқа да ұлттардың әр жылда қанша болғандығын айтудың өзі қиын. 1956 жылғы және 1966 жылғы санақтың өзінде ұлттық белгісіне қарай мәлімет бермейді. Сонымен айтылған он мыңға жуық қазақтың ішінде бес мыңы Ауғанстаннан көшіп келген болса, Иран еліндегі қазақтың саны шамамен бес, төрт жарым мыңдай қазақ бар. Г.М.Мендикулова өзінің еңбегінде «1968 ж. олардың саны 400 отбасын құраған» деген мәлімет келтіреді.

Сонымен 30-шы жылдары Иран жеріндегі осы жердің әлеуметтік экономикалық өміріне бейімделу мақсатында маңғыстаулықтар біраз әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарды бастан кешіріпті. 10-15 жыл өткеннен кейін тұрмысын түзеп, бірқатары жұмысшы кәсібін алып діни оқуларда оқып, сауда мен ұсақ кәсіпті меңгеріп біртіндеп оңала бастады.

Төрт-бес жылдан кейін босқындар негізгі кезең өзінің бейімделуін аяқтайды. Ол енді тілді, жаңа қоғам мен оның мәдениетін меңгереді, бірақ ол

өзінің әлеуметтік жағдайымен ымыраласуға мәжбүр болады. Босқын біртіндеп сол елдің тәртібіне көнеді. Сөйтіп он жылдан кейін босқындар тобы белгілі бір тұрақтандыру деңгейіне жетеді.

Иранға қоныстанған қазақтар 1934 жылдан бастап 1950 жылға дейінгі уақытта жергілікті жағрапиялық, қоғамдық және мәдени ерекшеліктеріне бой ұсынып, тілін және жалпы заңнамаларын үйренуге жұмсады.

Иран екінші дүниежүзілік соғыста КСРО-ға қарсы фашистік Германияның плацдармына айналды. Неміс фашистерінің Иранда орналасуының өзі Кеңес Одағы үшін үлкен қауіп төндірді. КСРО үкіметі Иранға осы қауіпті жағдайға байланысты үш рет ескерту жасады (1941 жылдың 26 маусым, 10 шілде және 16 тамыз). Тамыз айында Иранға (1921 жылы жасалған Кеңес-Иран келісімнің 6 бабына сәйкес) әскерін енгізді. 1941 жылы 8 қыркүйекте КСРО және Иран арасында келісім жасалынды, ол бойынша Иран солтүстік аудандарындағы және түрікмен даласынан әскерін алып кетуге тиіс болды. Бұл жерге Кеңес Одағының әскері орналастырылды.

Иран қазақтары талай жыл бойы туған жерден мүлде хат-хабарсыз күн кешті. Сонда олар атажұрттан кеткелі тірі қазақ баласын екінші дүниежүзілік соғыс кезінде көрген. Тегеран конференциясы қарсаңында Иранға кеңес әскерлері келеді, олардың ішінде қазақ офицерлері мен солдаттары бар екен. Жауынгер бауырларымен ретін тауып әңгімелесіп, там-тұмдап туған елдің хабарын біліп, бір жасап қалады. Қазақ офицерлері Иранда тұратын ағайындардың үйіне барып, хал-ахуалын білгеннен кейін қажетті көмектерін көрсетеді. Мәселен, азық-түлікпен қамтамасыз ету, зорлық-зомбылықтан қорғау деген сияқты.

Соғыс жылдарындағы қиындықтарға қарамастан Кеңес Одағы Иранға тұтынатын және тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуде көмек берді. Тегеранда және басқа қалаларда емханалар және мәдениет үйлері ашылды. Иран, Түрікмен даласында және Хорасанда орналасқан Кеңес Одағаның әскерлері жаңа жолдарды салуда, жөндеу жұмыстарын жүргізуде, құдықтарды тұрғызуда үлкен істер атқарды, тегін дәрігерлік көмек беріп отырды. Иранда жұқпалы аурулардың тез таралу қауіпі болғандықтан бұл қажетті шаралар еді.

1950-60 жж. азаматтықтарын алып, әр түрлі жұмыстарға мамандана бастады, себебі бұл кезге дейін Иран қазақтары тек күнкөрістің қамын ойлады, сондықтан ол кездері білім-ғылым, мәдениетпен шұғылдануға мұршасы келмейтіні белгілі. Ирандағы қазақтар сол мемлекеттің азаматтығын 1962 жылы ғана алды. Отыз жылдан астам уақыт қазақ халқында бас еркіндігі болмады.

1968 жылы сол кездегі Иранның патшасы Мұхаммед Реза Пехлевидің кеңестік Қазақстанға сапары кезінде Дінмұхаммед Қонаев онымен етене әңгіме құрды. Иран қазақтарының жай-күйін патшадан сұрастыра отырып, сәлем жолдаған ол қазақтарға оң көзбен қарауын өтінді. Иран патшасы елге орала сала қазақтардың қайда тұратынын анықтауды тапсырады. Сөйтіп, М.Р.Пехлевидің Д.Қонаевпен кездесуі, оның алыста жүрген бауырларына ағалық сәлемі баспасөз беттерінде жарияланып, ақсақалдарды патша сарайына шақыру хаты келіп түседі. Сол кездегі қауымның ақсақалдар алқасының

төрағасы Ақмолда Талиб-ол-Илім бір топ қариямен Тегерандағы «Нияваран» атты патша сарайында өткен кездесуге қатысады, Пехлевидің ілтипатына бөленген олар патшаны отбасымен қазақ ауылына қонақ болуға шақырады.

1970 жылдары орта мектеп түлектері алғаш рет жоғарғы оқу орнына түсуге дайындық үстінде болды. Осы кезден бастап жастар ғылым, білім, мәдениет салаларында көптеген жетістіктерге жете бастады және қазақ қыздары да мектепте көптеп оқи бастады. Ел экранында кеңестік Қазақстанның «Қыз Жібек», «Транссібір экспресс пойызы», «Көксерек» фильмдері көрсетілді. Араб жазуымен жазылған М. Дулатовтың «Оян қазақ!» кітабы, М.Әуезовтың «Қараш-қараш», Т.Ахтановтың «Боран», Ш.Айтматовтың «Жәмилә», «Ақ кеме», «Ананың хикаясы», «Ғасырдан да ұзақ күн» еңбектері парсы тілінде кітапхана сөрелеріне түсе бастады.

Алайда Ирандағы саяси өзгеріс Ауғанстандағы аласапыранға ұласты. Мұндағы коммунистердің билігі халық қарсылығына тап болып, совет одағы оның ішкі ісіне араласып, қайсар ауған халқының совет әскерімен арасындағы сегіз жылға созылған қырғи-қабақ соғысы басталып кетті. Нәтижесінде шайқас кесірінен ауған жерінен босып кеткен босқындардың мәселесі күні бүгінге дейін жалғасып келеді. 1980 ж. 1000 үй кете, шөмекей, адай, табын рулары Иранға өтіп, Горган, Гомбет-Кабус, Бендер-Түрікмен қалаларында бұрыннан тұратын ирандық қазақтарды паналайды.

1980 жылдардың басы иран қазақтарына саяси, қоғамдық, мәдени және экономикалық тұрғыдан жаңаша өмір алып келді. Өйткені Иранның өзінде Ирак елімен сегіз жылға созылған кескілескен соғыс басталған еді. Мыңдаған адам жараланса, мыңдаған батыр шәһид кетті, көптеген қалалар жермен-жеркесен болды. Алайда Иранның мұсылман отансүйгіш ержүрек халқы соғыс біткен соң тез арада қалаларын қалпына келтірді, жаңа өндіріс орындарын ашып, ел экономикасын көтерді. Бәлкім, одан да маңыздысы-рухани тазалыққа, тәуелсіз дәстүрлі мәдениетін жаңғыртуға ұмтылып, өнердің барлық салаларына өзгеріс енгізді.

Соғыс тауқыметін Иран қазақтары жергілікті халықпен бірге тартты. Тұрып жатқан елін қорғауға аттанған қазақ жігіттері әскер қатарында болсын, шайқас майданында болсын жауынгерлік міндет атқарды. Иран-Ирак соғысына Иранда тұрып жатқан қандастарымыз да қатысқан екен. Қатысып қана қоймай, қан төгіп, жан берген. Онда қазақтар мекендейтін Иранның Горган, Күмбед, Аққала және осы Бендер-Түркменнің «Қазақ-махаллесіндегі» біраз адам аттан кезінде соғысқа алынғанын айтып отырды. Иранда соғысқа қатысқандар да, соғыста қаза тапқандар жанұясы да ерекше қамқорлыққа алынған. Қаза тапқан жауынгерлер атына берілген көшелер де бар. Ал Бендер-Түрікменнің “Қазақ-махаллесіндегі” көшелердің бірі “шәхид Павиз көшесі” деп аталады. Павиз-өзіміздің сол жердегі қандасымыз, Иран-Ирак соғысында мерт болған екен. Сондай-ақ Иран-Ирак соғысында қаза тапқан өзге де қандас шәхидтерге мазар тұрғызылып, ескерткіш орнатылып, оны күту мемлекет қарамағына алынған. [

Иран қазақтарының Ауғанстан, Түркияда тұратын қазақтармен қарым – қатынасы 1980 жылдары жандана түсті. Оған бірден-бір себеп Ауғанстанға

кеңес одағы әскерінің басып кіріп, сегіз жылға созылған соғыстың басталуы еді. Соның салдарынан Ауғанстанның қарапайым жұрты қатты зардап шегіп, елдің әлеуметтік экономикалық жағдайы нашарлап, жұмыссыздық пен ішкі психологиялық күйзелістің өршіп кеткенінен миллиондаған ауған азаматы көрші елдерге және Еуропа елдеріне босып кетті, олардың ішінде қазақтарда болды. Қазақтар негізінен қазақ диаспоры тұратын Сауд Арабиясы, Сирия, Иран, Түркия сияқты мемлекеттерді барып паналады. Иран, Сауд Арабияға барған қазақтар босқын мәртебесімен күн кешті. Ирандағы қазақтар да босқын бауырларына қол ұшын беріп, олардың тиісті мемлекеттік мекемелерге тіркелуіне көмектесіп, босағасынан орын беріп, дәм тұзын бөлісті. Ағайындық-қандастық міндетін шама шарқынша атқара білді. Соның арқасында ауған, иран қазақтары күні бүгінге дейін туыстық, достық қарым-қатынастарын үзген емес.

Қазақ диаспорасына тән қасиет ол кез-келген елдің әр-алуан экономикалық, мәдени және діни бағыттарына еш қиындықсыз үйренісіп кетуі. Бәлкім бұл өркениеттегі көшпенділер арасындағы генетикалық байланыспен түсіндірілер. Көшпенді өмір, яғни, номадтық көшпенді халықтарды әрдайым тіршілік үшін күреске итермелейді, бұл табиғи климаттық факторлар және ішкі қарама-қайшылықпен түсіндіріледі. Жоғарғы деңгейдегі бейімдеушілік тірі дамудың міндетті себептерінің бірі болды. Көшпенділердің тұрмысындағы қатаң жағдай олардың бір жерден екінші жерге ауысуы, Алатаудан Сарыарқа жазығына дейін, одан ыстық Мойынқұм шөліне немесе Маңғышлаққа, сонымен қоса олардың бойларында қозғалмалық, әлеуметтік жұмыла кірісушілік, жаңа жағдайларда тез шешім қабылдағыштық, ал кейде тіпті тәуекелге бару сияқты қасиеттер пайда болады. Нақты осы қасиеттер көшпенділерге жаңа қоғамда икемделуіне сәттілік әкелді.

Гүлістандағы ірі өзендер Карасу, Атрек және Горган-Руд, олар терең әрі үлкен емес. Ең ірісі – Горган, ұзындығы шамамен 250 км жуық. Өзен жағалаулары биік, тік жарлы болып келуінен, егістікті суландыруда өзен суын пайдалануға қиындықтар туғызады. Горганның негізгі тармақтары Нардин, Нудех и Чегали.

Мұнда үлкендігі жағынан екінші орында – Атрек өзені. Оның бойымен бұрын КСРО мен Иранның мемлекеттік шекарасы өтті. Оның жоғарғы ағысының жағалауы тік жарлы болса, ал орта және төменгі ағысының жағалаулары (ылдйлы) төмен болып келеді. Сондықтан егістік алқаптарын суландыру тек орта және төменгі ағыстарында ғана мүмкін болған.

Гүлістан провинциясының экономикасы, егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, балық аулау және өнеркәсіп салаларын құрады. Бұл аймақта егін шаруашылық өнімдерінен бидай, мақта, темекі, күріш және басқа да өнім түрлері шығарылды. Қазба жұмыстарының барысы анықтағандай Гүлістан провинциясы жағымды қоршаған ортамен адамзат тарихында ең маңызды жердің бірі болып саналып келеді.

Бұрынғы тұрған Маңғыстау өлкесінде мал шаруашылығымен және көшпелі өмір салтымен айналысқан қазақтарында егіншілік, негізінде, тұрақты сипатта емес, қосалқы кәсіп ретінде ғана болған.

Маңғыстау қазақтарының қоныстанған Иранның солтүстік аймағы ежелден диқаншылыққа қолайлы болған. Парсылар суармалы егіншілікпен айналысып, бидай, тары, күріш, мақта, шай, қызылша сияқты түрлі дақылдарды өсірумен шұғылданды. Осы жерді бұрыннан мекендейтін Ирандық түрікмендер де егіншілікпен кеңінен айналысқан. Түрікмен тайпаларының арасында егіншіліктің кең тарала бастауына Иранның солтүстігіндегі қолайлы табиғи жағдайлар – құнарлы топырақ, ылғалдың молдығы әсер етті.

Информанттардың айтуы бойынша бұрын әкелері жер сатып алып қойын, сиырын бағып жүрді, көбісі ала сиырлар ұстады, бірақ көп ұзамай жердің иесі жерді өзі қайтып алды, мал бағатын жер болмай, малдарын сатып көбісі саудаға кетті. Қазақтар ауқаттылау тұратын түрікмендердің малын бағып, парсылардың жерін жыртып дәнін септі. Күнелтіс үшін әркімнің жерін жыртып, малын бақсада алақан жайып, қайыр сұрамағанына парсылар таң қалып «намысшылдар» деп айтқан.

Иран авторларының мойындағанындай Горган мен Дешті Горган мал шаруашылығы басты шаруашылық саласы ретінде дамымады. Өйткені барлық назар егіншілікке, әсіресе мақта өсіруге аударылды. Мал шаруашылығы тек қосалқы шаруашылық саласы түрінде сақталынды.

Жер өңдеп, егін салуды көбісі бұрын кәсіп қылмаған, мал шаруашылығымен ғана айналысқан қазақтарға Иран жерінде күн көру оңайға түскен жоқ. Уақыт өте келе қазақтар шаруашылығын дамыту үшін азын аулақ малы менен қоса тұрмыстық сұранысты қанағаттандыру мақсатында егіншілікпен де айналысуларына тура келді. Бұл жағдай жаңа мекендегі олардың өмір сүруінің сапасын көтергендей болды, тапшылығынан азда болса құтылғандай болды.

Иран мемлекеті кейінірек қазақтарға қарызға жер берді, біртіндеп комбайн, трактор алып егін еге бастайды. Қазақтардың арасында біразы мақташылықпен айналысты, қыз-келіншектер мақта теріп, жігіттер бидай орады (бұрынғы кездері қолмен). Әрине бұрын жер өңдеп, диқаншылық негізгі кәсібі болмаған қазақтар үшін Иранның табиғи жағдайы талап ететіндей бірден егіншілікпен айналысып кету қиындық туғызды.

Бірақ, осыған қарамастан Иран қазақтары сыртта жүріп жер алып диқаншылық кәсіпті де меңгерді, жинаған өнімдерінің артығын базарға сатып өздерінің әл ауқатын жақсартты. Осы тұста айтарымыз Иран қазақтары арасынан шығып, егін шаруашылығымен айналысқан санаулы адамдар болды, олардың қатарында Қажы Ерқасым, Қажы Нұрқожа мен бауырлары Қажы Ескендір, Шуақ қажы және Ақмұрат қажы Ырақбайұлы сияқты ақсақалдарды айтуға болады.

Бұрын халық егіншілікпен айналысып бидай өсіретін еді. Қаланың көлемі өсіп, мал ұстайтын жер қалмағандықтан көп мал ұстауға мүмкіндіктер болмай көбісі өзінің ауласында аздаған қой мен сиыр ұстады.

Егіншілік үшін жерді жыртытын және тырмалайтын, астықты жинайтын және өңдейтін құралдар қажет болды. Тіршілікті қамтамасыз ету мақсатында егіншілікпен қатар, бұрыннан қазақтар игерген кәсіптермен: арба жасау, темір

ұсталары айналысып, үй кәсіпшілігіне қажетті бұйымдар жасай бастады. Кейінірек мемлекет тарапынан берілген жерді игеріп комбайн мен трактор алып, оны егіс егуде қолдана бастады. Ендігі жерде Иран қазақтары сыртта жүріп диқаншылықты меңгерді. Олар өздерінің жинаған өнімінің артығын саудаға салып әл-ауқатын түзеді.

Каспий теңізі жағалауының тұрғындары үшін балық аулау маңызды шаруашылық саласы болып отыр. Иранның солтүстігіне қоныстанған қазақтар балық аулау кәсібін де шет қалдырмады. Каспий жағалауында бұрыннан теңізге шығумен, балық аулаумен және теңіз саудасымен айналыспайтын ауыл жоқ. Теңіз жағалауында өмір сүретін түрікмендер арасында балық аулау ісімен айналысу маңызды орын алған. Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс бөлігі сан алуан балық түрлеріне бай, себебі тек бұл жерге ғана көп мөлшерде Горган, Атрек, Қарасу және басқа көптеген ұсақ өзендердің тұщы суы келеді. Бірақ бұғаздың ішіндегі сияқты және бұғазға құятын өзендерде балықтың тек бірен-сараң түрлері кездеседі. Г.С.Карелиннің айтуы бойынша көктем кезінде Атрек өзенінің құйылатын жерінде «балық сансыз көп болғандығынан, толқынға ұқсайды». Сол сияқты Горган өзенінің құйылмасы балыққа өте бай. Балыққа бай болғандығы сонша, оның бір бөлігі көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын көршілеріне сатылатын.

Информанттардың айтуы бойынша: «Қарасу өзені маңында балық аулап жұмыс жасадық, әйелдерді де, еркектерді де балық аулауға жұмысқа алды. Балық аулаған еңбегімізге әр адамға бір айда екі пұт күріш берді, оншақты түмен тенге берген. Бендер-Түрікмен қаласында балық шаруашылығымен айналысатындар болды, сонда балық аулауға жұмысшы керек болып қазақтар сонда орналасқан.

Сонымен, Иранға қоныстанған қазақтар арасында бастапқы жылдары егін шаруашылығы, мал шаруашылығы және балық аулау кәсіптері болғанымен, негізгі шаруашылық түрлері болып қалыптасқан жоқ. Себебі иран үкіметі көшпенді халықтардың көпшілігін отырықшы шаруашылыққа айналдыру саясатын жүргізді, ал егіншілікпен көбіне жергілікті ирандықтар мен түрікмендер айналысты.

Иранға қоныстанған қазақтар егін ору, масақ теру, Горгендегі ойпатқа тауды қопарып тегістеу, оған үй салу сияқты қара жұмыстардың бәрін атқаруға тура келді. Сол кезде Горган қаласынан жан-жаққа тас жолдар салынып жатқан болатын. Қазақтардың көпшілігі тас жол құрылысын, үй салу, жүк тасу, ор қазу тәрізді істерді атқарды. Атап айтқанда Бахшахар мен Бендершах қалалар арасында салынып жатқан трасса құрылысында қазақтар жұмысшы болып жалданды. Мемлекеттік қара жолдарды жасауды өз мойындарына алып, асфальт төсейді. Олардың жол құрылысында, ғимарат салу жұмыстарында жасаған еңбектері Иран өкіметі тарапынан ерекше бағаланды. Сондай-ақ, қазақтардың көбі күнделікті табыс үшін соған жалданып, жұмыс істеді.

1938 ж. Тегеранды Парсы шығанағындағы Бендер-Шахпур және Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауындағы Бендер-Шах порттарымен жалғайтын

алғашқы Трансиран темір жолы іске қосылды. Қазақтардың көпшілігі темір жол құрылысында жұмысшы болып жалданды

Қазақтардың арасында үй салу кәсібімен айналысатын шеберлер де кездесті. Бірнеше қабат үйлерді жасауға келісім жасап, есік-терезе, әйнек, кафель сияқты әртүрлі кәсіп иелері жүздеп саналады. Мысалы, қазақтар Горган қалалық әкімшілігі, әділет мекемесі, ұлттық банк тәрізді ғимараттар құрылысында да қазақтардың қолтаңбасы бар екендігі жергілікті «Гүлістан» газетінде жазылған.

Әсіресе, арба жасауды бұл төңіректегі қазаққа жететін ешкім болмаған. Ол уақытта машина көлігі енді шығып жатты, сондықтан арбаға жететін көлік болған жоқ. Осы жердегі иран, түрікменнің бәрі арба жасату, не жөндеу үшін қазаққа келіп жүгінеді. Келе-келе арбаларын сатып, машинаны көлік ретінде пайдалануға көшті. Жүк таситын, топырақ төгетін, жер қазатын кам-қаракеттер жасайтын, т.б. шаруашылық түрлеріне техниканы пайдалана бастады. Осындай ауыр кезеңнен өткен қазақты еңбекқорлығы сақтап қалды.

Бұрынғы тұрған Маңғыстау өлкесінде темір ұсталары темірден әртүрлі соғыс құрал саймандарын, үй бұйымдарын, ер тұрман бұйымдарын, ауыл шаруашылық бұйымдарын, ағаш және тас шеберлеріне керекті саймандарды жасайтын болған.

Ирандағы қазақ бауырлардың қолынан келмейтін кәсібі жоқ. Өте іскер, әрі еңбекқор. Көпшілігі күнбе-күнгі тамағын табу үшін жалданатын ұсақ кәсіпкерлер болып еңбектенді. Машинаның қандай түрін де жүргізе алатындықтарымен қоса, олардың қосалқы бөлшектерінің қалай жасалуын, машинаның жөнделуін жергілікті халықтан артық меңгерген. Бірқатары үлкен машина алып, Иранның бас-аяғына, ірі қалаларына жүк тасиды. Жүк машиналарының қорабын жасайды, темір балқыту қолдарынан келеді. Тоқ, су және жылу (пар) тораптарын (труба) орнатады.

Иран егінді ел, сондықтан астық өңдеу қай аймағында да бар. Ал астық өңдеу құралдарын жасау кез келген жерде кездесе бермейді. Бұрын мұндай құрал-жабдықты шет елдерден алатын. Иран елі соңғы жылдарда өз мүмкіндігін пайдалануға күш салды. Егін піскен уақытта егін оратын комбайндары бұзылғанда жөндеуге олар қазақ балаларына келіп, бірқатары комбайн айдауға, бір қатары бұзылған темірін, мыжырылған жерін жөндеп, жолға салды.

Оразмағанбет Тұрмағамбетұлының баласы Мұхаммед Көрпе үкімет-басшыларынан бұл істі техникамен жабдықтауды сұрайды, бір адам қолымен қанша жұмыс жасайды, құрал-жабдықты неғұрлым мол өндірілетіндігін дәлелдеп айтты. Оның тілегін басшылар орындады. Сөйтіп, Бендер-Түрікменнен ол астық құралдарын жасайтын шағын зауыт ашты, оны ата жұрт есімімен «Қазақ» деп атады.

Қазақтардың еңбекке қабілетті бөлігі механизатор, ауыр машиналарда жүргізуші, құрылысшы, шағын дүкендердің қожайыны және жеке кәсіпкерлікпен, қолдан жасалған парсы кілемдерді Түркияға және Европалық мемлекеттерге шығарумен, ал ол жерден тұрмысқа қажетті

тауарларды Иранға жіберумен айналысты. Информанттардың айтуы бойынша, осында келгелі де саудамен айналысқандары, ілгеріде Самарқан, Бұқара, Қарақалпақ жеріне, Түрікменстанға талай барып келген екен. Иран қазақтары арасында Әбділкәрім өзінің жекеменшік машинасымен Таяу Шығыстағы талай мемлекеттеріне жүк тасымалдапты. Горгандағы қазақтардың көбінде жүк машинасы бар, соның ішінде 20-50 тонналық Чехославакияның «Татра» машиналары бар, сонымен жан-жаққа жүк тасыған.

Ирандағы қазақтардың бәрі болмаса да тең жартысы саудамен шұғылданды, олардың 30 % жүк тасымалдайтын орындарында, 10 % мемлекеттік мекемелерде еңбек етті, қалғандары әртүрлі кәсіппен шұғылданған және олардың ішінде жұмыссыз қазақтар да бар. Қазақтар шағын дүкендердің иесі, Түркия және Европа мемлекеттеріне парсылардың қолынан тоқылған кілемдерін тасумен, ал ол жақтан Иранға тұрмыстық тауарлар әкелетін жеке кәсіпкерліктермен айналысады.

Иран, Ауған, Түркия қазақтарының жақын қарым-қатынас жасаудағы себебі-1979 ж. Иран ислам төңкерісінен кейін 1980 ж. басталған Ирак елімен сегіз жылға созылған шайқас еді. Соның кесірінен көптеген индустриалдық, өндірістік орындардың жабылып, құрылыс саласының тоқтап қалуынан елді жұмыссыздық жайлады. Соған байланысты жұрттың жаппай сауда-саттықпен айналысуына тура келді. Әрі коммерциялық тауарлардың басым бөлігі Түркия елінен тасымалданатын еді, мыңдаған адам осылай күн көрді.

Жалпы Шығыс елдерін (Түркия, Иран, Ауғанстан) мекендеуші қазақтар анағұрлым шоғырланып мекендеген. Бұған олардың бірлесіп тұру тілегі ғана емес, сонымен бірге реципиент–елдің олар жөнінде жүргізген саясаты да ықпал еткен. Қазақ халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігінен қанға сіңген тамаша бейімделгіштік, жерсінгіштік, алғырлық қабілет-қасиеттерінің арқасында қазақ диаспорасы жартылай этникалық, мультимәдени, мультидәни құрылымды елдерде жергілікті тіршілікке бейімделіп кете алды.

II. ИРАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЗАТТАЙ МӘДЕНИЕТІ

Дәстүрлі тұрмыстық материалдық мәдениетті зерделеу әдетте этнография саласының бірден бір маңызды пәні болып табылады. Материалдық мәдениетті қалыптастыру географиялық ортаға, шаруашылық бағытына, халықтың әлеуметтік құрылымымен тығыз байланысты. Ирандағы қазақтардың мекендері, тұрғын үйі, киімдері мен бұйымдары Маңғыстаудың табиғи географиялық жағдайынан мүлдем өзгешеленетін экологиялық жағдайларға орай өзгеріске ұшырайды.

Халықтық тұрмыстың ең маңызды элементтерінің бірі болып табылатын баспана мәселесі этнография ғылымының аса маңызды зерттеу объектісі болып келгендігі белгілі. Тұрғын үйлердің алуан түрлілігі мен сыртқы көрінісі және қоныстану тәртібі халықтың тарихи тағдырымен байланысты болып әлеуметтік экономикалық қатынастардың деңгейіне, шаруашылық қатынастардың деңгейіне, шаруашылық ерекшеліктеріне қатысты болды.

Ирандағы қазақтар негізінен Горган, Бендер-Түрікмен, Гомбед-Кабус дейтін үш жерде шоғырлана тұрады. Әуелде қазақтар тұратын ауылдар аталған қалалардың шет жақтарында орналасты.

Көшіп келген кезде қазақтар тұру үшін өздеріне ағаш, уық, киіз сатып алып, күрке қылып бастапқыда сөйтіп өмір сүрді. Информаторлардың айтуы бойынша: «Басында баспана ретінде күрке түріндегі жер үй жасап бастаған. Жер үй дегені жерді адам беліне келгенше қазып, топырағын далаға тасып, жиектеріне қамыс тығып, қамыстардың басын бүріп байлап қойып, кейін жұқа саз балшықпен сылап қоятын едік. Бұл жазда салқын, қыста жылы баспана болатын».

Иранның солтүстік-шығыс жерлері-таулы-орманды, сулы табиғаты ағаш және қамыс материалдарын көптеп пайдалануға қолайлы болған. Жері әр-түрлі ағашқа толы болды, биіктігі аспанмен таласады, арбамен ағаш қиып әкеліп тасып, ағашты қағып, арасына қамыс өріп балшықпенен сылап, төбесін шөппен жауып сөйтіп үй қылып өмір сүрген. Негізінен құрылыс жұмыстарын әркім өз күшімен атқарды,

Информаторлардың айтуы бойынша түрікмендер ағаш үйді баспана ретінде кеңінен пайдаланды. Ирандағы түрікмендерде киіз үйлердің болғандығы туралы Б.Логашова өзінің жұмысында былай атап көрсетеді: «Дешті Горганда өзінің көлемімен ерекшеленетін үлкен киіз үй-«гара-ой» және шағын киіз үй-«кичижик-ой» үйлері болған. Кедей түрікмендердің үйі жерге шаншылған сырғауылдар мен туырлығы болмаса қамыстардан тұрды.

Информаторлардың айтуы бойынша қазақтардың кейбірі итарқа деп аталатын үй салған. Кейінірек үйлерді балшықтан сала бастады, үйдің қаңқасын қамыспен өріп, кейін сырты-ішін сабан араласқан балшықпен сылап қойған. Әрине, есік-терезелерінің орындарын алдын-ала жоспарлап қойып кетеді. Өте жеңіл, әрі оңай тұрғызылады. Қабырғаларын құрайтын қамыстардың ұштары жерге тұрғызылады. Ол үшін жерді ені жарты метрдей, тереңдігі 60-70 см қылып дайындайды да, қамыстардың басын шаншып тыққаннан кейін іші-сыртын құммен нығыздап, толтырып тегістейді. Бірнеше уақыт өткеннен кейін балшықтан соқпа соғып үй жасайды. Ол үшін сабанды құмға араластырып балшық жасаған, ол балшықтың жарылып кетпеуіне себеп болды, бұл үйлер қыста жылы, жазда салқын болған. Балшықтың иі қансын деген оймен, әбден илегеннен кейін бір жетідей сабан араласқан қалпында қалаған, балшықты кейін домалақтап сызылып-белгіленіп қойған үй орнына апарып қалайды. Қалау барысында есік-терезелер орнын қойып кетіп, жалпы қаңқасын тұрғызады. Төбесіне бөрене ағаштар тастап, араларын қамыспен толтырып, бір-біріне тығыз өріп кейін саз балшықпен сылап тегістеп жабады. Едені, төбесі (шатыры, қаңқасы балшықтан болғандықтан өмір сүруге өте ыңғайлы жақсы баспана болатын. Берегірек келе баспананы тастан (кірпіштен) сала бастады. Салған үйлердің іргетасы биіктеу болады, аулалары кең, сарайы, мал қорасы, туалеті, гаражы аулада орналасады.

Жылдар өтіп, жағдай біршама жақсарғасын жергілікті халықтан көріп-үйреніп пісірілген кірпіштен үй сала бастайды. Құрылыс материалы ретінде

әдетте шығыста күйген кірпіш жиі пайдаланады. Алдымен темір керегелерін керіп алып, аралықтарын кірпішпен қалап, өреді. Үй салу үшін құралдарды, тастарды кірпіш, тас шығаратын заводтардан сатып алатын. Кірпіштер арасын балшық, кейде құм араласқан цементпен қалап жасайды. Есік, терезелері ағаштан, темірден жасалады. төбесін, (шатырын) ағашпен жабатын ұсталар орындаған. Ерекшелігі, терезелер көлемі үлкен және еденге жақын орналасады. Үй құрылысында жұмыстар бөлініп жасалынған, балшығын біреу илейді, кірпішті екіншісі қалайды, ішін енді бірі сылайды. Кірпішті балшықпен қалыптарға салып дайындап, кейін арнайы жер асты пештеріне пісіреді. Уақыт өте келе үйлер заманға лайық қылып салынды.

Информаторлардың айтуы бойынша бастапқыда үй салып білетін адамдардың қасында жүрдік. Бірінші үйдің іргетасын 1-1,5 м қылып қалаймыз, себебі жері сулы болғандықтан іргетасын жоғарылау қылып қалаймыз. Үйді қазақтар өздері салып, тасын қалайтын шеберлерді пайдаланған, бірақ қалғанын өздері істеген. Үйдің үстін шифрмен, 1-3 м көлеміндегі қаңылтырмен жабады. Тұрғындар аулаларына көбіне шаруашылыққа қажетті құрылыстар орналақан-олар азық-түлік сақтайтын қойма, әр түрлі заттарды, еңбек құралдарын қоятын сарай, бұзаулы сиыр, қой қамайтын қора.

Информаторлардың айтуы бойынша қазақтар тұрған жер қаланың шеті болды. Бастапқыда біздер келгенде суды сатып алған кездер болды, бертін келе үкімет жер астынан су қазып шығарды, сөйтіп су үйлерге трубамен жеткізіліп отырады. Үйлерге газды тартып бергеніне 25-30 жыл болды, оған дейін бәрі өздері пеш жасап алып, уақ ағаш, тезек, қоқым, соларды пешке салып жағып күн көрді. Бір жағып қойсаң келесі күнге дейін жылу болады, түтін далаға шығып жылу үйден кетпейді. Қазақтар тұратын қалалар жарықпен, сумен, газбен жақсы жабдықталған, судың, газдың трубаларын біздегідей жердің үстімен емес, жердің астымен жүргізеді. Қазір су кранмен келіп тұр, бұрын халық суды шелекпен таситын. Үйдің алдына аздаған мал ұстайтын қора-қопсалар салып, аула жасап алған. Бендер-Түрікменде қазақтар тұратын көше бұрын тек бір-бетте болатын еді, енді көше өсіп, үйлер екі бетте орналасқан.

Информаторлардың айтуы бойынша: «Үй салған кезде кірпіштің үстін цементпен басып, екі қабатты үйдің асты 3 бөлмелі, үсті-3 бөлмеден тұрған. Үлкен балаға енші беріп, өзін бөлек шығарады, ал кенже бала үйде қалады. Қазақтар өздері тұратын үйлерін терезелерін, шарбақтарын әдемі өрнектермен оюлап жасайтындар кездеседі, үйлерінің алдында үлкен ауланың ішінде монша, туалет орналасады. Бұрын үйді отын пешпен жылытатын болса, қазір бәріне газ өткізіп сонымен жылытады. Бұрын су бәрінің үйінде болған жоқ, 5-6 жанұяға бір үлкен кран болып, содан бәрі су таситын, ал соңғы 30-35 жылда суды кранмен жалғап су бәрінің үйіне келіп тұр.

Сөйтіп, бастапқы кезде қазақтар тұрған жерлер біртіндеп өсіп, әсіресе, Горгандағы қазақтар ауданы қаланың ортасында қалып қояды. Әр қалада екі махалладан (ауылдан) бар. Махалла квартал дегеннен үлкендеу, бірнеше көшеден тұратын, қаланың жалпы көрінісінен оқшауланбайтын орам екен. Көбінің үйлері екі қабат десе де болады, әйтеуір, еңселі ғимараттар. Оның

үлкен бір себебі - жер асты суы жақын болған соң іргетасын биіктеу салу, әсіресе, қазақтарға тән сияқты. Бендер-Түрікмен, Гомбед-Кабус қалаларында тұратын қазақтардың көбісі бір қабатты үйлерде тұрады. «Қазақ махалла»-көпшілік қойған ат. Тұрпаты Ирандағы біркелкі төртбұрышты үйлерден аумайды. Шығысқа тән тарлауыт көшедегі үйлердің төменгі қабатында әдетте дүкендер орналасқан. Дүкен-қазақ махаллада аз десе болады. Әл-ауқаты келіскендер қос қабаттап үй тұрғызып алады. Ирандағы қазақтар ұйымдаса қоныстанғанды қолайлы санайды. Бір-екі отбасы болып үлкен қалаларда мысалы, Тегеран сияқты қалада өмір сүріп жатқан азаматтарда аз емес.

«Қазақ махаллесін»-осы елдегі қазақ мәдениетінің оймақтай ошағы деп айтсақ артық емес. Жергілікті түрікмендер қазақтар отырған аумақты алғашқыда «Біліш махалле» деп атапты. «Біліш»-таныс, біліс дегені қой. Бірақ кейін біртіндеп әлгі қалалар өсіп, әсіресе, Горгандағы қазақтар ауданы қаланың ортасында қалып қояды. «Біліш махалле» аты да өзгеріп, «Қазақ махалле» деп аталатын болды.

Солардың ішінде қазақтар көбірек қоныстанған жерлер ретінде Горган мен Бендер-Түрікмендегі қазақ махаллелерін айтуға болады. Бұл қалаларда қазақтар екі бөлініп қоныстанған, ол аудандардың барлығы да «Қазақ махалле» деп аталады. Айталық, Бендер-Түрікмендегі бір қазақ ауылын «Ілгері қазақ махалле» деп, екіншісін «Кейінгі қазақ махалле» деп атайды.

Горган, Бендер-Түрікмен, Гомбед-Кабус қалаларының халқы көпшілігі аралас, әр түрлі ұлттардан тұрады. Мұндай елді мекендерде қазақтар бөлек ауыл болып орналаспағанмен әр бөлек көше бойына орналасқан.

Қазақтар тұратын үйлерле үш, төрт, бес бөлмелі үйлер бар, Одан да көп бөлмелі үйлер кездеседі. Көп бөлмелі үйлердің санының өсуіне тек жаңа үйлердің соғылуы ғана емес, үйлерге қосымша құрылыстардың салынуы да әсер етті. Отбасы құрамы көбейген адамдар жаңа үй тұрғызуға қаражаттары болмағандықтан, тұрмыс жағдайлары көтермейтіндіктен, жаңа үй сала алмайды. Тек үйлеріне бөлмелер қосып салу арқылы жағдайларын жақсартады. Соның ішінде Иранда тұратын қазақтардың үйлерінің үлкеюі оған қосымша ретінде екінші қабатқа бөлмелер салу, себебі жаңадан үй салу үшін жер сатып алу керек, ал жердің бағасы өте қымбат. Бұл ретте отбасылық және демографиялық факторлар да маңызды роль атқарады. Мысалы, біз қарастырып отырған аймақтағы жергілікті халық көп балалы болғандықтан, оларды үйлендіріп, жеке шығарғандықтан үйлеріне қосымша құрылыстар жүргізіп отырады

Ирандағы үлкен және шағын қалалар өте жақсы көгалдандырылған, ағаштар (оның ішінде, жеміс ағаштары да) көшеде де, үйлердің айналасында да өсіп тұр. Халық жердің астымен өтетін трубалар арқылы сумен қамтамасыз етілген.

Біз зерттеген аймақтарда, үйдің алдындағы аулаға ағаштан немесе темірден жалпақ етіп демалатын тахта жасалынған. Үйлерді тұтастай жабық қабырғалармен қоршап, сыртқы әлемнен бөлектеп тастайтын әр-түрлі

қоршаулар жасалған. Көше жақты және көршілер жақ бетін биік емес етіп әртүрлі қоршаулар бөліп тұрады

Ұлттық киім сан қырлы және өзгермелі құбылыс ретінде тарихтың көптеген мәселелерін шешу үшін үлкен қызығушылық туғызады. Әртүрлі кезеңдердегі киімнің ортақ белгілерін анықтау мен талдау бірыңғай қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қандайда бір халықтың дәстүрлі киімінің өзіндік бітімі, оның қалыптасуы, бір ғана халықпен шектесіп қоймай, үнемі байланысып толығыуы және өзара ықпал етіп, бір бірін байыту үшін тарихи кезең шеңберінде ұзақ уақытқа созылады.

Жалпы этникалық тұтастық сақталған орталар зерттелгенімен де, өзіндік ерекшеліктері бар алыс шет аймақтағы, соның ішінде алыс шет мемлекеттерде тұратын қазақтардың ұлттық киімі зерттеуге тұрарлық. Сондай-ақ қызығушылық туғызып отырған мәселелердің бірі – шет мемлекеті Иранда тұрып жатырған, кезінде Маңғыстау өлкесінен көшкен қазақтардың заттай мәдениеті.

Иранға келіп қоныстанған қазақтардың ұлттық киімдері осы жердің табиғи-климаттық жағдайының әсерінен өзгеріске ұшырады. Бұрын Маңғыстауда тұратын қазақтардың ұлттық киімдері көшпелі елдің тұрмысына бейімделген, ыңғайлы және жылы болып, көбіне малдың терісі мен жүнінен жасалатын еді. Қазақ халқының киімдері жас шамасына қарай ерекшеленген. Жастар киімі ою-өрнекті, қызыл-жасыл болып келсе, үлкендер киімдерінде ою-өрнектер аз кездеседі.

Киім кешектің қандай болуы гео-мето жағдай, ұлттық ерекшелік, дәстүр, адам қызметтерімен қатар тарихи өмірдегі өзгешелікке бейімделіп отырған.

Иранның қысы Маңғыстаудың қоңыр күзі не ерте көктеміне ұқсас, ал жазы ыссы болып келеді, сондықтан малдың терісінен, жүнінен жасалатын киімдер қолданылмады. Ендігі ерде қазақтар арасында мақта матадан және түрлі түсті жібек маталардан жасалынған киімдер қазақтардың тұрмысына ене бастады. Олар көрші орналасқан түрікмен, иран халықтарының жергілікті өндірісте шығарылған маталарын пайдаланған.

Ер адамның киімдері көбіне өзінің байырғы үлгілерінің көбін сақтап қалды. Олар іш киімдер, әр түрлі көйлек, шалбар, бас киімдерден тұрады. Жасы келген ерлердің киімдері тік жағалы, түзу болып тігілетін кең көйлек пен белінде буынатын жібі бар ұзын дамбал, көбінесе ақ, көк түсті маталардан тігілетін. Ол кең етіліп пішілетін де, аяғына қарай тарыла түседі. Отырып-тұруға қолайлы бұл киімдер егде жастағы Иран қазақтарының арасында осы күнге дейін сақталған. Ерлер көйлегінің етегі ұзын, кейбір кезде тізеге жетеді, алды тік жағалы, әлде көкірекке дейін ашық болып, омырауына бірнеше ілгектер қадалады. Тұрмысқа қолайлы бұл киімдерді Иран қазақтарының егде буын өкілдері осы күнге дейін қолданып келеді. Ирандағы қазақтар бұл көйлектерді өздеріне қолайлығын ескере отырып, күнделікті киімнің қатарында сақтап қалған. Орта жастағы ер адамдар және жастар көпшілігі зауыттарда тігілген шалбарлар мен әр түрлі түсті көйлектер киеді.

Маңғыстау қазақтарының бұрынғы ұлттық бас киімдері: бөрік, тымақ, құлақшын, қалпақ және телпек болған. Әрине, Иран қазақтарының арасында осы өңірдің ауа-райының жылылығына қарай бөрікті, тымақты қолдануын тоқтатып, тақия немесе ақ орамалмен басын орап алу кең тарай бастады.

Қазақ бұрыннан да үйде отырғанда жалаңбас жүрмей, басына телпек киетін немесе ақ орамал тартатын. Иран мұсылман мемлекетінде тұратын үлкен қариялардың көпшілігі басына сәлде киеді. Сәлдені қазақтарда үлкен қариялар мен молдалар ғана киген болса, Иранда тұратын қазақтар арасында орта жастағылар мен жастар арасында да сәлде салып жүретіндер кездеседі. Соған байланысты Т.Кәкішевтің айтуынша, басына сәлде орап алғанын көрсеңіз, «қажыға барып келген адам дей беріңіз».

Иран қазақтары арасында сәлде орау кең етек жайған, қариялардың киетін сәлдесі көбіне ақ түсті болатын. Көршілес тұратын түркмендердің да арасында сәлде киіп жүргендер кездеседі, арасында молдалар бар. Бұл осы мемлекеттің халқының ислам дінін берік ұстануымен де байланысты.

Иранға көшкен қазақтардың аяқ-киімдері де өзгеріске ұшырады. Бұрын Маңғыстауда тұрған кезде қазақтар арасында кең тараған аяқ киім – қолдан тігілген түзу табан етік. Оның оң-терісі болмайтын, екі аяққа ауыстырып, ұзағырақ киюге мүмкіндік беретін. Иранның жылы табиғатына байланысты қазақтардың киетіні жеңіл аяқ киімдер, оны тігу үшін зауытта өнделген терілерді жиі пайдаланады. Иран қазақтары арасында белгілі етікшілер болған, сол жерде тұратын қазақтардың көбісі оларға келіп аяқ киімдерін тіктіретін болған.

Әйелдердің күнделікті киетін негізгі киімдері – трапеция тәрізді ұзындығы тобыққа дейін келетін, омырауы жабық, жағасы тік көйлек. Әйелдердің киімдері түрлі-түсті мақта, жібек, барқыт маталарынан тігілген.

Иранды мекендейтін егде жастағы әйелдердің айтуы бойынша бастапқы көшіп келген кезде қазақтар өздерінің ұлттық киімдерін сақтап қалуға тырысқан. Үлкен кісілер шабу салған ұзын көйлек пен дамбал киген, көпшілігі ақшыл матадан тігілген, себебі егде жастағы адамдарға қызыл-ала араласқан көйлектерді кию ұят саналған. Маңғыстау әйелдері көйлегінің ерекшелігі – оның тым кең және өкшеге дейін жететін ұзын болуында.

Орта жастағы әйелдер, келіншектер тік жағалы, кейбір кезде қайырмалы жағалы, мол, жеңі ұзын, тік пішіліп, етегі кеңдеу болып келген көйлектер киген. Жағасы, етегі, жеңінің жиегі әр түрлі түсті жібек жіптермен тігілген өрнектермен әшекейленген. Көршілес отырған түрікмен халқының ұлттық өрнектерін де кеңінен пайдаланып, оны көйлектің етегіне, жеңіне салып киген.

Информаторлардың айтуы бойынша, бұрынғы кездері көйлектегі, камзолдағы, орамалдағы өрнектерді әйелдер өз ойынан шығарып әдемі жіңішке қылып өз қолдарымен тігетін. Соңғы кездері әртүрлі технологиялық жаналықтардың нәтижесінде шетелдік қол тігін машиналары пайда болып, соған орай істі қолмен тігуден гөрі, машинкамен тігу кең тарала бастайды. Қандай көйлек болмасын, көйлектердің омырауы түрлі әшекейлермен

безендірілетін болған: ол үшін омырауының екі жағы кестеленіп, өрнек салынатын.

Ирандағы қазақ әйелдерінің киімі аймақтың ерекшелігіне қарай бейімделді. Олар түрлі-түсті, қанық баяулы, жылтырақ жібек, парча, әр-түрлі әдемі маталардан өздері тігіп киген.

Қыздардың ақ көйлегінің етегін қызыл қоңыр жібек жіппен қошқар мүйізді оюмен өрнектеп безендірген. Көйлектің омырауының төңірегін және жеңін оюмен өрнектеп кестелеуді кең қолданған.

Бұрын қыздар атлас, жібек, мақпал маталардан ұзын көйлек киетін, көйлекті кестелеп кидік, етегіне екі жерден кестелеп, «балдақ» өрнектерін салып кидік, дамбалдың да етегін кестелеп киетін едік, себебі көйлектің астынан балақ көрініп тұрады. Арамызда етік тігетін Жаңай руынан Тілек деген үлкен кісі болды, соған қазақтар аяқтарына туфли, шоңқайма етік тіктеретін

Көршілес түрікмендердің де көйлегінің және шалбарының етегі өрнекпен безендірілген. Түрікмен қыздарының көйлегі тобығына дейін түсіп, ішкі шалбарына (балақ) түскен ою-өрнегі көрініп тұратын болған. Оның төменгі жағы жібек және тоқыма жіптермен әдемі болып безендірілген. Көптеген Шығыс халықтарында көйлек астынан киілетін әйелдерге арналған шалбарлардың болғандығы белгілі. Орталық Азияның және Сібір мен Еділ жағалауының түрік-монғол халықтарының арасында көйлек астынан киілетін әйелдерге арналған шалбарлар кең тараған. Көйлек астынан киетін шалбарды кестелеу ортаазиялық халықтарда қалыпты жағдай болды.

Бұрын көйлекті кәдімгі қазақ көйлек қылып тігеді, ұзын жеңді, бұрын тобықтан жоғары. Мақпал көйлек, жұқа матадан көйлек, әр-түрлі түсті сыртындағы бешпент, оның түстері қоңыр, қара, алды ашық тұрады, себебі алдына ашарбау тағады. Омырауын, артқы етегін қызыл жібек жіппен тігеді, Бешпенттің қалталары бар, оның сыртына түймелер қадайды.

Көйлектің тамағына күмістен жасалған үлкен дөңгелек таналар түйме орнына тағылатын. Мұндай түймелер барлық түрікмен халқының арасында кең таралған. Түрікмендердің ауқаттылары оны қымбат таспен безендіретін. Иран қазақтарының арасында да осындай түймелерді қыз-келіншектер кеңінен қолданған, оны өздері «құлжақа» деп атайды. Б.Логашованың еңбегінде осындай түймені «гуляка» деп атайды.

Әйелдердің сырт киімі – бешпент, камзол, жадағай, ішік болды. Иран қазақтарының бешпенттерінің белі қыналып тігілген, етек жағы кең болып келеді. Жас қыздар киетін камзолдарын түрлі өю-өрнектермен, бағалы тастармен безендіретін болған.

Иран қазақтары ақ көйлектің сыртынан жеңсіз бешпенттер киген. Бешпенттер қызыл, қара, қоңыр қызыл түсті барқыт, мақпал маталардан тігілген. Бешпенттің екі өңіріне екі, кейде үш қатар етіп әдемі зер жүргізілген. Мысалы, қара бешпенттің үстіне үш қатар етіп сары түстен зер салып киген.

Иран қазақтарының бешпенттерінің екі өңірі күміс теңгелермен және екінші қатарға алтын жалатылған түймелермен безендірілген. Белбеу жағы күміс және алтын жалатылған теңгелермен әшекейленген. Бешпенттің белінен

қыналған тұсының астынан неше түрлі күміс, үстін алтынмен жалатқан теңгелермен әшекейлейтін болған. Соңғы кездері бешпенттердің алдыңғы және арқа жағындағы да өрнектер өзгеріске ұшырап, жергілікті халыққа тән өсімдік өрнектер, соның ішінде әр түрлі гүлдердің, жапырақтың өрнектері салынатын болды.

Иран қазақтарының арасында жадағай мен ішіктер ұзақ уақыт бойында қолданыста болды. Жадағай–түйе жүні салынып, мақпал, жібектермен тысталып, сырып тігілген ұзын жеңді сыртқы киім. Маңғыстау өлкесінде да, ішік ұзатылатын әр қыздың жасауында күні бүгінге дейін кездеседі. Жағасыз ішіктер әдетте мақпал, барқыт маталарынан тігіледі. Өңірін, етегін, жең ұштарын жиектейді.

Ирандағы қазақтардың қыз ұзату тойындағы бір ерекшелік – қыздың жеңгелері оны киіндіріп, иығына «ішік» жабады. Ал жаңа түскен келін өз бөлмесінен шығып, той рәсімдеріне қатысу кездерінде «ішікті» басына дейін жауып, бүркеніп жүреді. Ішік қызыл (қоңыр) мақпалдан тігіледі. Алғы бетін, артқы етегін 3 әлі де 4 қатар қылып зермен оюлайды. Ұзатқан қызға береді, иығына іліп жүреді, омырауына күміс түймемен тағып қояды, шашақ жіппен ақ моншақтары да бар арасында. Қонақтарға барғанда осы ішікті киіп барады. Иығы да әдемілігі үшін зермен оюланған. Ақ көйлектің омырауы, жеңін, етегін, жағасын кестелеп қызыл жіппен өнерлеп тігеді.

Информаторлардың айтуы бойынша, бұрын қыз ұзатылғанда осы ішіктің екеуі берілетін еді, біреуін жадағай дейді, біреуін ішік дейді. Жадағай деген қара ішік, қызды бір апта бұрын қыз ұзату тойының алдында нағашылары, әкесінің тумаластары әр-қайсысы қонақ қылып бір малын сойып шақырады, сонда шақырылған жеріне барған кезде жадағайды жамылып, ұзатылатын қыз ағайындарына қонаққа барады екен. Бұрын жадағай мен ішікті қыздың жасауымен бірге беретін, оны күйеудің үйіне барғанша жамылып жүретін едік.

Информаторлардың айтуы бойынша, Иранда қыздардың киетін тақиясы «күпба» деп аталды. Түрікмен халықтарында қыздардың киетін бас киімі де «күпба» деп аталғаны туралы мәліметтер кездеседі. Иран қазақтарында тақияны әшекейлеуге күміс тиындар кеңінен қолданылған.

Қазақ әйелінің бас киімін біз жаулық деп атаймыз. Ол нақты пішім емес, жай ғана матадан жасалған және ерекше жиналып, басқа оралады. Оны басқа киюдің әр түрі болған: қарапайым түрінен, 2-3 ораудан тұратын түрі де кездеседі, оны түйреуішпен бекітіп немесе тігіп қоятын.

Қазақстанның әр түрлі аймақтарында, тіпті жеке-жеке рулар ішінде осындай бас киімдер әр қалай аталған. Ең көп таралған аты – «жаулық» дейді, Маңғыстауда бұл жаулықты «Бұрама жаулық» деп атаған.

Батыс Қазақстан әйелдерінде бұрын кимешек түрі болмаған, олардың жаулық тәріздес бас киімі өзгелерден айтылуы ерекше болған. Маңғыстау қазақтарының арасында әйелдер қос жаулық киетін, ол да жаулық тәрізді оралатын. Әйелдер кимешек кимеген кезде қос жаулық, яғни астыңғы және үстіңгі бұрама жаулық киген. Бұрама жаулықты тек қысты күнгі суықтарда ғана

тартатын. Мұнда өзге аймақтарда кездеспейтін ерекше бүрмелі жаулықты киетін.

Ирандағы қазақ әйелдері бұрама жаулықты кеңінен пайдаланған, қазіргі кезге дейін келін түскен кезде оның басындағы қызыл түсті мақпал орамалды алып, оның орнына «бұрама жаулық» кигізеді. Сол кезде, салт-дәстүр бойынша, келіннің сіңілілері бас орамалын жаулықпен ауыстыруға кедергі жасауға тырысады.

Бұрама жаулық Орынбор қазақтарының арасында да қолданылған. Бұл туралы Д.Ескекбаев пен Ә.Төлеубаевтың еңбегінде «ұзындығы метрге жететіндей матаны бір сүйемдей етіп бірнеше бүктеп орап, басты айналдыра тартқан орамалды «бұрама жаулық» немесе «бұрама орамал» деп атаған», - делінеді.

Иран қазақтарында кеңінен тараған жаулықтың бірі – ілмелі жаулық. Келіннің бетін ашқаннан кейін, басына ілмелі жаулық тағып, дастарханның шетіне отырып жақын ағайындарына шәй құйып береді. Ілмелі жаулықтың төрт шеті және ортасы, қызыл, қоңыр жібек жіппен қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен кестеленген.

Басына ілмелі жаулық киіп шәй құйып отырады. Ішік қызыл мақпалдан тігіледі. Алғы бетін, артқы етегін 3 әліде 4 қатар қылып зермен оюлайды. Ұзатқан қызға береді, иығына іліп жүреді, омырауына күміс түймемен тағып қояды, шашақ жіппен ақ моншақтары бар арасында. Қонақтарға барғанда осы ішікті киіп барады. Иығы да әдемілігі үшін зермен оюланған. Ақ көйлектің омырауы, жеңін, етегін, жағасын кестелеп қызыл жіппен өнерлеп тігеді.

Информаторлардың айтуы бойынша, ілмелі жаулықты тігудің өзіндік тәсілі мен ерекшелігі болған. Біріншіден, ақ матаға өрнектерді сызып алады, сосын төрт бұрышына, ортасына орамалдың жиегі мен ортасындағы өрнектерді қызыл жібек жіппен кестелеп тігеді. Дайын болған шаршы жаулықты үшбұрышты қылып, ішіне тік тұру үшін қатты қағаз әлде картон салып киеді.

Сонымен бірге қазіргі күнге дейін Иран қазақтары арасында келін түсіру, қыз ұзату тойларында «түрме белбеу» тағады. Иран қазақтары арасында келінге «бұрама» жаулықты кигізгеннен кейін беліне «түрме белбеу» орайды. Информаторлардың айтуы бойынша, қызды жеңгелері күйеу жаққа апару үшін үйден шыққанда басына ақ орамал тағып шығады. Сосын далада тартыс басталады, ақ орамал тартып сыртына үлкен бұрама жаулық тартады, бетіне ақ матасын жауып жігіттің ауылына апарады. Жігіт жаққа барғасын алдынан оның тумаластары шығып, қыздың беліндегі өзінің жеңгелері таққан түрме белбеуді барғасын жігіттің жеңгелері шешіп алып, өзінің беліне тағады. Сосын бетін ашып, басқаша үлкен қызыл жаулық (ілмелі жаулық) тартады, бұраманы алып тастайды. Түрме белбеу қызыл жібек матасынан екі жағы шашақты болып келеді.

Маңғыстау әйелдері өзбектің жартылай жібегінен және басқа да маталардан түрме белбеу тіккен. Қызыл күрең түсті теріден белбеу буынған. Матадан шиыршық тәрізді етіп тігіп, екі қабатты жасап, соңы үшбұрышпен бітетіндей етіп тіккен. Таққан кезде әйелдер оны екі есе көлемді етіп таққан.

Қыз-келіншектер шашын өсіріп, оны өріп ұшына шашбау тағады. Қазақ халқы әйел шашының ұшында тіршіліктің күші бар деп есептеген және қиылған шашты аяқ астына тастамаған, жинап таза жерге жасырған. Сондықтан шашты қимай, бұрым етіп өріп, ұшына шолпы, шашбау байлаған. Шашбау түрлі тастардың немесе күміс теңгелерден тізіліп жасалады. Ол бір шетінен әсемдік үшін, екіншіден тіл-көзден сақтайтын болған. Тұрмыстағы әйелдердің шашбаулары қарапайым болса, бойжеткен қыздардың шолпы және шашбаулары әсем болған.

Осындай аса шеберлікпен тігілген ұлттық киімдерді қарапайым адамдардың қолымен жасалғандығы таң қалдырады. Иран қазақтары арасында іс тікпейтін, қолөнердің бір түрімен айналыспайтын әйел адам жоқ.

1979 жылы Иранда ислам революциясы жеңіске жеткеннен бергі кезеңде жергілікті қазақтардың киім киісінде өзгерістер пайда болып, мұндағы қазақтар мұсылман қауымының бір мүшесі ретінде қоғамдағы өзгерістерге сүйсіне бастады. Иран мұсылман мемлекеті болғандықтан ол жақта әйелдер бас киімсіз жүрмейді. Ал, ислам төңкерісінен кейін бұл жалпыхалықтық сипатқа ие болды.

Информаторлардың айтуы бойынша қазіргі кезде Иранда тұратын егде және орта жастағы әйелдер кең көйлек киіп жүреді. Оның жағасы өз қалауы бойынша тік, әлде қайырма жағалы, жеңі ұзын, көйлектің ұзындығы өкшеге дейін жетеді. Бастарына ішкі жағынан кішкентай орамал, сыртына бүркеніп үлкен ақ орамал тартады, шашы, мойыны көрінбейді, себебі Иранда әйел адам денесін көрсетпейді, жалаңбас жүрмейді.

Бастапқыда қазақтар ұлттық киімді тастамады, жергілікті халықтың киімдерін киген жоқ, Иран революциясынан кейін киімдерінде өзгешелік болды, бастарына бүркеніп үлкен орамал тағатын, себебі мұсылман діні бойынша әйел адам денесін, шашын көрсетуге болмайды, сол себептен осылай бүркеніп жүретін.

Қазақ қыздары әртүрлі маталардан ұзын көйлек киеді, олар міндетті түрде басына түрлі-түсті орамал тартады. Бәрінің шаштары ұзын, қиылмаған, араларында қос өрімділер де кездеседі. Иран, түрікмен, қазақ үлгілерінің бәрі де жеке-жеке емес, тұтаса, ұдықтаса бойжеткеннің үстінен көрінгенде көздің жауын аларлықтай сәндікке айналады екен. Бәрі де жастарына қарамай орамал тартады, себебі Иран елінде жалаңбас жүру –ең үлкен күнәнің бірі.

Соңғы жылдары қазақ халқына тән элементтерден тұратын ұлттық киімдердің басым бөлігі өзгерістерге ұшырағанымен, келін түсіру, қыз ұзату, басқа да мерекелерде қазақ халқы ұлттық киімін киіп, өзіне тән ұлттық ерекшеліктерді сақтауға тырысады.

Шашымызға шашбау тағатын едік, түркмендер күміс соғады. Бұрын Қазақстанда болды бестік (күмістен жасалған үлкен теңгелер), бешпенттің бір жағына шамамен 15 дана, екінші жағына 15 дана, тағатын еді. Үлкен жастағы әйелдер бәрі көйлекке шабу салып киетін еді, шабу салған көйлетер кең, әдемі болып келеді.

Иран қазақтарының бір ерекшелігі-олар өздерінің ұлттық киімін әлі күнге дейін қолданыстан қалдырмай келеді. Иранда ислам революциясы жеңіске жеткеннен бергі кезеңде жергілікті қазақтардың киім киісі ептеп өзгерген екен. Оған дейінгі шах билігі кезеңіндегі олардың киім үлгісін ғасыр басындағы Маңғыстаудан табуға болатын.

Этномәдени болмысымыздың нағыз айнасы болып табылатын материалдық мәдениеттің бір саласы-қолөнерді, соның ішінде осы уақытқа дейін зерттелмей келген алыс шет мемлекеті Иран қазақтарының қолөнерін зерттеу аса маңызды мәселе.

Иран мемлекетіне қоныстанған кезден бастап қазақтар өзінің ұлттық қолөнерін сақтауға тырысып, оны жергілікті халықтардың әсерімен жалғастырып дамытты. Бұрынғы өздері тұрған Маңғыстау аймағының қазақтары негізінен термелі және тақталы алашалар, түкті және тақыр кілемдер, сырмақтарды көп тоқыған. Сонымен бірге қазақтардың жаңадан орналасқан Иран мемлекеті әлемде ежелден қолөнердің орталығы, соның ішінде кілем тоқып шығаратын орталықтардың бірі болып саналды.

Қазақ халқы-өнер тарихында өзіндік алар орны бар, ерте заманнан келе жатқан алуан түрлі бай өнердің лайықты мұрагері. Бұл мұралар олардың тұрмыс тіршілігімен күні бүгінге дейін тығыз байланысты.

Бастапқы жылдары Иран қазақтары ұл-қыздарын мектепке оқыта алмады. 1950 жылдардан бастап ұл балаларын оқуға берсе, қыздарын тек 1970 жылдардан бастап оқытуға жағдайлары келе бастады. Сондықтан, қыз балалар көбінесе үй шаруасына қолқабыс болып, отбасының бала тәрбиесіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың едәуір жақсаруына үлес қосқаны белгілі. Олар басында тоқуды үйреніп, қоғамдық ортада олардың қолынан шыққан «Түрікмен нақышты» кілемдері жоғары мәртебеге ие болды.

Маңғыстаудан көшкен Иран қазақтарында жүннен жасалып, үйдің төріне төселетін текеметтер бұрынғы кезден сол Маңғыстау өңірінде көптеп кездескен. Көлемді, салмақты, үйдің ішін толық алып жататын мұндай текеметтер үлкен-үлкен шиыршық өрнектермен өрнектеледі.

Қазақтар орналасқан Иранның солтүстігін көбіне түрікмен халқы мекендейді. Түрікмен халқының арасында да кілем тоқудың өнері көркемдік жағынан жоғары дәрежеге жетті. Түрікмендермен бірге тұрған қазақ тұрғындары кілем тоқу өнерінің негізін меңгерді және қазақ қыздары кілем тоқу әдістерін көршілес халықтан үйренді.

Түрікмендердің кілем тоқуының тақырыбында қоршаған ортаның шынайылығы, түрікмен халқының өмір мен тұрмыс-тіршілігі берілген. Кілем тоқу өндірісінде қолданылатын негізгі материалы жергілікті қой жүні болып табылады. Иірілген кілем жіптерін сенімді табиғи және синтетикалық бояғыштармен бояйды, бұл кілемдердің сапалы болуына ықпал етеді. Түрікмен кілемінің басты бояуы-қызыл, ақшыл қызылдан күрең қызылға дейінгі түстерге боялады. Қызыл түс жалпы кілем алаңының 70-75% алады.

Иран қазақтарының өмірінде қолөнер әр отбасының қажетін өтейтін, отбасына табыс әкелетін кәсібінің болуы маңызды болды. Кәсіптердің ішінде

негізгісі – кілем тоқу өнері жатады. Қазақтардың жергілікті тұрғындарынан алған қой жүнінің негізгі бөлігі кілем тоқуға жұмсалды.

Иранға барған алғашқы кездері қазақтар текемет басқан, текемет басудың алдында қойдың жүнін алып, оны жақсылап түтіп, керек түсті бояуға салып жүн тарақпен тарап дайындаған. Сосын шидің үстіне жартылай дайын қара жүннің үстіне әдемі қылып ішіне қою қызыл жүнді, сосын араларын ақ, көк түске боялған жүнмен өрнектеп орналастырған. Текеметтің екі жағын да осылай тегіс етіп әртүрлі бояумен боялған дымқыл жүнді өрнектеп салған. Арасында текемет қалпына келгенше қайта-қайта су сеуіп отырған, сосын киізді үш-төрт адам болып орап, екі жағын буып, ортасынан байлап бірнеше адам тартқан. Текеметтің безендірілетін ортасы төрт бұрышты немесе ромб түрінде жиектеледі де, түрлі-түсті боялған жүннен, оның іші қошқар мүйіз, балта мүйіз, тұмарша, гүл, аралық гүлдермен оюланды.

Зерттеліп отырған аймақтағы қазақтардың киіз бетіне ою-өрнек жүргізу әдістерінің ең көп тарағаны түсті өрнектерді текеметтің өңіне бірге бастыру.

Қазақ ою-өрнегі Орта Азия мен Шығыс халықтарының мәдениетімен тығыз байланыста дамыды. Көрші елдердің өнері өзара қарым-қатынас барысында дамып, ою-өрнектердің жеке бөліктері ортақ мәнге ие болды. Бұл қарым-қатынас, сонымен бірге, Қазақстан, Орта Азия және кейбір Шығыс елдерінің қоршаған географиялық орта жағдайлары мен экономиканың ұқсастығына байланысты болды. Бұнымен бірге, әр халықтың, соның ішінде қазақ халқының мәдениеті ұлттық тұрғыда дамитын және өзіндік ерекшелігін сақтады.

Киіз басу дәстүрлі түрде іске асып келеді. Киіздері көбіне 3x4 көлемді өте қарапайым, әдемі қошқар мүйізімен көз тартады. Кейбір күрделі киіз басу үшін көрші түрікмен әйелдері келіп көмектеседі, себебі түрікмендер кілем тоқу мен киіз илеу бойынша өңірде алдыңғы қатарда. Барлық дайындық жұмыстарын әйелдер атқарады, қой жүнін тазалау, жүнді бояу, жіпті иіруді көбінесе егде жастағы әйелдер жасаған.

Осылай, ирандық қазақтар бірнеше жылдар бойы кілем тоқу және киіз басу өнерінің ортасында болып жас кездерінен көрші халықтан бұл өнерге қанықты. Қазақ оюлары жеңіл өзгеріп түрлендіруге ыңғайлы. Сондықтан, қазақ және түрікмен оюлары байланыстырылып, жаңа өрнектер пайда болған. Кейінгі жылдары қазақ қыз-келіншектері кілемге Иранның әртүрлі нақыштарын өрнектей тоқып, «гүл кілемі» деген ат берді.

Иран қолөнеріндегі ою-өрнегінің негізгі тақырыбы гүл мен өсімдіктер. Халықтың негізгі өнерінің дамуында сонымен бірге, географиялық қоршаған орта маңызды рөл атқарған. Өсімдік ою-өрнектері қоршаған табиғат ортасы бай халықтарда негізгі ою-өрнегі болып саналады. Иран ою-өрнегінде негізгі өсімдік ою-өрнегі басым, сәнделген барлық бұйымдарында түрленген осындай ою-өрнектер бар.

Иран қазақтарының тоқитын «Гүл кілемі» жергілікті халықтардың арасында кеңінен тараған. Бастапқы кездері қазақ әйелдері кілем тоқуды түрікмендерден үйренген, бертін келе өздері осыны жақсы меңгеріп, өздерінің

қыздарын, келіндерін үйретті. Іс істемейтін, қолөнерінің бір түрімен айналыспайтын әйел адам жоқ.

Қазақ халқының өмірінде кілем арнаулы қарапайым өрнек арқылы ерекше түр салынып, өте тығыз тоқылатын аса бағалы бұйым. Кілем тұтынуға төзімді, оңайлықпен тозбайтын, жыртылмайтын, тіпті байлықтың бір белгісі деп білген.

Иран қазақтары тоқыған кілемдер жергілікті халықтың арасында кеңінен тарады, бұл кілемдер тез сатылып кетіп, тіпті кейбір кезде алдын-ала тапсырыстарды қабылдап отыратын мезгілдер болды. Иран қазақтары арасындағы қыздың тәрбиесіне байланысты бір ерекшелігі, онда қыздар босқа жүрмейді, оқудан келгесін уақытын босқа өткізбей киім тігеді, кілем тоқып, кесте тігумен айналысады.

Қыздар өздерінің жасауларын өздері дайындайды. Бұрын қыздардың жасауында 2-3 киіз болатын, екі бетіне бірдей өрнек салып қыздарға ақ киіз беретін еді, қазір көбісі оның орнына кілем береді. Көрпелерді бұрын қиық салып тігетін еді, қазір сол шетелден келетін және жергілікті өндірісте шығарылатын маталарды пайдаланып, солардан тігеді.

Сонымен, Маңғыстаудан қоныстанған қазақтар өздерінің ежелден сақталған қолөнерімен айналысып, Иран жеріне бейімделіп жаңа әдемі кілемдер, төсеніштер тоқи бастады.

Үй ішіндегі үйдің жасау жабдықтары шаңырақтан есікке дейін оюлармен өрнектеліп, ішкі жасауының бәрі әшекейленетін. Солардың барлығы әйелдердің қол өнерінің туындысы. Осылардың бәрі ұзатылған қыздың жасауын берер кезде тоқылады.

Иран қазақтарының көп жылдар бойы түрікмендермен, ирандықтармен бірге тұрғандықтан, шебер қазақ әйелдері жүннен жасалған үй бұйымдарын түрікмен, иран халқының ұлттық оюларымен әшекейлей бастады.

Иран қазақтарының арасында кеңінен тараған үйдің ішкі әдемілігін арттыратын арқалық жастықтар, түрікмендер «пошти» дейді. Иран қазақтарының бәрінің үйінде арқа сүйеніп отыру үшін жастықтың орнына әдемі арқалық жастықтар қойылады. Арқалықты тоқу үшін бірінші арқалықтың алдыңғы бетіндегі кілемін тоқып алады. Көлемі 1м-1,5м, үш- төрт әйел адам болып арқалықты 1 ай тоқиды, қолмен тоқып бетін қайшымен қиып тегістейді. Арқалыққа әртүрлі зооморфтық, геометриялық, өсімдік өрнектер салынып тоқылады. Көбіне қызыл, қоңыр, қара, ақ түсті өрнектер салынады. Арқалықтың артындағы қоңыр қызыл түсті қатты матаны бұрын қызыл тақыр қылып өздері тоқитын еді, енді оны дайын қылып сатып алады. Жан-жағын біріктіріп тігіп, ортасын қатты картон, қағазбен толтырады. Осындай арқалық жастықтар әрбір қазақтың, түрікменнің, тіпті ирандықтардың да үйінен көруге болады.

Кейбір информанттардың айтуы бойынша арқалық бұрынғы Маңғыстау қазақтары арасында кездесетін кермеге ұқсайды дейді. Бұрын Маңғыстау жерінде әртүрлі заттар салуға арналған, сонымен қатар киіз үйдің ішкі әдемілігін арттыратын керме көп қолданылады. Кермені әдетте керегеге екі

жағындағы ілгіштері арқылы байлайды. Оның рең беті ұлттық ою-өрнектермен өрнектелген кілемшеге ұқсайды.

Қол өнерінің ішінде ерте заманнан бері қолданылып келе жатқан түрі - кесте. Қазақ әйелдері киімді, төсек орын жабдықтарын, үй жабдықтарын кестенің әр түрімен сәндеп келген. Иран қазақтарында да кестелеу өнерімен көрпе жапқышты, жастықты, көрпелерді, киім-кешекті, үй жабдықтарын кестелейді. Иран ағайындар өздерінің бешпенттерін, ішіктерін, көйлектерін, жаулықтарын түрлі-түсті жібек жіптермен кестелейді. Кестені ағаштан, темірден жасалған кіргішке керіп тігеді. Инемен тігілген материалды керіп, инеге сабақталған жіппен алуан түрлі мәнерлеп тігіп кестелейді. Ол үшін кесте салынатын матаға әуелі өрнек түсіріп алады да, сол өрнек ізімен тігеді.

Информанттардың айтуы бойынша матаға ілмелі жаулықтың өрнектерін тігерде сызып алады, сосын инемен, қызыл, қоңыр жібек жіппен төрт бұрышын, ортасын кестелеп тігеді. Иран қазақтары өздерінің көйлектерінің жеңін, етегін әдемі мүйіз өрнектермен, басқа да геометриялық формадағы өрнектермен кестелейді. Қыздың жасауын дайындағанда көрпе-төсекті, жастықты әдемілеп кестелейді.

Көйлегіміздің етегіне қошқар мүйіз салып кестелейміз. Жастық, көрпелерде де өзінің инесімен кестелейді. Қыздардың бәрі кесте өнерін біледі, бір-бірінен үйренеді. Себебі ер адамдар күнделікті жұмысқа кеткенде әйел адамдар үйде, бір-бірінің үйіне барады, осындай қолөнермен айналысады, үйренеді. Соңғы кездері бәрі қалып бара жатыр, себебі қыздар оқуға барады, сосын кейбіреулері жұмысқа орналасады, соңғы кездері олар дүкеннен, базардан дайынды сатып алады.

Сонымен, қазақ елінде үй тұрмысында көп қолданылатын киіз бұйымдары, әр түрлі өрнектері бар қолдан жасалған кілемдер, Қазақстанда мүлдем кездеспейтін арқалық жастықтар, жайнамаздар Иран қазақтарында үй тұрмыс сәнін келтіреді.

Иран қазақтары арасында қолөнер туындылары өте көп сақталған. Оның бәрін үй иесі әйелдің өзі жасап, отбасында әрбір ана өз қыздарына өнерді үйретіп, тәрбиелеріне сіңіріп отыру керек деп санаған.

«Ел іші-өнер кеніші» дегендей, оралмандардың көпшілігінде қолөнер жақсы дамығанын байқап жүрміз. Соңғы кезде Қазақстанда жүріп жатқан көші-қон процесі арқасында Қазақстанға Ираннан көшіп келген қазақтар өз өнерін Отанымыздағы бауырларымызға жеткізіп үйретуде.

Өмір сүру үшін үлкен фактор болып саналатын ол ас, тағам өндіру, оны үнемді пайдалану. Тағам-табиғатта адам тірлік етіп, өмір кешудің негізгі факторы. Қандай бір халық болмасын, өздеріне қажетті тағам дайындау үшін шаруашылықтың көптеген түрлерін меңгеріп, тіршілігіне қажетті тағамың негіз етеді.

Белгілі мәдениеттанушы Э.Маркарян халықтың тамақтануының қоршаған ортамен тығыз байланысты екенін атап көрсетеді. Әр түрлі халықтардағы шаруашылықтың сан алуан болуы, әлеуметтік өзгешелік,

климаттық, географиялық жағдайлар, көршілес халықтардың әсері, т.б. факторлар халықтардағы тамақ жүйесінің қалыптасуына әсер етеді.

Иранға қоныстанған Маңғыстау қазақтарында бұрынғы өздері тұрған жерлерінде тағамдарының негізгі түрлері малдың еті мен сүтінен жасалатын болған. Енді Иранға қоныстанған қазақтардың тағамдары көбінесе күріш пен ет, жеміс-жидектерден тұратын болды. Сонымен бірге, қазақтардың тағамында, олардың пісірілу әдістерінде түрікмен, иран халықтарының ықпалымен болған өзгерістер пайда болды. Соның нәтижесінде қазақтардың тағам түрлеріне түрікмен, иран ұлтының дәстүрлі тағамдары келіп қосылды.

Маңғыстаудың жерімен салыстырғанда Иранның солтүстік аймағы егіншілікпен айналысуға өте қолайлы болды. Сол себептен Ирандағы қазақтардың дәстүрлі тамақтану жүйесі халықтың негізгі кәсібі-егіншілікпен тікелей байланысты.

Осындай жердің ерекшелігіне байланысты жергілікті халықтардың дәстүрлі тағам жүйесінде дәнді дақылдардан, жеміс-жидектерден істелінген тағамдар көбейді.

Иранның солтүстігінде тұратын қазақтар өздерінің бұрынғы туған жеріндегі болған сүйікті тағамдарының бірі - ет қазір де негізгі тағамдары болып саналады. Ет қазақ үшін ең басты, тұрақты тағам ретінде күнделікті тұрмыста, дәстүрлі жиындарда, мерекелерде негізгі ас болып табылады. Қазақтардың тағамында еттің алатын орны зор. Көбіне қойдың етін қонақ шақырғанда, тойларда, қазада сойып отырады, сонымен бірге сиыр етін де пайдаланады. Түркмендердің қойлары жақсы, семіз құйрықты қойлар, қазақтар көбіне солардан алады.

Информанттардың айтуы бойынша: «Үлкен тойларда, астарда етті жақсы пісіретін ер кісілер айналысқан. Ет асқанда сирағы, басы үйтіледі, ішек-қарны тазартылады, сосын үлкен тай қазанға салады. Әйелдер нан жазып салады, көп жағдайларда күріш салады. Етке бидай, нұқұт жүгерінің орнына, сосын тұздыққа томат (роб) және жуа қосады, күрішті суға пісіріп, дәм келтіретіндерді бетіне специй себеді, етті палаудың бетіне қояды. Тамаққа томат (роб) қосқандықтан, тамақтың түсі қызылдау болып келеді және қамырды әбден қайнатып езілген күйінде табаққа салып береді. Кісіге тартылатын табаққа алдымен әбден піскен қамыр салынып, үстіне кесек еттер сүйегімен қойылады. Үй иесі немесе қонақтардың бірі етті турап, мүшелерін тиісті адамдарға бөліп береді. Қазақ күрішінің түрікмен және жергілікті елдің түрлі күріш тағамдарынан айырмасы оның еті молырақ болуында.

Үй иесі немесе қонақтардың бірі етті турап, мүшелерін тиісті адамдарға бөліп береді. Ең үлкен және құрметті ақсақалға-жамбас, одан кейінгі сыйлы қонаққа омыртқа немесе жілік, күйеу балаға-төс, қыз балаға-құйымшақ беріледі. Ал қойдың басы ең сыйлы қонақтарға тартылады. Ертеден келе жатқан дәстүр бойынша ет бір табақтан қолмен желінеді, бұл кешегі көшпенділік тұрмыстан қалған салт. Ет желініп болған соң томат қосылған сорпа беріледі.

Ас жеудің, тамақтанудың алдында немесе сол кезеңде арнайы әдет-ғұрыптар, халықтың дәстүрі және шариғат шарттарына сай болады. Мысалы, ас келер алдында және астан кейін келгендер қолын, ауызын сумен шайып, сүлгімен сүртеді. Жасы келген үлкен адам немесе үйдің иесі ас батасын береді.

Сонымен бірге, қазақ халқы еттен басқа да әртүрлі тағамдар жасаған. Соның ішінде қазақтардың ұлттық тағамдарының бірі қуырдақ (өкпе-бауыр, қабыртқа, омыртқа, т.б.) Сиыр етін бешбармақ, палау және қуырдақ жасауға көп пайдаланады. Қазақтар жергілікті иран, түрікмен халқы сияқты тағам пісіруде күрішті көп пайдаланады. Үлкен тойларда, садақаларда көп адамның бәріне етке қамыр қосуға мүмкіндік болмайды, сондай жағдайда етке күріш қосып пісіріп береді.

Иран қазақтары көрші отыратын түрікмендер сияқты күріштен жасалған палауды көп дайындайды. Сонымен бірге күрішке кебаб қосып пісіреді, бұл тағам дайын болғанда кебабты күріштің астына салып көрінбейтін қылып береді, себебі кебаб күріштің астында болса тез суып кетпейді. Бас, сирақты тек суға пісіріп дайындайтын тағамдар бар.

Иранның солтүстік бөлігінің тұрғындары балықтан көптеген тағамдар әзірлейді, балық аулау әсіресе, теңіз жағалауындағы түрікмендерде ерекше орын алады. Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс бөлігіне Горган, Атрек, Карасу өзендерден және түрлі 30-ға жуық кіші өзендерден тұщы су көп көлемде құйылатындықтан, мұнда әртүрлі тұқымды балықтар көп. Бұл жерде қортпа («дохи»), шоқыр («чапак»), көксерке («гарабалык»). Қазақтар да көршілес түрікмендер сияқты арасында балықтан тағамдар жасайды.

Ирандықтардың ұлттық тағамдар қатарына—күріш пен еттен дайындалатын палаумен қатар жұқа тандыр нан жатады, Иранда тұратын халықтар күріш дәнді дақылын ерекше қадірлейді. Күріш ең сүйікті азық болып табылады әрі мерекелік дастарқанның сәніне айналған. Түрлі дәмдеуіштермен (балық, ет, көкөніс) қосылып пісірілген күріш көбінесе хораш түрінде (соустар) дайындайды.

Қой етінен түрлі қуырылған тағамдар әзірлейді (парсы кебабтары). Әдетте сиыр немесе тоқты етінен дайындалатын кебаб негізгі тағамдардың бірі болып саналады. Керемет әзірленген ет мол салынған күрішпен тұздалған қияр, болмаса қуырылған қызанақпен ұсынылады. Кебабты үстіне әртүрлі соустар құйып, үлкен тәрелкеде ұсынылады.

Сонымен бірге жергілікті халықтар дизи «обгушт»-бұқтырылған ет пен көкөністен ерекше түрде пайдаланатын дәмді сорпа дайындайды. Тағамды аяқты құмырада ұсынады. Алдымен жеке тарелкаға барлық сұйығы құйылады. Нан қалдықтарын тандап алып, тарелкаға салып, құмыра түбінде қалған жаңғақ, картоп, пияз, қызанақ және майлы еттің бөлігін езіп пюре қалпына келтіріп алып жейді. «Дольме»-фаршталған көкөністен әзірленетін шығыстағы әйгілі тағам. Әсіресе жақсы фаршталған ет, жүзім, күріш қосылған «дольме-бадемджан» суға піскен баклажаннан дайындалған тағам. «Хорешт»-үгітілген жаңғақпен майлы ет немесе тауықтан бұқтырылған піскен көкөністер.

(Күрішпен ұсынылады). Салатэ-ширази - «Шираз салаты»-лимон соусын ерекше қосқан, салат жапырақтары мен пияз, қызанақ, қиярдан әзірленеді.

Солтүстік-батыс Иранда халық негізінен кептірілген жемістер, алма, алмұрт, жүзім, абрикос, шабдалыны көп пайдаланады. Дешті Горган халықтары бау бақша мәдениеті-гранат, инжир, жүзім, қарбыз, қауын, қияр, қызанақ, сәбіз, жуа және басқа көкөністерден мол өнім алады. Бұл аудан бүкіл Иранды мақта, алтын, күріш, жеміс, басқа да өнімдермен қамтамасыз етеді. Иран қазақтарында сонымен бірге, тамақ мәзірінен көрші халықтардың ықпалымен келген көкіністер мен тойымды жемістер де маңызды орын алады.

Сонымен біз қарастырып отырған Иран қазақтарының күнделікті тамақтану жүйесі дәстүрлі ұлттық тағамдармен қатар жаңа көршілес т.б. халықтардан алған тағам түрлерін ұштастырады.

III. ИРАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

Қазақтардың бүгінде бөгде ұлттың қоршауында отырып, олармен аралас, қоралас жасауының нәтижесінде, олардың тұрмыс салтының жақындасуына ықпалын тигізді. Соған байланысты олардың ұлттық әдет-ғұрыптарында, дәстүрлерінде өзгешеліктер пайда болған. Енді осы қазақтың ертеден келе жатқан әдет-ғұрыптарының қаншалықты дәрежеде сақталып, қаншалықты дәрежеде өзгеріске ұшырағанын көрсетуге тырысайық.

Бүгінде тарихтың тәлкегіне ұшырап, шет жерлерге ауған не Кеңес дәуірі кезінде тарихи Отанынан бөлініп қалып, басқа мемлекеттің құрамына еніп, отандастар деген атқа ие болған қандастарымыздың ата салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыпын жалғастырып отырғанын, оған макроортаның тигізген ықпалын зерттеудің маңызы жоғары. Қазіргі кезеңде олардың мәдениеті жан-жақты түрленіп, басқа халықтардың мәдениетімен астасып жатыр. Сонымен бірге отбасында жалғасын тауып, іс жүзінде көрініс тауып жатқан әдет-ғұрыптарымыз да жеткілікті.

Маңғыстау қазақтарында рулық тұрмыс сипаттары басқа жерлермен салыстырғанда анығырақ сақталады. Оны әсіресе олардың жанұялық қатынастарындағы көне әдет-ғұрыптардан байқауға болады. Қазақ халқының ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуға ғасырлар бойы желісін үзбей жалғасып келе жатқан өзіндік салт-дәстүрлері бар

Бұл әдет-ғұрыптардың барлығы көбіне жастарды тәрбиелеуге, оларды отбасын құрудағы жауапкершілікке үйретуге бағытталған. Иран қазақтары арасында қыз ұзату, келін түсіру әдет-ғұрыптарында ұлттық дәстүр жалғасын тауып отыр, дегенмен басқа этникалық ортада өмір сүру себептерінен өзгеріске ұшыраған ерекшеліктер де кездеседі..

Әке баласына лайық көрген қызға құда түсіп, айттыруға ағайындардың үлкендерімен кеңесіп, шешім қабылдайды. Олар өздеріне лайық деген жанұялардың мінез-құлқын, тұрмыстық жағдайын, бала-шағасының хал-ахуалын, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасын, жолдас-жоралары, жек-жаттары арқылы әбден біліп алып барып шешімге келеді. Ол бұрынғы кездері 25-30 жыл бұрын, бәрі бірін-бірі таниды, құда болайын деп тұрған жанұя

туралы бәрін біледі. Бұл шаруа қазақтардың жабық қоғамындағы онша қиынға соқпайды. Ал қазіргі кезде ұл балалардың қыз таңдауда өз еріктері бар. Бірақ, қыз балалардың емін-еркін жүрістері болмағандықтан, оларға қиындықтардың көп болатыны рас

Құда түсіп қыз алысудағы бүкіл қазақ қауымына ортақ тәртіптің бірі-туыстық жақындығы жеті атаға толмай, қыз алыспау. Бұл дәстүр Иран қазақтары арасында қазірге дейін сақталып келеді, қазақтар арасында үйлену кезде олардың рулық қатынастарының маңызы зор болғандықтан әр қазақ өзінің аталық шежіресін жақсы білуге тиіс. Қазақтар отбасыларында әке басшы болып, ұл-қыздардың үйлену тәртібі, әкенің тегіне қарап іске асады. Мәселен, ұл баланың әкесі Адай руының Жеменей тайпасынан болса, анасы Адай руының Тобыш тайпасынан болса, ол Тобыш тайпасының (сүттес бауыр болмаған жағдайда) қызына үйленуге болады. Апалы-сіңлілердің балалары бір біріне бөле болып есептеледі. Бөлелердің әкелерінің әр қайсысы бір бірінен қыз алысатын елдерден болса, олардың шешелерінің бір әке, бір шешеден туған қандас туыстарының өзі бөлелердің неке құруына кедергі болмайды. Өйткені қазақ қауымында қандас туыстық қатынас тек еркектер тарапынан ғана есептеледі. Апалы сіңлілері балаларын, яғни бөлелерді бір бірімен үйлендіруді теріс көрмейді. Саны көп емес Иран қазақтары арасында бөлелердің бір біріне үйленуі кездесіп тұрады.

Сонымен бірге қазақтардың аталас рулар өзара әрі өзге ұлт өкілдерімен үйленуге тыйым салып, отбасылық мүшелерінің денсаулығымен ұрпақ жалғастығын мықтап қамтамасыз еткендерін айта аламыз.

Жалпы алғанда, Иран қазақтары жеті атаға дейін бір атаның баласындай үлкен шаңырақтың мүшелері ретінде жақын туыстық қатынаста болады. Бұл әдет-ғұрыптар ұрпағының келешегін, нәсілінің болашағын ескеруден туындаған бір көрінісі. Иран қазақтары да бұл дәстүрді бұзбай берік сақтаған.

Маңғыстау қазақтары арасындағы некелесудің ең негізгі түрі бүкіл қазақ халқына тән қалыңдықты қалыңмал төлеп алуға негізделген құдалық арқылы неке құру түрі болды. Қыз айттырып, құда болу ең алдымен, жаушылыққа барудан басталады. Жаушының міндеті – қыз әкесінің ниетін біліп, құдалық жайында келісу. Сондықтан жігіт жақтан елге абыройлы, беделді ағайындардың бірі бас болып, бірнеше адамды ертіп қыздың үйіне барады. Жаушының негізгі міндеті – «қыздың бас бос болса, қыз әкесінің ниетін біліп, егер ол қарсы болмаса құдалыққа қай уақытта келетіндігі туралы келісіп қайту болатын.

Екі жақ келіскеннен кейін құдалыққа бару рәсімін жасайтын күнін белгілейді. Осы күні екі жақ қалыңмал мөлшерін, оны қай мерзімде, қалай өтейтіндігі туралы келіседі. Қалыңмал нақтылы бір мөлшерде қала бермейді, өзіндік мөлшері азды-көпті жоғарылап не төмендеп өзгеріп отырады және құдаласушы жақтың жай-күйіне қарай әр түрлі болады.

Құда болу үшін ырым бойынша сәтті күннің бірін тағайындайды. Иранда екі ай бар-мұхаррам, сапар айлары, осы кездері жергілікті халықтарда және қазақ халқында үлкен тойлар болмайды. Кіші тойлар (пішпе той, бесікке

салу т.б.) болып жатады, ал келін түсіру, қыз ұзаты тойлары өткізілмейді. Сапар айының 15 кейін адамдар сапарға шығады, оған дейін шықпайды.

Дерек берушілердің айтуы бойынша, құдалық той белгіленген соң бірнеше күн бұрын дайындық басталады. Жігіт жағы өздерінің туыскандарынан баратын ағайындарын анықтап шақырады. Жігіттің анасы, жақын апа-жеңгелері қызға тағатын алтын сырға, тағы басқа сыйлықтарын дайындайды. Құдалық той екі жақтың бір-біріне қошамет сөздері, кең дастарханның түрлі тағамдары сый-сыйпатпен өректілігі ән-биге ұласып жатады. Құдалық той қыз жақта жасалады. Күйеу жігіттің ресми өкілі, көбінесе үлкен ағасы, немере әліде нағашы ағасы, сирек жағдайда әкесі, бірнеше туыскандармен бірге қыздың ауылына барады, жігіт жақтан келетін құдаларға арнап үй дайындап қояды. Бұл үйді «Құда түсетін үй» деп атайды. Сол күні құдаларға атап қой сойылып ет асылады. Құдаға бас тартып тиісті сый-құрмет жасалады. Құдалық тойдан бір күн бұрын май нан (шелпек), бауырсақ пісіріледі. Бұл күнде құда түсетін үйге қыз жақтың жеңгелері, тума-туыстары, достары жиналып, тойға керекті заттарды дайындауға кіріседі.

Осы күні қыздың әкесінің үйінде дастархан жайылып, ағайын, көршілер бұл дайындыққа көмектесіп тойды жақсы өткізуге ат салысады. Бұл күні мал сойылып, өкпе-бауыр, ішек-қарыннан қонақтарға қуырдақ пісіріледі. Иранда қазақтар шағын, бір-біріне жақын үш қалада орналасқандықтан көпшілігі бір-бірін таниды, сол себептен тойларда, басқа да үлкен жиындарда қазақтардың көбісі жиналады. Қонақтарға қой сойылып, ет берілген кезде көпшілік халыққа етке қосып күріш пісіріп берді. Қонақтар санының көп болуына байланысты әр төрт әліде алты қонаққа бір табақ күріш тартылады.

Дерек берушілердің айтуы бойынша, қыз жағы жігіт жағынан келген құдаларға бес түрлі «кит» береді. Сондай-ақ «өлі-тірінің киті» бар. Құдалар үйден шыққанда қыз жақ оларға күйеуге арнап төс жібереді. Сонымен қоса бір сандық әртүрлі бұйымдар (кілем, әртүрлі маталар) беріледі. Иранда қазақтар бір-біріне жақын үш қалада орналасуына байланысты осындай бір-бірінің қуанышына бәрі келіп қатысуға тырысады. Мысалы, үйленіп жатқан жігіт Адай руының Ескелді тайпасынан болса, сол тойда бүкіл Ескелді руына жататын ақындар бәрі қатысады, мүмкіндігінше өздерінің көмегін береді.

Тойға бір күн қалғанда бұзау немесе сиыр сойылады. Той күні таңертінен бастап қара қазан қойлып, оған ет асылады. Той тамағы түс мезгілінен бұрын әзірленіп, табақ тартуға дайын тұрады. Орамалдан жиналған ақша тойдың жетіспей жатқан жері болса соған жұмсалады.

Тойға келген қонақтар тарағаннан кейін күйеуге ең жақын туыстары тойдан кейін қалып, қыз жаққа жіберетін киттерді дайындап және ағайындар арасынан күйеуге еретін құдаларды сайлайды, дайындалған киттердің барлығы ол кімге арналуына байланысты, аты жазылып, қойылады. Қыздың үй ішіне және барлық туыстарына ерекше киттер береді, сонымен қоса белгілі мөлшерде орамалға ақша орап салынады.

Одан кейін күйеу жөнелту рәсімі басталады, ол үшін күйеуді ең бірінші жеңгелердің бірі киіндіреді. Күйеу жігітке костюм кигізіп, сонымен күйеу бала

тойдың басынан аяғына дейін келінді үйіне алып келгенше барлық рәсімдерде иығына плащ жауып, басына қалпақ киіп жүруге міндетті.

Күйеу барғанда балдыздарына (құдашаларға) берілетін бұйымдар (орамал, сақина, әртүрлі әшекей бұйымдар) дайындалып, осы бұйымдар күйеудің қасына жеңге болып еретін жас келіндердің біріне табыс етіледі. Құдалар келгенде қыздың үйіне тіке барады, ал күйеу жігіт қасындағы достармен кешке дейін сыртта серуендейді немесе достарының бірінің үйіне барып дем алып отырады. Қыздың тумаластары құдаларды құрметтейді, ал олар болса өздерінің міндеті киттері, әсіресе мал бауыздар, ошақ қазар, еңтікпе киттерін үлестіреді. Күн батқанда қыздың жеңгелері күйеуді ертіп әкелуге барады. Күйеуді бірінші кездестірген жеңгелердің арасындағы ең үлкені бірінші барып күйеу мен қол алысып амандасады. Сосын үй иесінің рұқсатын күтіп, рұқсат етілген соң плащының жиегін төмен түсіріп, келбеті көзге түспейтін жағдайда бұрышына үйдің бір бөлмесіндегі әсемделіп, түрлі нақышпен безендірілген, шымылдықпен бөлініп қойған бөлменің оң жағына орналасады. Күйеу бала шымылдықтың арғы жағында түрегеліп тұрады. Күйеу отырғанда да тізерлеп отырады және қыздың барлық үлкен туыстарына амандасу үшін бой ұсынып орнынан тұратын болады, әр түрегелгенде рұқсат пен орнына отырады. Иран қазақтары арасында той өткізгенде осындай ерекшеліктер бар.

Сөйтіп қыздың ағайындары, оның достары қыздың үйіне шақырылып ойын мерекесін өткізеді, қыздың үйіндегі кешкі тойды «ойын» деп атайды. Бұл ойын-сауық мерекеде бұрын жыршылар жырлап, домбыра тартып ән салады. Онда қыздың да жігіттің да ағайын-туыстары, дос жарандары орындаушы жыршыларға ақшалай «орамал» кәде беріп жатады. «Ойын» кештерінің көркі қазақтың қара домбыра мен қазақ жырлары еді. Иран қазақтары арасында Темірбай, Емберген, Қайырбай, Жаңбыр тағы басқалары мерекенің қызу өтуіне мұрындық болатын. Бірақ, қазіргі заманда бұрынғы үрдіс бұзылып, «ойын» кештері жергілікті жердің парсы тіліндегі әуендермен, жеңіл билерімен өтіп жатады. Бұл қазақ тілінің әлсірей түскенінің бір белігісі. Бұл кемшіліктің түп-тамырын ол жерден емес, олардың еліктеп тұрғаны үлкен шаңырақтың қазақ тіліне немқұрайды қарайтынынан іздеу керек сияқты.

Келесі күні қыздың үйінде барлық туыстары, жек жаттары, достары жиналып қыз ұзату тойына қатысады. Осы тойда «Той бастар» әнін айтатын кісі өз әнінде адам өмірі, балалық шақ, баланың өсіп, есейіп осы күнге жету кезіндегі ата-ананың еңбегі, қыздың өз жанұясынан ажырау, жат-жұрттық болу, өмір жолында болатын қиындықтар және ол қиындықтардан мойымау, күресу насихатталады.

Тойбастар

Жиналып халық құралсын,
Сөйле деп бізге ұйғарсын,
Бұл тойдың көркін айтайын,
Той болады дегеннен
Халыққа хабар таратқан,

Ат жүгенін тартқан,
Әшекейленіп, жасалып,
Отау да тігіп ақ жапқан,
Байрақты тігіп ат шапқан,
Жыршысы болса жырлатып,
Ал аман басын құбылтып,
Жақсыларға тыңдатқан,
Тартысы болса тартысып,
Айтысы болса айтысып,
Бола тәуір боладың
Қыз-жігітке тыңдатқан,
Жиналған топтың құралын
Жыршыдан өнер сұрадың.

Сұрағандарың сөз болса,
Қалағандарың біз болсақ,
Қандырайын көптің құрамын,
Шын-шабытым келгенде
Ағыным тасты аударған
Мен қайнап түсейін бұлағым.
Той адамның қазынасы,
Жұптанып неке қиылған,
Ақ бұйырығы деген бар.
Құлақ қойсаңдар келіске
Адам ата жұптанып,
Науа анадай алғанда
Некесін қиған періште.

Айтамын хабар қиырдан,
Ешкімнен қорқып қойылмаң
Рәсулі пайғамбар
Хадишаны алғанда
Ақ некесін қисын деп
Жебрәилге Аллах бұйырған.
Сол себептен неке қиылған,
Қыз-бала сізге айтайын
Жұрт жинап тозық той еткен,
Атымтай жомарт салған жол,
Бақыт пен дәулет қонған жол.
Арғымақ аттай сән берген,
Сөйлесе сөзге тән берген.
Өтейін деп те отырсың,
Балдырлы балқаш көлдерден,
Абайласаң айыбы жоқ,
Дүниенің күлдір ісінде,

Ренжі мен бақытсыз
Мақтама анаудан ісінді.
Риза бол анаңа миқнат етіп сақтаған.

Тоғыз ай, он күн ішінде
Дүниеге сені шығарды,
Перзенті болды қуанды,
Періште көңіл пәктікпен,
Ақ сүтін сорып жұбандың,
Талай да бөлдің ұйқысын,
Бесікте жылап мазалап,
Мәпелеп сені өсірді,
Тәрбиелеп тазалап
Және де көңілі шат болды,
Көтеріп алып сүйгеннен,
Апыл да тапыл алдыңнан
Аяқты басып жүргеннен
Шақырып еді қой балам деп.
Сүйтпе жанып деп
Жылы да шырай көңіліңнің.

Бұл күндерің болғанда,
Дүниеме қызық деп
Күйеуіңді күтте құрмет деп
Құрметтеу дегенде,
Менбет деп,
Саламат есең сау күннен,
Анаңда өсіріп
Жұбыңа жеткізді
Сені мұратқа,
Жылай көрме жарқыным,
Кеттім-ғой деп жылатқан
Бақыт та берсе басыңа
Ел-жұртың болса қасыңда
Айналарсың айтуды.
Шалқыған шалқар бұлаққа,
Риза бол жарқыным
Жырымдай еді арқасы
Құрғұр қозғанда
Жауарлы бұлттай қаптаған
Ойқастап барып бір тоқтай
Қатты да кетсем қайырылмас
Мен басы қатты ақтабан.
Қатты да кетсем қайырылмас
Мен басы қатты ақтабан.

Той болған күннің кешінде қалыңдық әкесінің бір туысының үйінде «қыз қашар кеші өткізіледі. Бұл кештегі ойын-сауық біткен соң түн ортасы ауған соң ауыл әйелдері қалыңдықты өз құрбыларының ортасынан тартып алып, күйеу жатқан отауға әкеледі, екі жақ ортасында болған тартыстық нәтижесінде соңында әйелдер жеңіп, баратын жері жақын болса қызды бір жеңгесімен кілемге отырғызып алып кетеді:

Маңғыстау қазақтарын зерттеген Р.Карутцтің еңбегінде де тартыс туралы жазылған: «Киіз үйдің қожайыны өз әйелін қалыңдыққа жіберіп, оның өз үйіне келуін өтінеді. Қалыңдық келіспейді, содан ол өзіне көмекке басқа әйелдерді шақырып әкеліп, құрбыларынан қалыңдықты тартып алуды тырысады. Егер қалыңдық жағы көмекке еркектерді шақырса, онда күрес одан әрі қызып, жалғасады, бірақ соңында қалыңдық жақтың жеңілуімен аяқталады».

Сонымен ойын аяқталып, жұрт тарағаннан кейін «неке қию» рәсімі басталады. Некені мұсылманша молда кісі қияды. Ол үшін суға толтырылған бір ыдысқа қыз жағынан күміс тийын салынады, оның үстіне күйеу жақтан алынған бір шаршы ақ матамен жабылады. Сосын екі жақ әрқайсысы (қыз бен күйеу) сол жерде бар таза, адал адамдардан бір кісіні «куә» ретінде қабылдайды. Куә бір рет қызға, бір рет күйеуге барып олардан сол жерде бар адамдардан өздеріне «өкіл-ата» таңдауларын сұрайды. Молда неке дұғасын оқып, қыз бен жігіт ислам діні бойынша адал некеге отырып, отбасын құрады. Неке дұғасын оқып, болғаннан кейін ыдыстың ішіндегі күміс теңгелерді алады да суды сол жердегі адамдар арасында кішкентайдан үлестіреді. Молданың қиған некесінен кейін қыз-жігіт шарифат бойынша ерлі-зайыпты болып танылады. Маңғыстау қазақтарының арасында да неке қию рәсімі болған туралы Р. Карутцтің еңбегінде мәліметтер бар.

Бұдан соң қалыңдық әкесі жас жұбайларды ресми өз үйіне шақырып алып сый көрсетеді де екі жастың бақытты болуын тілеп батасын береді де қызын аттандыру қамына кіріседі. Қалыңдықтың жасауын дайындап қыз қашар күні өткізіледі, ол күні қыз үйде демалады, ағайын-тумалары арасындағы қызды қонаққа шақырып үлгермегендер қонақ асы беріп, ұзатылып жатқан қызды үйлеріне шақырады. Бұдан соң қалыңдық әкесі жас жұбайларды ресми өз үйіне шақырып алып кит көрсетеді де екі жақтың бақытты болуын тілеп батасын береді де қыздың аттандыру қамына кіріседі. Осы кезге дейін дайындалған қыздың жасауын жүк көлігіне тиіп, жолға шығуға дайындап қояды.

Қызды үйден шығарған кезде, ол жақын адамдармен «Сынсу» жырын айтып, құшақтасып қоштасады. Содан кейін қыздар мен жеңгелері арасында «орамал салуға» тартыс басталады, қыздың қасындағы жолдас қыздары орамал салуға қарсы болады, ал жеңгелері қызға орамал салуға тырысады. Ақыры жеңгелері жеңіп, қызға орамал салып оны үйден алып шығады. Үйден бірінші қыз шығарылады, шықпас бұрын жеңгелерінің бірі қыздың басынан кішірек нанды 3 рет айналдырады. Бұл істің мынандай мағынасы бар кететін қыз бұл үйден барлық жасау, бұйымдарын бір сөзбен айтқанда өз үлесін алып бара

жатыр, бірақ үйінің ырыс, несібесін өзімен бірге ол үйден алып кетпесін деген ой.

Қыз үйден шыққанан кейін қызға берілетін барлық жасауларды жігіттер бір жүк таситын машинаға тиеп, жолға салады. Қыздың жасаулары қыздан бұрын келіп жайластырады. Одан кейін күйеуді ерітіп әкелген құдаға атқарған еңбегі үшін, көмекші құдаға киттер табыс етіледі. Қыздан кейін құда мен күйеу, одан кейін қыздың анасы, апа-сіңлілері, жеңгелері, інілері үйден шығып, әр топ бір машинаға отырып, күйеу жаққа аттанады. Айырмашылығы: қызды айттырып қойғаннан кейін анасы, жақын ағайындары жігіттің үйіндегі тойға қатысады, бұған әкесі қатыспайды. Сол жақта бір-екі күн қонамыз, қонақасы береді, сосын күйеу бала әкеліп салады.

Ауыл шетіне кірер кезде күйеудің үйіне жақын жерде қыз қасына ерген қыздарымен және жеңгелерімен машинадан түседі. Ендігі кезде қызды жеңгелерімен қыздар ортаға алып олардың арасында тағы бір тартыс, «Жаулық тарту» тартысы басталады, себебі қыздың сіңлілері бас орамалын жаулықпен ауыстыруға кедергі жасауға тырысады. Бұл жолы да ұзақ тартыстан кейін жеңгелер жеңіп, қызға «бұрама» жаулық салады. Бұрама жаулық дегеніміз үлкен жаулық ұзындығы 12 метр, қалың ақ термелі матадан және әртүрлі қошқар мүйіз өрнектермен әшекейленген. Басқа дұрыс тұру үшін әуелі ішіне кішкентай төрт бұрышты ақ жаулық «ішкі жаулық» тартады. Бұрама жаулықтың ауырлығы мен үлкендігі қызға оның болашақ өмірде өзінің өмірлік жары алдында, ол жақтағы туыстары алдында ұлы жауапкершілігін көрсетеді. Бұрама жаулық тартылған соң қыздың жеңгелерінің бірі оның беліне ұзындығы 3-4 метр қызыл түрме белбеу байлайды. Бұның мәнісі жас келіннің болашақ өмірде кездесетін қиындықтарымен күресуге деген оның дайындығының көрсеткіші болып табылады. Үстіне әдемі ақ көйлек, басына бұрама жаулық тартылған, беліне түрме белбеу байлаған жас келін иығына ішігін жамылып тұрып ең соңғы рет қатар-құрбы қыздарға, өзінің сіңлілеріне, жеңгелеріне сыңсып, қасындағылармен қоштасады. Одан кейін келіннің бетін ақ түсті жібек матамен жауып, екі жағынан жеңгелері қолтығынан ұстап, күйеу баланың үйіне қарай бет алады.

Келіннің алдынан күйеу ауылының қыз-келіншектері шымылдық алып шығады, үйге жақындағанда күйеудің 4 жеңгесі жас келіннің алдынан шығып бәрін қарсы алады. Бұл 4 жеңгенің екеуі жас келіннің қолтығынан сүйейді, ал екеуі шымылдықтың басын ұстайды. Осы кезден бастап қыздың жеңгелерінің міндеттері бітеді де, енді жас келін сол елге, өз абысындарына түгелдей тапсырылады деп есептеледі. Үйге жақындағанда күйеудің өз жеңгесі яғни жас келіннің өз туған абысыны алдынан шығып келіннің бөліндегі түрме белбеуді шешіп өз беліне буып, жас келінді құшақтап амандасады. Бұл іс, оның болашақ өмірде жас келінге жәрдемші, көмекші болатынының көрсеткіші. Ауыл шетіне жақындағанда шымылдықпен қоршап, үлкендерге көрсетпей, отау алдына әкеледі. Отау алдына күйеу шешесі қарсы алып, шашу шашып үйге кіргізеді. Келінді күйеудің ағайын, жек-жаттары, үлкен қошаметпен жан-жақтан шашу шашып қарсы алып жатады. Шашу рәсімі екі түрде іске асырылады. Мұны

«пұл ұшырмақ» деп атайды. Тойға келген халыққа мал сойылып, тойдың асы тартылады. Тамақтан кейін «беташар» дәстүрі басталады. Мұның мақсаты жас келінді жаңа жұртымен таныстыру, келінге әр-түрлі ақыл-кеңес беру, үлкендерден көрімдік алу болған. Ирандағы қазақтардың арасынан жазып алынған Беташар:

Алла деп мен ашайын бетінді
Ашылды келін бетін түріліп
Түбі көрсем тұра алмай
Асаугерді оранып
Халқың отыр асығып
Кешіктің келін нағылып
Елендеп әрең сен шақтың
Көздің жасы бұршақтап
Менің айтқан бір сөзім
Ата-ененді ондап бақ
Бұл сөзімді тындасаң
Ол дүние де келін иман тап
Ана тұрған атасы
Атасы емес, кара бір жердің жотасы
Дариды оның батасы
Атасына бір сәлем.
Ана тұрған енесі
Енесі емес кара бір теңіздің кемесі
Келін келді дегенде
Көкке жетті төбесі
Енесіне бір сәлем
Ана тұрған қайнаға
Қайнаға шабар найзаға
Қайнағаға бір сәлем
Ана тұрған қайынысы
Қайынысы емес қай кісі
Атан түйе бай кісі
Ағам катын алды деп
Маған кезек қалды деп
Жылмандап тұр ғой байқұсы
Қайынысына бір сәлем
Ана тұрған бикеші
Бикешіне бір сәлем
Ана тұрған абысын
Абысын емес андысын
Абысынмен алыспа
Өзі тиіссе калыспа
Сакина жүзік салар деп
Жылмандап торғай құсын

Абысынына да бір сәлем.
Осы беташарды
Жаздырған Бәубек Назардың баласы
Оған да бір сәлем.

Беташардан кейін келіннің басындағы ақ жабылғаны жоғары көтеріп, бетін ашады. Бұдан кейін оның басындағы ауыр, үлкен жаулық «бұраманы» алып, оның орнына кішілеу, жеңілдеу, «іlmелі жаулық» тартады. Бетін ашқасын келін тойға жиналған жақын туыстарына шай құйады, қонақтар келіннің қолынан шай іштіктеп көрімдік береді. Сосын келіннің жеңгелері оның, «жасауын» ашып, жиналған қауымға көрсетеді. Некелеудің қандай түрі болмасын қалыңмалсыз, жасаусыз болмаған. Қалыңдық үшін міндетті түрде төленетін қалыңмал сияқты ұзатылған қызға міндетті түрде берілетін азды-көпті мал-мүлік, киім-кешек, ыдыс-аяқтың бәрін қазақ халқы «жасау» атаған. Қайсыбір уақытта жасау қалың малдан екі-үш есе артық болған. Жасауда бірнеше кілем, текемет, костюм, безендірілген көрпе-төсек, жастық, алтын-күміс білезік, алқа, сырға т.б. заттар болған.

Иран қазақтары арасындағы қыз жасауына апаратын дүние жихаздарының ерекшелігі, олардың қыздың, оның тумаластарының өздерінің еңбегінің арқасында кесте үлгілерімен, ою өрнектермен безендірілген заттар. Информанттардың айтуы бойынша, қыздың жасауына бәрі кіреді-жүк жинайтын шкаф, мақпалдан жасалған 4 жамылғы көрпелер, 4 төсек көрпе, бұрын қыздарға құс төсек, құс жастық, жастық ағаш беретін еді, жастықтың аузын оюлап, өрнектеп тігеді, кестелеп қызыл мақпалдың үстіне ақ жібек жіппен, 6 жастық-оның да бетін өнерлеп тігеді. Жастықтың шашағы болады, түймелер тігеді, арасында қоңырау болады. Жасауға бүкіл дүниені береді: 2 самаурын, 2 текемет, 2 кілем, бәрі қолдан тоқылған, 1 тақыр палас, 1 парсы кілемі, жайнамаз.

Сөйтіп, енді жаңа түскен келін ерте тұрып бірінші ата-енесіне, кейін қалғандарына сәлем етуі бүгіндегі қазақтардың қалыптасқан дәстүрлеріне айналған дәстүрлерін орындайды. Келіннің үлкендердің атын атамау, қайын-сіңлілеріне, қайныларына ат қою, отқа май құю, енесіне ене, атасына ата деп сыйластықпен атау күні бүгінге дейін сақталған.

Иранда тұратын қазақтардың арасында жастардың некелесуі ата ана, ру бақылауынан шыққан жоқ. Сонымен бірге қазақтың дәстүрлі некелесуі бұзылған жоқ, қазақтардың арасында «алып қашу» кездеспейді.

Бірақ, қазақ қауымы әу бастан жергілікті парсы, түрікмендермен жақын араласудан, құда-жекжат болудан бойын аулақ ұстады. Балаларын ата-жұртқа қайта оралатын күн туатынына сендіріп тәрбиеледі. Соның арқасында Иран қоғамында өзгеше көрініп, қазақ жұртынан екенін мойындатты. Бірақ соңғы он-он бес жылға дейін бізде той-томалақ тұтастай қазақша өтетін. Ондай тойларда парсыша, түрікменше бір де бір ән шырқалмаушы еді. Ән-жыр домбырамен ғана айтылатын. Қазір жағдай өзгеріп, түрлі тілде ән айтылады, жергілікті мәдениет әсері бірден байқалады. Бұрынғы тойларда қазақша ұлттық киім киетін, қазір келін әкелгенде болмаса, ол жағы да азайып бара жатыр.

Қазақ халқы бағзы заманнан бері ұрпақ қамын ойлап келген халық. Қазақ халқының жер бетінен ағылып өшіп кетпеуіне, халықтың ұрпақ тағдырын салт-дәстүр тағылымында іске асыруының маңызы зор болған. Сондықтан да халық арасында: «ұрпағымыз үзілмесін» деген қанатты сөз ұрпақтан ұрпаққа бата, тілеу белгісі ретінде кең қолданылып келген. Атам қазақ ұрпақ тағдырын үзбеуді әріден күні бұрын ойлап, барлық жағдайды жан-жақты ойластырып отырған. Ұрпақ өсіріп, халық санын көбейтіп күшті ел, ру, отбасы болуға жанұяның маңызы зор болған. Қазақ ұрпақтарының үй болып, үйленуі, салт-дәстүр шеңберінде үйлесіп жататын болған.

Қай жерде, қай мемлекетте тұрмасын қазақ халқы өз өмірінің жалғасы ретінде балалы болып, оны мәпелеп өсіріп ержеткізу өз алдарында тұрған басты мақсат болған.

Иранда тұратын қазақтар арасында көп балалы отбасылар жиі кездеседі. Бұл жағдай бұрынғы өздерінің ата-бабасы тұрған Маңғыстаудада жиі кездесіп тұрған, олардың арасында он-жиырма балалы әйелдер жиі кездеседі, бала саны қаншама көбейген сайын оларға деген ата-ана сүйіспеншілігі де арта түседі.

Баланы қорғау және тәрбиелеу мәселесі тіпті сәби дүниеге келместен, анасының жүкті кезінен басталатын. Екіқабат әйелге қазақ халқында ерекше көңіл бөлінген. Жалпы қазақ халқында қыздарға, әйел затына құрметпен қараған. Аяғы ауыр әйелдерді үй тірлігіндегі ауыр жұмыстарға араластырмаған, қараңғыда далаға, суға жалғыз жібермеген. Жас келіннің бойына бала бітісімен енесі оны өз қамқорлығына алып, оны пәле-жәледен, тіл-көзден сақтау шараларын істей береді, Оның ай-күні жеткен кезде ауыр жұмыс істетпеген. Әсіресе жас келіннің алғашқы босануына көп қамқорлық жасалатын.

Толғақ жиілесімен ауылдың тәжірибесі мол үлкен әйелдер жинала бастайды. Келінді босандырып алуға ауылдың ыспар, көпті көрген тәжірибелі әйелдері қатысады. Әйел босанған соң ішін байлап, ішіне дейін көрпе жауып жатқызады. Бала інгәләп жерге түсуімен сыртта күтіп отырған әкесіне, туыстарына бір бала жүгіріп барып сүйінші сұрайды.

Информанттардың айтуы бойынша баланың кіндігін кесетін адамды күні бұрын белгілеп қояды. Кіндік кескен адам баланың кіндік шешесі деп аталынады. Кіндігін кесіп, баланың кіндігіне су тигізбей, сабынды сумен шомылдырып, үстін құрғатып болған соң шүберекке орап қояды. Бұдан соң баланың кіндігі түскенше оны шомылдырмайды. Кіндігі түскен соң баланы қырқынан шыққаша етін шынықтыру үшін күнде тұзды сумен шомылдырып, ішіне күміс тиындар салып, аяқ-қолын әрлі-берлі созғылап отырады. Халық түсінігі бойынша тұзды сумен шомылдырған баланың денесіне әртүрлі жара, қотыр түспейді.

Баланың кіндігі түсіп, кіндік жарасы жазылысымен, бір жетідей уақыт өткен соң оны бесікке салады. Ирандағы ағайындар бұл ырымды өткізу үшін жақын үш қаладағы ағайындарына хабарлап ағайын тума, үлкен әйелдері шақырылып «бесікке салу» ырымын жасайды.

Бесікке салу көп балалы, сыйлы үлкен әйелге тапсырылады. Ол үшін ауыл әйелдері жиналып, ет асылып шай қайнатылады. Бесікке салатын әйел

бесіктің жабдықтарын ретімен салған соң баланың құметіне әкелінген құрт, баурсақ, қант, кәмпит, күміс ақшаны, уыстап алып бесіктің түбек байланатын тесігінен «тыштыма-тыштыма» деп төмен өткізеді. Қолын ұстап отырған адам «тышты-тышты деп алып отырған бала шаға, әйелдерге үлестіріп береді. Бала көтермей жүрген әйелдер, әлі бала таппаған жас келіншектер шын сеніммен шашудан татады. Одан соң бесікті отпен аластап барып нәрестені бесікке бөлейді.

Бала бөлеген бесіктің үстіне Маңғыстауда жеті нәрсе жабады, Иранда тұратын қазақтар да жеті киім жабады. Бесікке салатын әйел бесіктің үстіне атша мініп алып, қолына қамшы алып шауып келе жатқан адамды бейнелейді.

Жаңа туған баланы қырық күнге дейін тіл көзден сақтау үшін сырт көзге көрсетпеуге тиіс. Сосын баланы қырық күн толғанда барып қырқынан шығарады. Қырқынан шығарар кезде баланың үстіндегі «ит көйлегін» шешіп, оған түрлі дәм түйіп иттің мойнына байлап жібереді. Баланың туғанына қырық күн толысымен оны қырқынан шығару ырымын жасайды.

Осы ырымға байланысты Ә.Төлеубаев қазақта «ит жанды» деген сөз бар, бұл біріншіден ит сияқты төзімді болсын, екіншіден балаға келген бәленің бәрі осы көйлек арқылы итке берілсін деген астарлы ұғыммен байланыстырылады.

Бала тұрып аяғын апыл-тапыл басып жүре бастаған кезде «тұсау кесу» рәсімі жасалынады. Бұл ғұрыптың мәні бала тез аяқтанып, сүріншек болмай жүріп кетсін деген деген ырыммен байланысты. Сондықтан да Иран қазақтары баланың тұсауын кесуді өздері жақсы танитын аяғы жеңіл, шапшаң адамдарға сеніп тапсырған.

Баланың жас нәресте кезінен бастап ат жалын тартып мінер азамат болғанға дейінгі жасалынатын жөн-жоралғылардың ішінде өзіндік ерекше салттың бірі-сүндет тойы. Себебі бұл баланың еркек екендігін мойындатып, баланың психологиясына өзгеріс әкелетін сәбиліктен балалық шаққа өтетін бір белес. Сондықтан да баланың ата аналары бұған үлкен мән беріп қолы жетер жердегі жақындарына шақырып үлкен той жасаған. Мұсылман ғұрпында сүндетке әдетте үш-жеті жас аралығында отырғызатын. Информанттардың айтуы бойынша бұрын баланы сүндетке отырғызған жергілікті молдалар болған. Ал енді соңғы жылдары жергілікті қазақтар балаларын дәрігерлерге апарып сонда сүндетке отырғызады. Соңғы жылдары Иран мемлекетінің жалпы медицина саласы өте жоғары деңгейге көтерілді, сондықтан сүндеттелген бала тез жазылып, бір екі сағаттың ішінде жүгіріп кетеді дейді Ираннан келген қазақтар.

Балаға ат қою да қазақтағы маңызды салт-дәстүр. Сәбиге, балаға қай уақытта болса да ат қоя береді. Оны ислам діні бойынша, баланың атын азан шақырып қояды. Иранда ислам дінінің әсеріне байланысты толып жатқан аттар қойылатын. Мәселен; әйел аттары: Фатима, Зылиха, Хадиша, Әсима т.б. ерлер аттары: Мұхамбет, Оспан, Омар, Иса, Әбубәкір, Жүсіп т.б. Мұсылман аттарын көбінесе құранға қарап молдалар қоятын да, баланың құлағына азан шақырып жариялайтын.

Ирандағы қазақтардың аты-жөндеріне дейін өзгерістерге ұшыраған. Олар балаларының аттарын Ислам елдеріне тән «Мұхаммет», «Ахмед», «Фазыл», «Абдолла» деп қоюға, фамилиясы етіп «Шадқам», «Пилтан», деп әкесінің кәсібін жазуға мәжбүр еткен. Сонымен бірге қазақтардың арасында «Қазақ», «Ескелді», «Жеменей», «Тобыш» деген фамилиялар көп кездеседі, оны Ираннан келген ағайын өзіміздің ата тегімізді ұмытпау үшін, балаларымыздың қай жерден, қай елден, қандай ұлттан екенін ұмытпай сақтау үшін істедік дейді.

Сонымен, Иран қазақтарының арасында да бүкіл қазақ халқына тән бала тууға және бала тәрбиесіне байланысты әдет ғұрып, салт жораларында дәстүрлі мәдениет элементтері әлі де жалғасын табуда.

Иран қазақтарының өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптар жалпы ислам ғұрпын сақтаушы басқа да халықтар дәстүрімен ұқсас, өзектес болып келеді, Мәйітті жерлеу, аза тұту, кейінгі еске түсіру сияқты дәстүрлер барлық дүние жүзі халықтарына тән құбылыс.

Науқас адам әлсіреп, өлім халіне жеткен кезде туған туыстары оның соңғы тілегін, өсиетін сұрап қалуға тырысады, жақын арада молда болса шақырады. Қайтқан адамды үйге бір бөлмеге оң жағына құбылаға қаратып қояды.

Қазақ дәстүрінде аза тұту ғұрпында орындалатын рәсімдердің бірі жоқтау. Бұл өңірде адам қайтыс болғанда тек әйелдер ғана дауыс шығарып жоқтау айтады. Халық жаназаға жиналып болғанша өлікті жөнелту қамы жасалып бітеді. Мәйітті жуып болған соң оны ақыретке (кебін) орайды, сосын мұсылман ғұрпы бойынша жаназасын шығарады.

Иранда шарифат заңы бойынша қайтыс болған адамды неғұрлым тез жерлеуді талап етеді. Мысалы, тәңертең қайтқан кісіні түсқайта, ал кешке қайтқан адамды келесі күні тәңертеңнен қалдырмай жерлейді. Алайда, XIX ғ. екінші жартысына қарай бұл мұсылмандық ғұрып Қазақстан мен Орта Азияның біраз халықтарында сақталмай мәйіт екі үш күн қонақ етілетін болды. Қазіргі Қазақстанда да қайтқан адамды екі үш күннен кейін жерлейді.

Ауыл адамдары бірінен соң бірі түгел келіп, өлген адамға иман тілеп, үй ішіне, туған туыстарына көңіл айтып жұбатқан болады. Ауыл әйелдері өлген кісінің әйеліне, қыздарына көрісіп жылайды.

Иран қазақтары арасында жылына дейін бейсенбі күні беріледі. Бейсенбі күні аруақ туған-туыстарының үйіне келеді деп ұққандықтан, аруақты еске түсіріп, иіс шығарады. Бұл күні жақын ағайындар қайтқан туыстарының үйіне барады, оларға ет асылып шәй беріледі, сөйтіп қайтқан адамды еске алады. Ал Қазақстанда болса бұл күні иіс шығарылып шелпек (7 нан) пісіріледі және жақын ағайындармен көршілерге таратылады.

Информанттардың айтуы бойынша: Адамды жерлегенде тізеге дейін тастан, төрт жағын қоршайды, басына кішкентай құлпытас (тастан әліде ағаштан) қояды, парсы әрпімен аты-жөні, руы жазылады. Үш қалада өзіміздің қазақтардың мешіті бар, қазақтардың өздерінің тұрғызған, мұнда бес уақыт намазын оқиды, жұма намаз үлкен мешітте оқытылады. Суннитер шииттердің мешітіне бармайды. Қазақтар мен түркмендердің жерлейтіні бір жерде, ол

жаққа парсыларды қоймайды. Бізде ол жақта үлкен діни қайраткерлер жоқ қой, сонда біздер бірталай жұмыстарымызды түрікмендермен араласып істейміз, түрікмен ахундары бірталай көмек көрсетеді. Мысалы: құран шығару, намаз оқу.

Әдет, шариғат заңы бойынша қайтыс болған адамды неғұрлым тез жерлеу Иран қазақтары арасында кеңінен тараған. Иранда тұратын қазақтар бір біріне жақын орналасқан, сол Горған, Бендер Түрімен қалаларының қасында қауымдар бар, сонда апарып жерлейді. Бұл қауымдарда қазақтар және арасында түрікмендерді де жерлейтін қауым.

Иранда қазақтарда қонақасы алыстан келген ағайындарға мал сояды. Үші, жетісі, қырқы, жүзі, жылы бәрі беріледі. Иран қазақтарының той, өлік жөнелту. т.б. жиындар барлық ағайынның бірлескен қимылымен істелінеді.

Сонымен Маңғыстау қазақтары арасында өзара туысқандық қарым-қатынастар да берік болған. Өйткені туысқандық қатынас бір-біріне әр түрлі жағдайда көмек көрсету кезінде де нық байқалады: мәселен, қыз-ұзату, келін түсіру, енші беру сияқты қуаныш кезінде, немесе кісісі өлген үйге аза салу, оның жетісі, қырқы, жүзі, жылын беру ағайындардың көмегімен өткізіледі.

Иранда бүкіл қазақ халқына тән, жалпы мұсылман халықтарында кездесетін жерлеу ғұрыптары: намаз оқу, жаназа шығару, мұсылман ғұрпы бойынша мәйітті бір жағына сәл жантайта, бетін құбылаға қаратып жерлеу шарттарының бәрі сақталған.

Маңғыстауда әдет-ғұрыптың, салт-сананың патриархалдық-рулық түрлері басқа жерлерден үстемірек болды. Сонымен еліміздің батыс өңіріндегі қазақтарда әдет-ғұрыптың, салт-дәстүрлердің көне белгілерінің көбірек сақталғандығымен ерекшеленетінін байқаймыз.

Қазақ халқының ажырамас бір бөлшегі болып табылатын Ирандағы этникалық топтың тұрмыс тіршілігінде өз ортасы тудырған өзіндік ерекшеліктері болғанымен негізгі топтан алшақтай қоймаған Иран елінен келіп жатқан қазақтар өз бойына мұсылмандық сенім-тағылымын сіңіріп келді. Сондығынан болар, бұл топтың пенделік немесе адами тұрғыдағы ары да, дені да таза болып келеді. Мұсылмандық дәстүрлердің кейбір элементтерін сақтаған.

Дін адамдардың бірлігін және ұйымшылдығын қалыптастыратын идеологиялық механизм. Соның ішінде мұсылман діні әлемдік діндердің ішіндегі қуаттысы болып саналады. Ислам діні мұсылман қоғамының барлық салаларында орын тапты, ол экономикалық қатынастар сипатын анықтайды, саяси әкімшілік бағыт пен мұсылмандардың әлеуметтік құрылымын, мәдениеті мен тұрмыстың қатынастарын белгілейді.

Маңғыстаудан қоныстанған қазақтар ислам дінінің сунниттік түрін қабылдаған. Бұрыннан көшіп-қонып жүрген туған өлкесінде көшпелі қазақтар арасында ислам діні отырықшы қалалар мен егіншілік аудандардағылардай терең тамыр алмады, мешіт, медреселер аз болды.

Қазақтардың қоныстанған Иран мемлекетінің жергілікті халқы ислам дінін ұстағанымен, олар ислам дінінің шииттік тармағына жатады. Бұрынғы

уақытта исламның екі тобына бөлінген-шииттер мен суниттер арасында бір-біріне қастығы болды, бұл түрікмендердің парсы қыстақтарына үнемі қарулы шабуылдары мен иран басшылығының жазалау шараларын қолдануына себеп болды. Бірақ, қазіргі уақытта қарама-қайшылықтар басылып, қан төгіс шабуылдары тоқтады, және де иран авторлары айтуы бойынша, суниттер мен шииттер арасындағы күрес тек аталмыш бағыттарға адам санын арттырумен ғана шектеледі. Бірақ өздері шиит мұсылмандар болғанымен суннит бауырларымызға да, басқа дін өкілдеріне де жан-жақты қолдау көрсетеді.

Қазақтар ислам дініндегі суннизм, соның ішіндегі Әбу Ханиф мазһабан (жол) ұстанушылар екен. Бұл суннизмдегі басқа ағымдарға қарағанда неғұрлым төзімді, қанағатшыл, жергілікті әдет-ғұрып, салт сана заңдарымен санасатын ағым. Қазақ даласы геосаяси тұрғыдан шығысқа, тарихи, мәдени- рухани жағынан мұсылманшылыққа жақын.

Иран жеріне қоныстанған қазақтар осындай дінге берік, имандылығы, мұсылманшылығы жоғары деңгейдегі мемлекетке орналасты. Бастапқы жылдары қоныстанған жеріне біршама тұрақты, табан тіреген соң тұрмыс-тіршіліктері оңай болмай тұрса да қариялардың көкейінде мұсылмандық парыз ұмыт қалған жоқ. Сонымен бірге қоныстанған Иран Ислам мемлекеті де мұсылман дінін берік ұстайтын мемлекет болды. Олар әуелбастан намаз оқып, ораза ұстап әртүрлі ислам дініне тиісті міндеттерді барынша орындап жүрді. Сондай табандылықтың арқасында Бендершах, қазіргі Бендер- Түрікмен қаласының оңтүстігінде қазақ махалласында марқұм Самарқанд Ахунд Бәлидің басшылығымен, басқалардың қолдап қуаттауымен қазақтар бірінші рет мешіт салды. Бұл қазақтар салған Сүнни Хәнәфи Мәзләбини мешіті болады. Мешіт аты тұңғыш бас имам Самарқанд Ахундтың есімімен аталды. Бұл мешіт ғимараты әлі күнге дейін мұсылман қауымға қызмет көрсейтп келеді. Кейінгі жылдар Бендер-Түрікмен, Горган, Гомбед-Кабус сияқты үш қаладағы 6 қазақ ауылында бір-екіден мұсылман суннилерге арналған мешіттер бой көтерді. Үлкендер жағы мешіт салуға қатты көңіл бөледі. Өйткені, мешіт имандылықпен қатар ата-бабаларымыздың дінін сақтауда үлкен рөл атқаратын ұдайы ескеріп жүретін. Горган қаласындағы мешітке «Әбуханифа» аты берілді.

Бендер-Түрікмен қаласында Амангелді ахунның мешітінде белгілі ғалым, ағартушы, халық емшісі Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы имам болды. Ол қызыл империяның нәубетінен бас сауғалап, 1930-33 ж. аштық, асыра сілтеу кезінде бала-шағасымен Маңғыстаудан көшкен ауылдармен бірге Түрікменстан арқылы Иранға өтеді. Иранда екі жылға жетер-жетпес мерзім өмір сүрген. Осы жерде Оразмағанбет Иран үкіметіне хат жазып, өздері тұрған мекенде мұнай барлығын, егер Германиядан құрал-жабдық әкеліп берсе, игеруге болатынын білдіреді. Иран үкіметі бұған құлақ асып, ғалымға құрмет көрсете бастайды. Оның хаты арқылы көшіп барған қазақтың әр үйіне 5 гектардың жер, 1 өгізден көмек беріледі. Осы аз ғана мерзім ішінде де Оразмағанбет өзінің жан-жақты білімді, салауатты азамат екенін таныта білгенін қазіргі кездері Ираннан өздерінің тарихи Отаны-Маңғыстауға оралып жатқан қандастарымыз әңгімелейді. Оразмағанбет Иран жерінде-ақ көзге түсіп,

мешіт имамына тағайындалыпты. Оразмағамбет дәрігерлік, емшілік қызметпен де айналысқан.

Иран жеріне барғаннан кейін де, босып барған қандастардың қалың парсы ішінде жоқ болып кетуінен сақталып, тілінен, салтынан айрылып қалмауына жұмыстанады. Иран патшасына арнайы хат жазып, босқындардың шама келсе бір жерге орналасуына, көшпелі халықтың өзіне бейтаныс егіншілікпен, саудамен айналасуына үкіметтің көмегі керектігін айтады. Онысы белгілі бір дәрежеде қолдау табады да.

Атақты ақын Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы уақытында халық қамын ойлаған, жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеген прогресшіл, діни, ғылым және қоғам қайраткері болған. Ол Хожанефесте, Бендершахта білімді оқытушылар даярлайтын мектепте парсыша сабақ береді.

Міне, осылай елі үшін аянбай қызмет жасаған белгілі ғалымды, қайраткерді құрығы ұзын кеңес үкіметі 1937 ж. қолға түсіріп, 1938 ж. ату жазасына кеседі. Біраз жылдардан кейін 1963 ж. Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы ақталған еді.

Иран құдай жолын қалаған Ислам елі болғандықтан мұнда мешіттер, діни ескерткіштер көп. Бір қаланың өзінде бірнеше мешіт бар, ол қақ ортасынан кісі бойы көрінбейтіндей етіп матамен бөлінген. Еркектер бір жағында, әйелдер келесі жағында намазға тұрады. Бұл дәстүр барлық жерде де өте қатаң сақталған. Иранда шарифат бойынша еркек пен әйел көп араласып жүрмеуі керек деген қағиданы қатаң ұстанады. Сондықтан барлық мешіттердің іші дәл осындай екіге бөлінген.

Иран қазақтары дінге берік, жыл сайын отыз күн ораны қаза жібермейді, жұма сайын мешітке барып, бес уақыт намазын оқиды. Сол мешіттерде кілем үстінен жеке-жеке намаз оқитын қазақтарға текемет жайнамаздар төселген. Иран қазақтары сунниттер, шииттердің мешітіне барып намаз оқу олардың арасында кездеспейді. Иранда қазақтар тұратын үш қалада үлкен діни жағынан қайраткерлер жоқ, сондықтан қазақтардың діни жағынан дәстүрлеріне көршілес түрікмен ахундары бірталай көмек көрсетеді.

Иран қазақтары арасында дінге қатысты салт жақсы, таза сақталған. Отбасы мен жанұялық қатынастар саласында ислам күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Бұл бәрінен бұрын сүндетке отырғызуға, жерлеу ғұрыптары және үйлену дәстүріне қатысты.

Әдетте мұсылмандық үйлену дәстүрі-неке қию дәстүрі Иран қазақтары арасында жақсы сақталған. Адамдар бұл дәстүр 60-70 жыл бұрын Маңғыстаудан кеткендегіден еш өзгеріс жоқ дегенді айтады. Бұл жерде де некені мұсылманша молда кісі қияды. Молда неке дұғасын оқып, қыз бен жігіт ислам діні бойынша адал некеге отырып, отбасын құрады. Молданың қиған некесінен кейін қыз-жігіт шарифат бойынша ерлі-зайыпты болып танылады.

Иран, Ауғанстан, Түркия елдерінен келіп жатқан қазақтар өз бойына мұсылмандық сенім-тағылымын сіңіріп келді. Сондығынан болар, бұл топтың пенделік немесе адами тұрғыдағы ары да, дені де таза екен. Мұсылмандық дәстүрлердің кейбір элементтерін сақтаған.

Діннің жақсы сақталуымен қатар Иран қазақтары арасында құрбан айт, ораза айт жақсы сақталып қазіргі кезде де өткізіледі. Ауыз бекіту аяқталған кезде өтетін ораза айт неғұрлым жалпылама сипат алған. 30 күндік ораза аяқталған күннің ертеңінде таңсәріде мүмкіндігі барлар айт - намаз оқылатын мешітке барады.

Шииттік дінбасылар халықтың діни сезімін көтеру мақсатында мұсылмандардың 30 күндік рамазан айына байланысты ораза тұту рәсіміне үлкен көңіл бөледі. Ораза тұту сунниттермен салыстырғанда шииттерде қатаң сақталынады.

Сондай-ақ, айт күні ата-бабалардың бейіттері басына бару дәстүрі де сақталғаны байқалады (бұрында айт-намазда бейіт басында құран оқу дәстүрі болған). Ораза айтта әдетте негізінен көп адам жиналатын ірі мекендерде мал сойылады. Тұрғындардың бірі «ауыз ашар» ырымын жасау үшін қой бауыздайды. Қариялары бар үйлер оны өздерінше атап өтеді: жеті нан, бауырсақ пісіріліп, шай береді. Бұл күні, әдетте, молдалар, діни сенушілер, сондай-ақ, аға ұрпақ өкілдері, көршілері мен ағайын- туыстарының үйлеріне бас сұғып, «Айтыңыз қабыл (құтты) болсын!» деген құттықтау сөздер айтады. Көршілер арасында бірін-бірі құттықтау дағдыға айналған.

Иран қазақтары ораза айтты діни мереке қатарында ораза айының соңғы күні ораза айт намазынан кейін мерекелейді. Қазақ отбасылары айт күні айтушыларды шәй дастарқанымен қарсы алады. Бұл күні үйдің тазалығы, сән-сәулетіне көңіл бөлгенмен құрбан айт сияқты жан-жақты дайындық жасалмайды.

Информанттардың айтуы бойынша: Ораза айт, құрбан айтты қазақтардың бәрі өткізеді, ер адамдар мешітке барады, қазақтар арасында әйел адам мешітке бармайды. Ораза айтты үлкен айт қылып өткізеді, адамдар бәрі кәдімгідей дайындалады, үйін тазартады, киімін жуып, сыртын тазартып, екі айдан кейін құрбан айт келеді, онда бәрі айттайды. Мұсылмандық дәстүр бойынша ұстаған оразаларының құтты болсын деген тілекпен бір-біріне ізгі ниетін білдіріп жатады.

Отыз күн оразаны жарапазан айту, бірін-бірі ауыз ашуға шақыру, үлкенді-кішілі ер азаматтардың мешітке барып, тарауих намазына қатысу, ауыз ашар уақытында шелпек (май нан), құрма тағы басқа тағамдарды мешітке алып барып, оразашылардың аузын аштыру, пітір беру, әлеуметі төмен отбасыларына садақа, зекет беру ең маңызды рәсімдер болып орындалады.

Құрбан айт–ораза айттан кейін 70 күннен соң атап өтілетін мұсылмандардың басты құрбандық шалу мерекесі. Ол ораза айтқа ұқсас келеді (мешітте айт намаз оқылады, 7 шелпек пісіріледі, меймандар болады, бейіттердің басына барады және т.б.). Бірақ, бұл мерекеде міндетті түрде құрбандық мал сойылуы тиіс. Бауыздалған қойдың терісі немесе оның ақшалай құны мешітке өткізіледі. Бауыздалған малдың еті тұтастай тай қазанда пісіріліп, ол тегіс желінеді немесе тұрғындарға үлестірілуі тиіс.

Құрбан айт Ирандағы мұсылмандар үшін үлкен айт болып есептеледі. Сондықтан Иранда түрікмендер мен қазақтар тағы басқа сүннилерге

мемлекеттік жеңілдік беріп, ресми демалыстың бір күн болғандығына қарамастан үш күн демалыс береді.

Мұсылмандар осындай сенімнің желісінде Құрбан айтқа құлшына кіріседі. Айтқа бірнеше күн қалғанда үйлерін тазалап, ең әдемі бұйымдар, жабдықтармен әшекейлейді. Ұлысы да кішісі де барынша жаңа киім киіп, жаңарып шығуға тырысады. Жағдайы бар отбасылар «шектік» деп қой сойып, қуырдағына көрші-қоландарды шақырып, кешкісін ет асып ақсақалдарды арнайы шақырып батасын алады.

Ал, құрбан айтқа арналған мал бір қой немесе жеті кісіге бір ірі мал құрбан айт намаз оқылғаннан кейін сойылады. Иран қазақтары жалпы бай демей, кедей демей құрбандық шалады. Содан үш күн бойы есіктер ашық, дастарқанын жайып, қуырдақ пісірулі тұрады. Құдалар немесе үлкен ақсақалдар дем алып түстенетін болса оларға арнап ет асылады. Үш күннің бірінде дүние салған жақындарының зиратына барып, құран оқып, рухтарына бағыштауды да ұмыт қалдырмайды. Иран қазақтары жыл сайын құрбан, ораза айттарын өзіндік ерекшеліктерімен мерекелейді.

Қазақстанда 1990 жылдың орта тұсынан бастап, исламдық кейбір тұрмыстық қағидалар қайтадан қазақтардың өмірінде берік орныға бастады. Ораза айт пен құрбан айт кеңінен атап өтілетін болды; оразаны қартаң адамдар ғана емес, орта және кіші ұрпақ өкілдері де емін-еркін ұстай бастады.

Иран қазақтары мұхаррам және сапар айлар кезінде үлкен тойлар өткізбейді, себебі жергілікті халықтың ұғымы бойынша бұл кездер жұлдызы ауыр, сәтсіз айлар деп түсінеді. Мұхаррам айында (мұсылмандық ай күнтізбесі хиджра жаңа санауының алғашқы айы) әр үйдің қабырғасына Хусейннің қаза болуына байланысты үшбұрышты қара жалау ілінеді. Шииттер осы күндері он күндік ашура қаралы күндер рәсіміне көп көңіл бөледі. 680 ж. 10 қазанда Кербалдағы ұрыста имам Хусейн, оның ағасы Аббас және олардың 70 жақтастары қайтыс болған. Бұл күндері азаппен өлтірілген шииттерге діни берілгендіктерін көрсету үшін мақсатында бұрынғы кездері сенімділер өткір қарумен өз денелерін жарақаттайтын еді. Дегенмен, бүгінгі Ашура күндері бұрынғыдай мистикалық-зұлымдық сипат алмайды. Бүгінде ол театрландырылған қойылымға көбірек ұқсайды.

Мұхаррам айы кезінде қазақтар ирандықтардың салт-дәстүріне қатыспайды, бірақ өздерінің құрметін көрсетіп сол кездері мүмкіндіктері бар қазақтар үйінен садақасын беріп, жеті нан пісіреді.

Сапар айының 15-нен кейін адамдар сапарға шығады, оған дейін сапарға шықпайды. Осы аталған мұхаррам, сапар айларында қазақтар арасында үйлену, қыз ұзату тойлары өткізілмейді.

Жалпы шииттердің дәстүрлі әр күні Құранмен, шарифатпен белгіленген. Шарифат бойынша бір күнде бес уақыт намаз оқылады. Сунниттерден бір ерекшелігі намаз оқылатын сәжденің маңдай тиетін тұсына топырақтан жасалған немесе қыш тас қойылады және намаз алдындағы тазару рәсімі де суниттерден ерекшелінеді. Жұма күндері немесе діни мереке күндері халық мешітте жиналып намаз оқиды. Ирандағы мұсылмандар үшін демалыс

саналатын жұма күні сенушілер жұма намаз оқылатын мешітке барады. Намаз шақыру шииттерде екі рет айтылады.

Меккеге барып келген қажылардың зиялылар қатарына қоспау обал, ал молда-ишандар болса арнаулы оқу орындарын тәмамдаған. Оларды есептеген ешкім жоқ, алайда сәлделі ақсақалдар мен қажылыққа барып қайтқандар көп көрінеді. Олардың қажылары біздегідей тақуа емес, шаруаға да араласады, той - домалақта да еркін жүреді, саудасын да ұмытпайды. К. Кенжеқара, Зайыр, Өтеміс, Жаңбыр Алманияз, Ақмұрат Ырақбайұлы, Ырысбай, Ебжан, Шарғи Көрпе қажылар, олардың бәрі Меккеге барып қажы болғандар.

Сонымен бірге Иранда 2500 жылдан бері халықтық мереке ретінде тойланып келе жатырған Наурыз мерекесі ұлы мереке етіп қарсы алуға халық алдын ала мұқият дайындалады.

Иранда Наурыз бүкілхалықтық, ұлттық мереке есептелетіндіктен, Елбасы ирандықтарды радио арқылы Наурыз мерекесімен құттықтап, өткен жылы не тындырылған, Жаңа жылды қандай істер атқарылатынын хабардар етеді. Жоғары лауазымды мемлекет, дін басшылары жиналып Ел басшысын мерекемен құттықтауға барады.

Иранда наурыздың 1-нен 4- не дейін, одан соң 13-і күндері барлық мекемелер мен ұйымдарда, өндіріс орындарында демалыс күні деп жарияланады, ал мектептер мен басқа оқу орындарында оқушылар наурыздың 1-нен 13-не дейін каникулға жіберіледі. Исламға дейінгі және мұсылмандық салт-дәстүрлер мен мерекелер (той) қатарында ежелгі жаңа жыл мерекесі – көктемде күн мен түн теңелетін күні атап өтілетін Наурыз айрықша орын алады. Осы Ираннан бастау алған ежелгі мерекені Орта Азия, Қазақстан халықтары кеңінен атап өтетін болған.

Тарихшылардың айтуына қарағанда, ежелгі Иранда Наурыз мерекесі бір ай тойланатын. Қазіргі уақытта он үш күн мерекеленеді. Иран Ислам Республикасы наурыз мерекесін тойлауға ресми түрде шешім қабылдаған. Сондықтан, қазіргі уақытта Иран үкіметі Наурыз мерекесін ислам заңдарына сай тойлауды жөн көреді. Наурыз мейрамы ислам дінінен ғасырлар бұрын халықтық салт – дәстүрге айналған болса да Иран үкіметі оған ешқандай шек қойып отырған жоқ. Тек қана бұл мереке өз табиғатына тән елге тазалық, жаңалық, бақыт толы бастама болсын деген ниетте.

Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. «Наурыз мерекесін» Иран қазақтары асқан шаттық, жылы жүрек, шын ықыласпен қарсы алады. Үш күн бойы қазақтың үйлерінде дастархан жайылып тұрады. Арнайы қонақтар тамақтануға ниеттенбесе наурыздың үш күні мерекелеушілерді шәй және шәйға қоса тәттілер, жеміс-жидекпен қарсы алып, шығарып салады. Бірақ, арнайы келген ақсақалдар мен құда бұл көріністерді көріп қызыға тамашалайды. Әсіресе, шашпаулы (шолпы) бірнеше қыздар жек-жатқа арнап қазан көтеріп, ыстық тамақ дайындайды.

Наурыз мерекесі қарсаңында бір апта бұрын барлық үйлерде тазалық жұмысы жүргізіліп, үй іші түрлі ұлттық нақышпен әшекейленген бұйымдармен

әсемделіп, айт күні көз тартарлықтай жайнап тұрады. Барлық заттар жаңадан қойылып, әшекей бұйымдар көздің жауын алып, ойнап тұрады. Балалар, жас жігіттер, жаңа киімдер киіп, қуаныш сезіммен жүздерін нұрландырады. Осыдан 30-35 жыл бұрын қыз-келіншектер қазақи ұлттық киімдерін сәнге лайықтап киіп шығады. Үш күн қазақ ауылдары ертегілердей құлпырады. Жергілікті ел тұрғындары бірге адымдап басып келе жатқанда олардың кербез жүрістері, сыңғырлаған шолпының дыбысымен үндескен көріністер ғажап болады.

Иран елінде Наурыз мерекесі мемлекеттік деңгейде өтеді. Соған қарап, Ирандағы қазақ бауырларымыз олардың наурызынан «он үшінші күн» табиғат аясына шығуды үйреніп, кейінгі жылдары оны кәдімгідей тұрақты дәстүрге айналдырады. Наурыздың келуіне байлынысты әке-шешелерінің балаларына сыйлықтар ұсынуы міндетті. Балалар да әке-шешелеріне мерекелік сыйлықтар беруі тиіс. Балалар әке-шешелерінен басқа жақын тума- туысқандарынан да сыйлықтар күтеді.

Жаңа жылдың ертеңгі күні әркімнің ата-аналарының, тума-туысқандарының, таныс дос-жарандары мен көршілерінің үйіне кіріп құттықтауы дәстүрге айналған. Қонаққа бүкіл отбасымен балаларын ертіп бару міндетті. Жаңа жылда адамдар жаңаша киінеді. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер, бойжеткендер әдемі киінуге ерекше мән береді.

Жаңа жылда үй жиһаздары мен жабдықтары тысқа шығарылып шаң – тозаңнан тазаланады, терезелерге, балкондарға гүл шоқтары қойылады, адамдар бір-біріне жылы шыраймен қарап, ішкі қуанышын білдіргісі келеді.

Бұл күні Құдай жолын насихаттайтын діни қайраткерлердің есіктері барлық адамдарға ашық. Олардың үйлеріне біреулер кіріп жатса, екінші топ шығып жатады. Олар діни қайраткерлермен емін-еркін әңгімелеседі, шай ішеді, тәтті тағамдардан дәм тартады, сыйлықтар беріп, қоштасып тарасады.

Иранда «сиздах бе дар» деген күн бар. Қазақшалағанда ол «он үш саны күні үйімізден тыс жерде демаламыз» деген мағынаны береді. Иранда, керісінше, әр айдың 13-ші күні қаладағы үйлерін тастап, бала-шағаларын ертіп, отбасымен түгел қала сыртына – табиғаты көрікті жерге барып демалуы ерте заманнан бар әдет. Бұл күнге халық алдын-ала дайындалады, дәл 13-і күні таңертең ертелетіп азық-түлігін алып, таныстары немесе көршілерімен бірге жеңіл және жүк мәшинелерімен, автобустармен қала сыртына керуендер ағылады. Әркім өзіне ұнаған жерді таңдап, негізінен көгалды, жасыл желекті ағаш түбіне дастархан жайып жайғасады.

Жаңа жылдың алдында ескі жылдың соңғы аптасының ақырғы сәрсенбі күнін ирандықтар «Чаршәнбе Сури» деп атайды. Бұл күні кешкісін ортаға от жағылып, оның үстінен аттап, секіріп өту басталады.

Наурыз дастарқаны дайындалады. Оның үсітне қасиетті Құран кітабы, шаим, құрма, өрік, мейіз, жаңғақ, «С» әрпімен басталатын жеті түрлі тағам қойылады. Олар: Сомақ- жүзім ұнтағы, Сәбзе-бидайдың жас өркені, Сенжед-жиде, Серке-жүзім шырыны, Секке-темір теңге, Сир-сарымсақ, Сиб-алма. Бұл дастарқан «һафтасин» яғни, жеті «С» деп аталады.

Ирандықтар тарихи қазынаға бай әрі ол байлықты ұлттық игілікке жұмсайды. Сондықтан наурыз мерекесі оларға нұр үстіне нұр есебінде болады.

Этностың басты ерекшелік, қасиеттерінің бірі-тіл. Біріншіден, тілде этностық ерекшелігі толық, терең іске асатын күш қуатқа ие болса, этностың басқа нышан белгілері көбінесе тіл арқылы көрініс табады. Екіншіден, тіл халықтың бүгінгі жайын ғана емес, өткенін де өз бойына сіңіргені айқын. Үшіншіден-этностың барлық өзіндік белгілері арасында ең тұрақты; төртіншіден- тіл этностың дамуының құралы болатыны белгілі.

Алуан түрлі құбылыстардың әсерімен басқа этнолингвистикалық кеңістіктерде тұратын кез келген этностық этномәдени болмысының сақталуына, ұлт болып ұюына әсер ететін құбылыс «ұлттық тіл мен дін бірлігі болды» дейді Канададағы украин диспорасын зерттеуші ғалым А. Сыч.

Шетелдегі қазақтар өздері өмір сүріп, тіршілік етіп отырған басқа этнолингвистикалық ортаның мәдениетін құрметтеп, тілін үйренуі өз мәдениетімен үйлестіре білуі қоғамдық, экономикалық әлеуметтік-мәдени қажеттіліктен туындады. Сондықтан олар өздері өмір сүретін елдің, тілін меңгеруге, өзін қоршаған ортаға бейімделуге мәжбүр болды. Дамыған мемлекеттерде шашырай, кей аймақта шоғырлана орналасқан қандастарымыз негізінен ассимиляцияға тұрақты, олар көп мәдениеттердің тоғысқан ортасында ұлттық келбетін сақтап қалды.

Алыс шетелдердегі қазақ диаспорасына тілді арнайы оқытатын білім беру жүйелері болмаса да ана тілін ұмытпаған. Адамның жоғары деңгейге көтерілуіне, елінің бүгінгі мен ертеңін ойлайтын ұлтжанды болып қалыптасуына, ана тілін құрметтеуіне ата-анасының, үлкендердің отбасында беретін тәрбиесінің де маңызы зор. Бұл үрдістердің қалыптасуына отбасында дұрыс бағыт, дұрыс тәрбие беру шешуші рөл атқарды.

Иран қазақтарды этникалық құрамы жағынан кіші жүз қазақтарына кіреді. Қазіргі барған жеріне осы кіші жүз тайпалары орналасқан жерден ауып барғандар. Тілдік ерекшеліктері жағынан алғанда, көп құбылыстар қазақ тілінің батыс говорлар тобымен ортақтығы байқалады. Ал дені басқа тілдің әсері екендігі даусыз.

Шет жерде жүрген әр ирандық қазақ ата-бабамыздың тілін асыл мұра ретінде қадірлейді. Иран қазақтарының жергілікті тіл ерекшеліктері, біріншіден өздерінің жағрапиялық орнына байланысты. Иран қазақтары парсылармен, түрікмендермен тығыз қарым-қатынаста болған. Соның нәтижесінде, бұл өлке қазақтары біраз тілдік, этнографиялық ерекшеліктерге ие болған. Олардың тілдік ерекшеліктерінің пайда болуына әсер еткен бұл жердің қазақтарының тіліне басқа тілдің әсері тиюінің мына төмендегідей басты үш факторын айтуға болады. Иран қазақтарының 99 пайызы (%) батыс өлкесінен көшіп барған кіші жүз рулары болғандықтан, сол өлкемен байланысты, говорлық ерекшеліктер; екіншісі- жергілікті қазақтардың иран, түрікмен халықтарымен тікелей шектесіп отыруы нәтижесінде кірген сөздермен тілдік құбылыстар; үшіншісі- басқа тілдік сөздердің бұл говорға

тікелей емес, түрікмен, түрік тілдері арқылы өтуі. Иран қазақтарының тілінен жиналған мекен-халық ерекшеліктерді құрамы жағынан алғанда оның дені өзіміздің төл сөздерден болса, біразы көрші тілдерден енген кірме сөздер. Тарихи жағдайға байланысты басқа тілдер ортасында болуынан көптеген сөздердің сол тілдерден енгені айқын болып тұрады. Олар парсы, түрікмен және басқа тілдердің әсері.

Иранда тұратын қазақтар ата-бабамыздың тілі арқылы естігенді есте сақтап, қазақ тілін асыл мұра ретінде қадір тұтады. Иран қазақтарының жергілікті тіл ерекшеліктері, біріншіден, өздерінің қоныстанған жағрапиялық орнына байланысты. Негізінде Иран қазақтары үш қалада орналған: 80 үй-Горган қаласында, 120 үй-Бендер-Түркмен қаласында, ал Күнбет қаласында-60 үй. Сөйлеу тілінің ерекшеліктері шет елде тұратын қазақтардың кәсібіне тығыз байланысты. Иранда қазақтардың бәрі болмас да тең жартысы саудамен шұғылданады; 30% жүк тасымалдайтын орындарда; 10 % мемлекеттік мекемелерде қызмет ететін, жоғарғы білім алғандар, қалғандары әртүрлі кәсіппен шұғылданады. Ирандағы барлық қазақтардың ана тілі-қазақ тілі, орта мектепті парсы тілінде бітіреді. Ана тілімен қоса парсы тілін де жетік біледі. Иран елінде тұрып, сол жердің суын ішіп, жырын жырлағандықтан, сөйлеу тілімізде парсы сөздер көптеп кездеседі дейді Ираннан келген қазақтар.

Қазақ қайда жүрсе де ежелгі қазақ салтынан, қазақ тамырымен жалғасқан рухани өмірінен еш қол үзген емес. Ол елдерде (Иран) қазақтар саны аз. Арнайы қазақ мектептері жоқ, қазақ тілін тек ана тілі ретінде отбасындағы өзара қарым-қатынаста, тұрмыстық деңгейде ғана қолдану мүмкіндігі бар.

Иранда мемлекеттік ресми тіл парсы тілі. Парсы тілі үнді-еуропа тілдік семьясы иран тобының оңтүстік-батыс тармағына жатады. Парсы тілі бірнеше диалектегі бөлінеді, әдеби тілі Тегеран диалектісі негізінде жасалған. Сонымен бірге Иранда шет тілдерінің ішінде ең маңыздысы екі тіл-ағылшын, сондай-ық, араб тілі. Ағылшын тілі халықаралық қатынастар, экономикалық байланыстар және ғылыми ізденістерге қажет тіл ретінде орта және жоғарғы оқу орындарында ұқыптылық оқытылады. Араб тілі, ислам дінінің тілі болғандықтан, Ирандағы мұсылмандар үшін орыны ерекше. Сондықтан мешіт медреселер мен қатар мемлекеттік оқу орындарында араб тілі оқытылады. Араб тілі рухани, идеологиялық мәнге ие тіл ретінде саяси, психологиялық тәрбие құралы болып табылады.

Олардың бәрі де Иран Республикасының мемлекеттік тілі-парсы тілін жетік білумен бірге, жат жерде жүріп өз ана тілін сақтауға тырысқан, соның ішінде ежелгі Маңғыстаудың говоры, диалектісі үлкен және орта жастағылардың арасында зақсы сақталғаны байқалады. Бірақ жастардың тіліндегі лексикалық кірмелердің ішінде көлем жағынан молырақ ұшырайтыны-түрікмен, парсы тілдерінен ауысқан сөздер кездеседі. Кейбір кезде қазақ тілін білмейтін парсы тілінде сөйлеп тұрған қазақ балаларының тілін түсіну өте қиын.

Ондаған жыл бөтен саяси, әлеуметтік, тілдік-мәдени ортада өскен олардың қазақы дәстүрді, ана тілін мүмкіндігінше сақтаған ерлігін құрметтеп

ұрпаққа үлгі етуге болады. Қазақтар балаларын парсы тілінде оқытқанымен қазақы тәрбие үрдісін қатаң сақтаған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Еліміз тәуелсіздігін алып алыс жақын шет елдермен байланыс орнады. Сол кездегі экономикалық жағдайлардың қиындығына қарамастан туған жерге, атамекенге ораламын деген қандастарымызға есігімізді айқара аштық.

Тәуелсіздіктің, егемен болған елдіктің куәсі аумалы-төкпелі заманның сүрлеуімен елден жырақ кеткен бабаларымыздың ұрпақтарының туған жерге оралуы, бауырларымен қауышуы. Көкірек көзін топырақ баспаған, жүрегінде ұлтына, халқына, туған топыраққа деген патриоттық сезімі бар адам үшін бұдан өткен жетістік бола қоймас.

Ирандағы қазақ диаспорасы тарыдай шашылмай, елдігін, халықтық сипатын, тілін, дінін ділін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қалай сақтап отырғанына таңданасың. Әрі олардың қай-қайсысымен сөйлесе қалсаңыз да, өзіңнің туған бауырындай, өзінің туған топырағына, ыстық қанына, ел, жер, қазақ дегендегі суырып берердей болып тұрған отты жүректеріне сүйсінбеу мүмкін емес. Өйткені, өзінің елінде, жерінде жүре тұрып ұлттық қасиеттерден жұрдай, ар-намысы жоқ пенделер де аз емес.

Сондықтан, «кең болсаң, кем болмайсың» деген тумаластарымызды сыртқа теппей, бауырға тарту, оларға қолдан келген шапағатымызды тигізу, жылы сөз, жылы лебіз білдіру қай-қайсымыздың болмасын адамшылық парызымыз болмақ.

Қандай да болмасын ұлттың қасиетін, нағыз халықтығын айқындайтын белгісі сол ұлттың салт-сана, дәстүрі, әдет-ғұрпы, сенім-нанымы, ұлттық ерекшелігі болмақ. Қазақ халқының да ұлттық рухын анықтайтын осы ұғым. Өз тіршілігіне сай бүкіл өмірін салт-дәстүр шеңберінде үйлестірген қазақ халқы ұрпақ қамын ойлап, бала туғаннан өлгеніне дейін дәстүрлі даяшылық жасап келген. Әрбір жабдық, киім-кешек, ас-су тағам, дәстүрлі емдеушілік, тіршілік тауқыметі бәрі салт-дәстүрге сәйкес жүріледі. Барлығын халық сан ғасыр жан-жақты қарап, сынап, сұрыптап келген. Сол үшін де салт-дәстүр киелі дүние. Қазақ халқының алдында ұрпағын үзбей өркендету мақсаты тұр. Ұлттық салт-дәстүр, ұлттық сананы игерумен қазақ ұрпағы болмақ. Сол үшін бүгіндері қазақ елінің алдындағы міндеті қазақ баласын ұлттық сана, дәстүр тұрғысында тәрбиелеу болып табылмақ. Ол үшін ұрпағымызға ата дәстүрді жан-жақты ұғындыру, түсіндіру міндеті тұр. Бүкіл қазақ халқының бір пұшпағы болып табылатын ирандық қазақтарда қазақ халқының салт-дәстүрінің көптеген жақсы жақтары сақталып қалған. Мұның қазақ салт-дәстүрін қалыптастыруға мысқалдай болса да көмегі тиюі заңды дүние, сол үшін де Иран қазақтарының мәдениетін саралаудың өзіндік құны бар.

М.Әуезов айтқандай: «Әр бір халық басқа халықтан екі түрлі жағдайда ерекшеленеді: біріншісі қолөнер, екіншісі әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігі». Бұл шарттардың қоғам өмірімен, санасымен, психологиясымен тығыз байланысын

ескерсек, олар халықтың көзқарасының қалыптасуына, салт-санасының өсуіне тура әсерін тигізері сөзсіз.

Дүниежүзілік дамуда этникалық процесстер елеулі роль атқаруда. Қоғамдағы саяси, экономикалық, діни, рухани мәселелердің барлығы да қазір этникалық процесспен тығыз байланысты, сол тұрғыдан қарастырыла бастады. Бұл этникалық мәселелер мен қарама-қайшылықтар біздің мемлекетімізге де тән.

Әр бір халық өзінің дүниежүзілік деңгейде әлемдік өркениетке жету үшін рухани және заттық мәдениетін көтеріп жан жақты насихаттау керек.

Қазақтың салт дәстүр, әдет ғұрыптарына қайта оралудың рөлі туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз еңбегінде былай деп жазған: «Әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге-дәстүрлерге назар аудару керек. Оның халық өміріндегі рөлі еш даусыз. Мәдени дәстүрлер қашан да әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи мәдени тамырларына қайта оралу – бұл, әрине оң процесс.

Қай халық болсын өзінің рухани мәдени құндылықтарын көздің қарашығындай сақтай алмаса, сыртқы күштердің рухани мәдени жаулаушылығына қарсы тұра алмасы анық. Ондай халық өз мемлекеттілігін де сақтай алмайды. Қазақстан қазақтары мен Иран қазақтарын жер шалғайлығы бөлгенмен мәдениет, салт-дәстүр тұтастығы жалғастырып тұр.

Сондықтан, алыс шет мемлекеті Ираннан оралған қазақтар өз балаларына туған жерді құрметтеу, қадірлеу, дәстүрлерін ұмытпай өз бойына қазақылықты, қазақтың тілі мен дінін, қасиетті дінін, әдет-ғұрып, салт- дәстүрін сіңіріп өсірген.

Қазақ диаспорасы ұрпақтарының арманы—өздерінің атажұрты-қазақ жеріне жету, яғни Қазақстан атты өз мемлекетінің аясында топтасу үшін атамекенге қайта көшу болған.

Сонымен, Иран жеріндегі қазақтарды екі топқа бөлуге болады. Олардың біріншісі Иранға 1929-1933 жылдар аралығындағы «Қызыл табан, шұбырынды» кезінде Маңғыстаудан Түрікменстан аймағына өтіп, Иранның солтүстік аудандарында орналасқан қазақтар. Екінші тобы Ауғанстандағы әскери қимылдардың басталуымен босқын статусына ие болып Иранға өткен қазақтар. Ауғанстан қазақтары негізінен аласапыран жылдары Сыр бойынан, Өзбекстаннан, Бесқаладан ауып барғандар. Ираннан келген қазақтардың негізгі тобын сол Ауғанстаннан босқын ретінде көшіп Иранға орналасқан қазақтар құрайды, олар негізінде Қазақстанның оңтүстік облыстарында орналасып жатыр.

1991 ж. 16 желтоқсанда мемлекеттік тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі кезде Қазақстан Республикасын тәуелсіз мемлекет ретінде таныған мемлекеттердің бірі Иран Ислам Республикасы. 1992 жылдың қаңтар айының 29-да Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар келісіміне қол қойылса, 1993 жылдың қыркүйек-қазан айларында Қазақстан Республикасының елшілігі Иран елінің астанасы Тегеран қаласында ашылды. Мұның бәрі Президентіміз Нұрсұлтан

Әбішұлының Иран жеріне (29 қараша, 1992 жыл) бірінші ресми сапарының нәтижесі еді. Бұл сапардың тағы бір айтарлық жемісі Қазақстан Президенті мен сол кездегі Иран Ислам Республикасының Президенті Әли-Акбар Хошеми арасындағы Иран қазақтарының заңды түрде атамекеніне өз қалаулары бойынша көше алатын келісімі еді. Осы аталмыш келісімдердің нәтижесі – 1995 жылдың күзінде Иран қазақтарының алғашқы тобының қазақ жеріне аяқ басуы.

1991 жылы Қазақстан Республикасы тәелсіздігін жариялауы жалпы қазақ ұлты, соның ішінде Иран қазақтар тарихындағы аса қуанышты, нұрлы оқиға болды. Атажұртты аңсап, бар жан-тәнімен елге, туған жерге ынтыққан ирандық қандастарымыз ойланбай-ақ көш басын Қазақстанға бұрған. Туған жеріне деген сағыныш пен құрмет, болашаққа деген нық сенім оларды қазақ еліне қарай ойланбастай көшуіне әсер етті.

Қазақтар алыс шетелде жүрсе де Отанға қалай ораламыз деген ой өмір бойғы арманы болды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, қазақтардың сол арманы орындалды. Сол кезде Иранның Тегеран қаласында Қазақстанның елшілігі ашылып, сол арқылы атажұртқа көшеміз деген өтініштерін берді. Бәріміз екі жыл қуынғаннан кейін 1995 жылдың қазан айында Ақтауға көшіп келдік.

Жалпы қазақ диаспорасына тән қасиет ол кез-келген елдің әр-алуан экономикалық, мәдени және діни бағыттарына еш қиындықсыз үйренісіп кетуі. Бастапқы жылдары қазақтар Иран мемлекетінде қаншама әлеуметтік-экономикалық қиыншылықты көрседе, оларды жеңіп әрдайым тіршілік үшін күреске итермелейді. Соның арқасында осы елдің саны өте аз қазақ халқы өзінің этникалық бірегейлігін сақтап қалды. Бұл жағдай өркениеттегі көшпенділер арасындағы генетикалық байланыспен түсіндірілетін шығар. Көшпенді өмір, яғни, номадтық көшпенді, бұл табиғи климаттық факторлар және ішкі қарама-қайшылықпен түсіндіріледі. Жоғарғы деңгейдегі бейімдеушілік тірі дамудың міндетті себептерінің бірі болды. Көшпенділердің тұрмысындағы қатаң жағдай олардың бір жерден екінші жерге ауысуы, Алатаудан Сарыарқа жазығына дейін, одан ыстық Мойынқұм шөліне немесе Маңғышлаққа, сонымен қоса олардың бойларында қозғалмалық, әлеуметтік жұмыла кірісушілік, жаңа жағдайларда тез шешім қабылдағыштық, ал кейде тіпті тәуекелге бару сияқты қасиеттер пайда болады. Нақты осы қасиеттер көшпенділерге жаңа қоғамда икемделуіне сәттілік әкелді.

Өзінің туған топырағына зар болған шет елдік қандастарымыздың тарихи-әдеби, фольклорлық –этнографиялық рухани мұрасынан ұзақ жылдар бойы еш нәрсе білмей дағдардық. Енді тарихтың жылы шырайлы күні туды. Туған топырағынан қол үзген осы ағайындардың тұтасып, бірігіп, жинақталып, өздерін «қазақтар» дегізіп Қытай, Монғолия, Түркия, Иран, Ауғанстан бұларға қоса батыс Европаның біраз елдерінде жұтылып кетіп, бірақ қазақ екендігін ұмытпаған, тарихын, өнерін, мәдениетін қастерлейтін, тілін сақтаған қазақтардың өз тарихи Отанында атқаратын қызметтері көп.

Иран мемлекетіндегі табиғи экологиялық ортасына байланысты қалыптасқан шаруашылығында осы аумаққа тән ерекшеліктер, белгілер

білінеді. Иран қазақтарының дәстүрлі тұрмыстық мәдениетін зерттеуде мәдени-тұрмыстық кешен ерекшеліктері аталмыш территориямен байланысты екеніне көз жеткізуге болады.

Қазақ халқына тән заттық пен рухани мәдениетті зерттеуде өзіндік ерекшеліктермен қоса көрші түрікмен, парсы халықтардың да әсері кездеседі.

Осы тұрғыдан қарағанда, Иран қазақтарының өзіндік ерекшелік пен қазақы бет бейнесін сақтап, алдағы уақытта да қазақ халқының құрамдас бөлігі ретінде тәуелсіз, егеменді Қазақстан Республикасымен әрдәйым байланыста болып дамуына мүмкіндіктер бар.

Шетелдердегі қазақтардың репатриациясы Қазақстанда қазақ халқының санының көбеюіне, қазақ тілінің дамуына, мемлекеттің экономикалық емес, сонымен қатар тәрбиелік қарым-қатынасына да үлес қосуда, соның ішінде имандылық қасиеттердің кеңінен қалыптасуына өз әсерін тигізуд

ГЛОССАРИЙ – Түсіндірме сөздік

Адаптация- қазақтардың басқа елдерде тұрып сол ортаға бейімделу процессі

Автохтонды халық-жергілікті халық

Бейсаналық-тек қана жеке басқа байланысты санадан тыс құбылыстармен шектеліп қана қоймайды, сонымен қатар ежелгі дүниемен байланысы бар адамдар үшін ұжымдық психологиялық мағынасы бар қасиеттер

Диаспора- грек тілінен «рассеяние» («шашыраңқы орналасу») деген мағына береді. Өзгенің жеріне көшіп барып, тұрып жатқан, бірақ шыққан жерімен байланысы бар этникалық топ.

Дисперсия- бытырау, шашырау

Диаспорология-халықтардың өздерінің этникалық ортасынан тыс жерге күштеп немесе геноцид қаупінен қоныс аударған, шашыранды топтарын құрайтын диаспоралардың саяси-әлеуметтік ортасына байланысты тарихындағы, мәдениетіндегі, кәсібі мен салт-санасындағы өзгерістер мен ұлттық қасиеттерін сақтау мәселелерін зерттейтін ғылым

Ирредента-халық ежелден тұрып жатқан, бірақ жері әртүрлі тарихи жағдайларға байланысты басқа елдің құрамына өтіп кеткен жердегі өмір сүріп жатқан этникалық топ.

Менталитет- жеке адамның немесе әлеуметтік топтың әлемді белгілі бір кейіпте, қалыпта сезіну, түйсіну, іс-әрекеттер жасау мақсатында қордаланған дайындықтары мен ыңғайларының жүйесі

Репатриация-өзге елде, өзге ортада тұрып жатқан этностың (диаспораның, ирридентаның) өзінің тарихи этникалық отанына оралу процессі
Этникалық ассимиляция-бір этностың басқа этноспен сіңісіп кетуі

Этникалық кеңістік- белгілі бір этностың өз гендік қорын, мәдениеті мен салт санасын, тілі мен дәстүрін дамытуға, өркендетуге және ұдайы жаңғыртуға толық мүмкіндік алатын өзіндік әлеуметтік, табиғи және тарихи ортасы

Тест тапсырмаларының сұрақтары

1. Диаспора термині қандай мағына береді?

- A) Грек тілінен «рассеяние» («шашыраңқы орналасу») деген мағына береді. Өзгенің жеріне көшіп барып, тұрып жатқан, бірақ шыққан жерімен байланысы бар этникалық топ.
- B) Халық ежелден тұрып жатқан, бірақ жері әртүрлі тарихи жағдайларға байланысты басқа елдің құрамына өтіп кеткен жердегі өмір сүріп жатқан этникалық топ.
- C) Өзге елде, өзге ортада тұрып жатқан этностың (диаспораның, ирридентаның) өзінің тарихи этникалық отанына оралуы
- D) Бір этностың басқа этноспен сіңісіп кетуі
- E) Этностар арасындағы айырмашылықтар

2. Бірінші әлем қазақтарының құрылтайы қашан өтті?

- A) 1999 ж.
- B) 2003 ж.
- C) 2005 ж.
- D) 1992 ж.
- E) 1989 ж.

3. Қазақстан үшін қазақ диаспорасы ғылыми проблема ретінде қай жылдан бастап зерттеле бастады?

- A) 1982 ж
- B) 1986 ж
- C) 2000 ж
- D) 1991 ж
- E) 1998 ж

4. Маңғыстау қазақтары Иранға қай кездері қоныс аударған?

- A) 1960-1964 жж.
- B) 1952-1954 жж.
- C) 1929-1933 жж.
- D) 1923-1927 жж.
- E) 1911-1915 жж.

5. Иран елінің астанасы Тегеран қаласында Қазақстанның елшілігі қашан ашылды?

- A) 1993 ж.
- B) 1990 ж.
- C) 1997 ж.
- D) 2000 ж.
- E) 2003 ж.

6. Иран қазақтарының алғашқы тобының қазақ жеріне аяқ басуы?
- A) 2001 ж.
 - B) 1998 ж.
 - C) 1995 ж.
 - D) 1985 ж.
 - E) 1989 ж.
7. Маңғыстау облысына қазақтардың көпшілігі қай мемлекеттен көшіп келді?
- A) Моңғолия
 - B) Қытай
 - C) Түркменстан
 - D) Қырғызстан
 - E) Түркия
8. Иран Ислам Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар келісіміне қашан қол қойылды?
- A) 1992 ж. 29 қаңтар
 - B) 1991 ж. 5 маусым
 - C) 1993 ж. 16 ақпан
 - D) 1995 ж. 23 желтоқсан
 - E) 1997 ж. 19 мамыр
9. Екінші әлем қазақтарының құрылтайы қашан өтті?
- A) 1994 ж.
 - B) 2005 ж.
 - C) 1995 ж.
 - D) 1991 ж.
 - E) 2002 ж.
10. Ираннан келген алғашқы көш-керуеннің тобында қанша адам болды?
- A) 2 000
 - B) 850
 - C) 212
 - D) 1 200
 - E) 500
11. Ирандағы қазақтардың негізгі шоғырланған аймағы?
- A) Баян-Өлгей
 - B) Гүлістан
 - C) Қазахкент
 - D) Шыңжан
 - E) Салихли
12. «Иран қазақтары» атты еңбегінің авторы?
- A) И.Қабышұлы
 - B) Б.Қалшабаева
 - C) Г.Мендикулова

- D) И.Жеменей
- E) З.Қинаятұлы

13. Ирандағы қазақтарымен көршілес тұратын халықтар?

- A) Өзбек
- B) Қырғыз
- C) Түркмен
- D) Тәжік
- E) Ұйғыр

14. Иранда тұратын қазақтардың көпшілігі қай рудан?

- A) Керей
- B) Шеркеш
- C) Албан
- D) Адай
- E) Найман

15 Маңғыстау облысына қазақ диаспорасының көпшілігі қайдан келді?

- A) Иран
- B) Қарақалпақстан
- C) Ауғанстан
- D) Моңғолия
- E) Түркия

16. Иран қазақтары арасына барып, ғалым Т.Какишев соңында сол туралы бірнеше мақалалар қашан жазды?

- A) 1989 ж.
- B) 1998 ж.
- C) 2002 ж.
- D) 2006 ж.
- E) 1994 ж

17.1992 ж. 29 қаңтарда Иран Ислам Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы қандай құжатқа қол қойылды?

- A) Сауда-саттық қатынастар
- B) Мәдени қатынастар
- C) Шекараларды бекіту мәселесі
- D) Экономикалық қатынастар
- E) Дипломатиялық қатынастар

18. Иран мемлекетіне Н.Ә.Назарбаевтің бірінші ресми сапары қашан болды?

- A) 1992 ж. 29 қарашада
- B) 2001 ж. 15 ақпанда
- C) 2003 ж. 5 наурыз
- D) 1995 ж. 25 мамыр
- E) 1989 ж 12 желтоқсан

19. Гүлістан облысы қай мемлекетте орналасқан?

- A) Моңғолия
- B) Иран
- C) Түркия
- D) Қытай
- E) Өзбекстан

20. Ирандағы қазақтар туралы «Қазақтар қаңбақ емес, көше берер» атты мақаланың авторы кім?

- A) М.Тәтімов
- B) М.Жолдасбеков
- C) Ш.Күмісбайұлы
- D) Д.Ескекбаев
- E) И.Қабышұлы

21. «Сыбызғы сыңсып жылайды» атты еңбектің авторы кім?

- A) О.Көшбайұлы
- B) М.Жолдасбеков
- C) Ш.Күмісбайұлы
- D) Д.Ескекбаев
- E) И.Қабышұлы

22. Рухани тамырынан айырылған адам дегенеміз кім?

- A) Космополит
- B) Ұлтшыл
- C) Мәңгүрт
- D) Оралман
- E) Репатриант

23. 212 адам бар алғашқы көш-керуеннің тобы Маңғыстауға қай елден келді?

- A) Түркия
- B) Моңғолия
- C) Иран
- D) Қытай
- E) Өзбекстан

24. «Оралман» термині халықаралық деңгейде қалай аталады?

- A) «Дессидент»
- B) «Репатриант»
- C) «Космополит»
- D) «Ориенталист»
- E) «Рецепиент»

25. «Бұрама жаулық» қай қазақтардың арасында кеңінен кездеседі?

- A) Иран қазақтары
- B) Түркия қазақтары
- C) Германия қазақтары
- D) Ауғанстан қазақтары
- E) Аравия қазақтары

26. Иран қазақтары арасында болып, қай шетелдік ғалым ел аузынан «Беташар» мәтінін жазып алды?

- A) М.Олкотт
- B) М.Кияи
- C) С.Брук
- D) М.Кияи
- E) И.Сванберг

27. Қыз ұзату тойында қыздың жеңгелері оны киіндіріп, иығына «ішік» жабу қай елде тұратын қазақтардың арасында кездеседі?

- A) Моңғолия
- B) Иран
- C) Түркия
- D) Түркменстан
- E) Ресей

28. М.Кияи қай мемлекеттің қазақтарын зерттеді?

- A) Түркия
- B) Қытай
- C) Моңғолия
- D) Иран
- E) Өзбекстан

29. М.Кияи қай қазақтардың арасында болып «Беташар» мәтінін жазып алды?

- A) Моңғолия
- B) Иран
- C) Өзбекстан
- D) Қытай
- E) Түркия

30. Иранда орналасқан қалалар?

- A) Урумчи
- B) Баян-Өлгей
- C) Салихли
- D) Горган, Гомбед
- E) Улан-Батор

ПАЙДАЛАНЫЛҒЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2002
2. Назарбаев Н.Ә. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы: Атамұра, 1993
3. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997
4. Жеменей И. Иран қазақтарының құдандалық-үйлену тойы // Мәдениет, 2009, тамыз
5. Жолдасбеков М. Ел тағдыры - ер тағдыры. – Алматы, 1997
6. Жолдасбеков М. Қазақтар қаңбақ емес көше берер // Егемен Қазақстан
7. Кәкішев Т. Көш қонысты болсын десек // Қазақ әдебиет, 1995, 1 тамыз, № 15, 10
8. Өтебеков Б. Ауған, Иран қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. ф. ғ. к. дисс. – Алматы, 1998
9. Жеменей И. Иран қазақтары – Алматы, 2007
10. Логашова Б. Туркмены Ирана. М.: Наука, 1976, 11
11. Golestan. At a Glance. Iran, 2005
12. Фрай Р. Наследие Ирана. М., 1972
13. Көшбайұлы О. Сыбызғы сыңсып жылайды. Алматы, 2006
14. Карутц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. / Пер. с нем. Спб., 1910, 145
15. Кыдыралин Ү.С. Маңғыстау қазақтарының мәдениеті мен тұрмысы. Ақтау, 1995, 18
16. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии. – Алматы: Ғылым, 2002, 31
17. Мехди Санои Взаимоотношения Ирана и стран Центральной Азии. – Алматы, 1997, 144
18. Қазақ-иран мәдени байланыстарының өткені мен болашағы. – Алматы, 2001, 97
20. Мамай Т. Иран қазақтары // Жұлдыз, №8, 1998
21. Аталар аманатын арқалап келген азамат // Маңғыстау, 21 қыркүйек 2001
22. Эти поразительные иранцы. М., 1996, 159
23. Мехди Санои Взаимоотношения Ирана и стран Центральной Азии, Алматы, 1997
24. Ақкемемен елге оралғандар // Маңғыстау, 25 шілде 1996
25. Жеменей И. Қазақтар ирандық зерттеушілер еңбектерінде.
26. Сахимов Ә. «Алыстан аңсап келгенде.» // Маңғыстау, 9 маусым 2000
27. Қатешова «Ата жұртты аңсап келдік қой // Маңғыстау, 8 ақпан 1996
28. Озғанбаев Ә, «Ежелгі Иран жерінде» // 24 қараша, 1994
29. Мүқайұлы Ж. Иран қазақтарының дәстүрі жергілікті әлеуметтанушылар үшін қызықты тақырыпқа айналды // Айқын, 6 тамыз 2005
30. Науыршаева Г. «Төрле, бірге туғаным» // Қазақ елі № 21, 1998
31. Сейсенбаева А.Т. Ирано-тюркские взаимовлияния в традиционной вышивке Центральная Азия: диалог цивилизаций в XXI веке.

- 32.Жеменей И. Тарқаған шер // Қазақ елі № 7, 2002
- 33.Жеменей И. Иран // Парасат, № 4, 1995
- 34.Балқаев С. «Озық ойлы Оразмағамбет» А., 2005
- 35.Спанов Ә. Тағы да Оразмағамбет туралы. // Маңғыстау 1992 ж, № 206.
- 36.Иран мемлекеті бүгінде // Ислам әлемі, 2004
- 37.Жебесін Г. Ирандағы рамазан айы // Қазақ елі, 19 қазан, 2005
- 38.Жеменей И. Наурыз мерекесі Иран жерінде // Қазақ әдебиеті № 12, 1996
- 39.Омарова Е.С. Взаимосвязь иранской и казахской цивилизаций //Казахская цивилизация, № 2, 2003
- 40.Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Маңғыстау говорының материалы А., 1965
- 41.Филла Ю. Иран қазақтарының тілі // Шалқар № 44 , 1993
- 42.Іңірбайұлы Е. «Түркмен ауып, Иран барған» // Қазақ әдебиеті № 36, 1997
- 43.«Иран мен Тұран елдері ежелден тамырлас» // Қазақ елі, 16 қантар
- 44.Маңғыстау облысының көші-қон агенттігінің материалдары

Мазмұны

I. Кіріспе.....	3
II. Негізгі бөлім	
1.Маңғыстау қазақтарының Иранға қоныстануы	5
2.Иран қазақтарының заттай мәдениеті	29
3.Иран қазақтарының рухани мәдениеті	45
III. Қорытынды	67
IV. Глоссарий	70
V. Тест тапсырмаларының сұрақтары	71
VI . Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	76

Пішімі 60x84 1/12

Көлемі 79 бет 6,6

шартты баспа табағы

Таралымы 20 дана.

Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ

Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.

Ақтау қаласы, 32 ш/а.